


**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

**ТҮРКОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫҢ
ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ**



ТҮРКІСТАН 2019

ӘОЖ 811.512
КБЖ 81.2
Т 87

Баспаға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Сенаты (Хаттама №5 28.12.2018ж.) ұсынған

Редакциялық алқа мүшелері:

Абдрасилов Б.С. – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің президенті, б.ғ.д, профессор, алқа төрағасы
Женгиз Томар - I-Вице-президент, доктор, профессор
Беркимбаев К.М. – Вице президент, п.ғ.д., профессор
Пусат Пилтен - Вице-президент, доктор, доцент
Әбуов Ә.Е. - Вице-президент, филос.ғ. д.

Құрастырғандар:

Ж.Танауова, Б.Әбжет, А.Мұсабекова, Р.Есбалаева, М.Шайхыстамова, М.Молдашева,
Ж.Асхатұлы, Н.Заңділұлы.

Жауапты шығарушы:

Ф.ғ.к. С.Дағыстан, ф.ғ.к. Н.Мансұров

Рецензенттер:

ф.ғ.к., Ж.С. Рахыш, филос.ғ.д., профессор Д.Кенжетәев

Т87 Түркология институтындағы қолжазбалардың ғылыми сипаттамасы. 1-кітап.
– Түркістан, «Тұран» баспасы. 2019, - 227 бет.

ISBN 978 -601—339-024-6

Оқырман қауымға ұсынылған қолжазбалардың ғылыми сипаттамасы бірнеше
жинаққа топтастырылған. Бірінші жинақта ХХ ғасырдың алғашқы жартысында
қадымша жазумен жазылған ел аузынан жинақталған материалдар қамтылған.
Түркология ғылыми-зерттеу институтының қорында сақталған қолжазбалар туралы
ақпарат пен оларды жинаушылар, жанры, қолтаңбасы, жазылған жылы, жері т.б.
мәліметтер ұсынылған.

Жинақ көпшілікке, әдебиеттанушыларға, тарихшылар мен түркологтарға,
жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттар
мен докторанттарға, жалпы әдеби һәм тарихи мазмұндағы еңбектермен танысқысы
келетін оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 811.512
КБЖ 81.2

ISBN 978 -601—339-024-6

© Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
©Түркология ғылыми-зерттеу институты, 2019
© «Тұран» баспаханасы

АЛҒЫ СӨЗ

Түркология ғылыми-зерттеу институтының қолжазбалар қорында сақталған материалдардың сипаттамасын төрт кітапқа бөліп жинақтадық. Қолыңыздағы бірінші кітапта 334 бума қолжазба бар. Бұл материалдардың көпшілігі Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанынан құрылып, 1995-97 жылдары жұмыс істеген «Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институты» кезінде жинақталған. Сол кездері институт директоры болып қызмет атқарған ф.ғ.д., профессор М. Мырзахметұлының бастамасымен институт қызметкерлері аудандар мен ауыл-аймаққа арнайы фольклорлық экспедициялар ұйымдастыру және ел ішіндегі шежіре жинаумен айналысатын белсенді азаматтарды жұмысқа қабылдап, қаржылай қолдау көрсетудің нәтижесінде институт қорына біршама қолжазбалар жиналған болатын. Бұл материалдардың көпшілігі ХХ ғасырдың бірінші жартысында қадымша жазумен хатқа түсірілген дүниелер. «Үміттің өлімі», «Құлып» дастаны, «Алаңқай батыр» секілді ел аузынан жиналып, машинкаға басылған күйінде өткізілгендері, одан бөлек, өткен ғасырдың 40-50 жылдары латын әрпімен жазған қолжазбалар да бар.

Қолжазба жинаушылардың тапсырған материалдарына қарап отырып, жинақталған жәдігерлердің жағырапиялық аймағына шолу жасағанымызда көпшілігін негізінен, төрт аймаққа бөлуге болады. К. Керімбеков, С. Саттаров,

Қ. Ергөбеков, С. Табризов секілді шежіре жинаушылар Оңтүстік аймақта өмір сүрген ақын-жыраулар мен би-шешендердің, сопы-молдалардың, қожалардың шежіресі мен ауыз әдебиеті үлгілерін, қисса-дастандарды жинаған болса, профессор Қ. Саттаров бастаған экспедиция тобы Өзбекстан мен Қарақалпақстан аймағында жүріп жинаған материалдарын кейін институт қорына тапсырған. И. Әлиев, Ш. Керім секілді институт қызметкерлері көбіне Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы аңыз-әңгімелерді жинақтап өткізіп отырған. Одан бөлек Қызылорда облысының Қармақшы, Шиелі аудандарында өмір сүрген ақын-жыраулардың да шығармалары мен қисса, дастандарды жекелеген жинаушылардың әкеліп тапсыруымен орталыққа жинақталған материалдар бар. Институттың ғылыми қызметкерлері А. Қалиұлы, И. Нұрахметұлы өздері туып-өскен жерлеріне барып, Қытай қазақтарының ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бірнеше бума дүниелерді әкеп өткізген.

Түркістан орта ғасырлардан бері мәдениеті мен діни оқу орындары жақсы дамыған аймақ болғандықтан халықтың арасында ескі кітаптар мен қолжазбалар жиі ұшырасады. Көпшілігі, саяси науқан кезінде жерге көміп, сызды жерлерге тығып сақтағандықтан сапасы сын көтермейтіндей жағдайға жеткен. Институт қорына жинақталған материалдар арасында кезінде Орта Азия мен Қазан баспаханаларынан жарық көрген араб, парсы, шағатай, қазақ тіліндегі кітаптар да бар. Кезінде литографиялық тасбаспадан шыққан Қ.А. Ясауи хикметтері, М. Хазини, Физули, Ә. Науаидың кітаптары, сондай-ақ, қазақ шайырлары Шәді төре, Майлықожа секілді танымал ақындардың шығармалары да жинақталған. Ел арасында атадан балаға мұра болып сақталған көне Құран кітаптары, діни дастандар мен шариғат үкімдері жайлы жазылған құнды жәдігерлер, шежірелер, тұрмыс-салт пен салт-дәстүрге қатысты жазылған рухани мұралар әлі де кездеседі.

Жоғарыда сөз болған институт қорындағы қолжазбалар бойынша 2003-2007 жылдарда институт директоры қызметін атқарған ф.ғ.д., профессор Ш. Ыбыраев институт қорында жинақталған материалдарды жүйелеуді ұсынды. Ұзақ жылғы еңбектің нәтижесінде ғылыми-зерттеу жұмыстары аяқталып, бірнеше кітапты қамтитын қолжазбалардың ғылыми сипаттамасы жасалды. Институт қызметкерлері қолда бар жәдігерлерді зерттеу, маңызды еңбектерді жарыққа шығару бағытында біршама жұмыстар атқарып келеді. Қолда бар құнды жәдігерлерді бабында ұстау, рухани мұраларымызды ғылыми айналымға түсіру, насихаттау жұмыстарын жүргізе беру институттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

Ш. – Шығарманың шифры

ТҒЗИ–Түркология ғылыми-зерттеу институты

П. – қолжазбаның неше парақтан тұратыны

Б. – беті

Ж. – жолы

9x15; 18x8 – алғашқы цифрлар қолжазбаның ұзындығы мен көлденеңі, екінші цифрлар – шығарма жазуының ұзындығы мен көлденеңін білдіреді.

Ш. 1 (ТҒЗИ)

П. 16; Б. 32; Ж. 1851
19 x 15; 18 x 8;**Аталуы.** Кесік бастың өмірі.**Жинаушы.** Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны. 1940 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданындағы Бесарық ауылында дүниеге келген. Бүгінгі күні зейнеткер. Ол кісінің жинаған қолжазбаларының ішінде бұрын Түркістан төңірегіндегі өмір сүрген ақын-жыраулардың, халық таланттарының айтқан жыр, қисса, дастан, халық шежірелері бар. Мысалы, Молда Мұса (Мұсабек Байзақов), Қызыл ақын (Мұсабек Байжанов), Құлыншақ, Майлықожа ақындардың шығармаларын жинап өткізген.**Айтушы.** Белгісіз.**Жанры.** Фольклор. Діни қисса.**Аннотациясы.** Ислам дінін насихаттайтын діни қисса.**Басқы сөзі.** Бисмилла сөздің қабылы,
Алланың атын атамай,
Еш істің болмай ағынай...**Соңғы сөзі.** ...Бұларды көріп шеріңіз,
Аман ба деп Мұхамбет,
Имандардан сұрады.**Қолтаңбасы.** Битемірұлы Мырзатайдың қолтаңбасы. 1925 ж. Өгізтауда туған. Түркістан қаласының тұрғыны.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қалың тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1960 жылы 8 желтоқсанда жазып алған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Ақауы.** Бұл қолжазба негізінде араб әрпімен жазылған тәрізді. Өйткені түпнұсқадан қазіргі қазақ жазуына көшірілгенде емле, сөз қателері көп жіберілген. Сия төгілген жерлері бар. Алғашқы он бір беттің сиясы көмескілене бастаған.**Папкасы.** 1 (ТҒЗИ)

Ш. 1 (ТҒЗИ)

П. 29; Б. 58; Ж. 3848
19 x 15; 18 x 8;**Аталуы.** Үш мұңлы.**Жинаушы.** Керімбеков Кенжебек.

Айтушы, жырлаушы. Нұралы Нысанбайұлы.

Жанры. Фольклор.

Аннотациясы. «Үш мұңлы» дастанының басты кейіпкері Михаил тоғыз әйелінен де перзент көрмегендіктен, жұртты жиып ақыл сұрайды. Жиналғандардың ішінен бір саудагер шығып, осы жерден бір айлық жерде зиярат ететін орын бар екенін айтады. Патша ел-жұртымен, тоғыз әйелімен қоштасып кетеді. Келген соң Тахир деген кісінің айтуымен Мамырханның қызы Ләлігүлге үйленеді. Ләлінің әкесін Нәдір өлтіріп, өзін зынданға салып тастаған екен. Ләлінің сұрануымен патша Нәдірді зынданға салады.

Бір күні патша түс көреді. Оны Ләлі жорып береді. Зынданда жатқан Нәдір Қайсар Ұрымға қарындасың Ләліні патша зорлықпен өзі некелеп алды деген хабар жібереді. Бұл кезде Ләлі жүкті болатын. Патша аң аулап кеткенде, Нәдірдің інісі Сәдір Ләлігүлді ұрлап кетеді. Бұл уақытта Қайсар Ұрым қаланы қоршайды...

Нәдір Ләлігүлді апарып дарияға тастайды. Өлмей аман қалған Ләлі босанып, егіз туады. Ұлына Алмасқан, қызына Гүлболат деп ат қояды...

Қисса Нәдір-Сәдірдің ылаңынан көп қиыншылыққа ұшыраған патшаның әйелімен, балаларымен қауышып, дұшпандарын жазалауымен аяқталады.

7–8 буынды жыр үлгісімен және 11 буынды өлең түрінде жырланған. Қара сөзбен түсіндіретін жерлері де бар.

Басқы сөзі. Бисмилла деп бастайын,

Мәдет берсе тілге құдайым...

Соңғы сөзі. ...Әумин деп дуа қылыңдар,

Үш мұңлының сөзінің,

Тамам болды аяғы.

Қолтаңбасы. Битемірұлы Мырзатайдың қолтаңбасы. 1925 ж. Өгізтауда туған. Түркістан қаласының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1962 жылы 10 сәуірде жазып алынған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 32-89-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан, кей беттерде бір қатардан орналасқан. Арасында қара сөзбен жазылған жерлері де бар.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Араб әліпбиімен жазылған қолжазбадан көшірілгендіктен емле, сөз қателері бар.

Папкасы. 1 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Молла Нұралы жырлаған нұсқасы.

3

Ш. 1 (ТҒЗИ)

П. 14; Б. 29; Ж. 1871
19x15; 18x8;

Аталуы. Болат пен Жанат.

Жинаушысы. Керімбеков Кенжебек.

Аннотациясы. Маһалбай атты саудагердің Болат атты ұлы мен Жанат атты қызы болады. Маһалбай өзі керуенмен сапарға кетпекші болып, барлық мал- жанды Ешанға тапсырады. Ол кеткеннен кейін Ешан ойына келгенін істейді. Одан әрі оның қорлығына көнбеген Жанат қыздың басындағы ауыр жағдайлар жырға арқау болады. Жанат көп қиыншылықтарға кездесе отырып, еліне таз бала кейпінде қайта келіп, Ешанды, патшаны, досын әшкере қылады. Маһалбай той жасап, қызы бақытты болып, мұрат-мақсатына жетеді.

Қисса 7–8 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі. Пәнденің болам дегені

Насикат айтқан сөз екен...

Соңғы сөзі....Жанатты қайтып ұзатып,

Есепсіз дүние артқызды.

Болатқа қалдар падиша,

Үкімін жұртқа асырды.

Қолтаңбасы. Битемірұлы Мырзатайдың қолтаңбасы. 1925 ж.

Өгізтауда туған. Түркістан қаласының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1963 жылы 13 қыркүйекте жазылып біткен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1–29-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан, кей беттерде бір қатардан орналасқан. Арасында қара сөзбен жазылған жерлері де бар.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. 14-беттен 19-бетке дейінгі үш парағы жыртылған, дәптердің арасында тұр. Бұл қолжазба негізінде араб әрпімен жазылған тәрізді. Өйткені түпнұсқадан қазіргі қазақ жазуына көшірілгенде емле, сөз қателіктері көп жіберілген.

Папкасы. 1 (ТҒЗИ).

4

Ш. 1 (ТҒЗИ)

П. 7; Б. 14; Ж. 614
19x11; 19x15;

Аталуы. Әлі мен Дариқаның күресі.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Аннотациясы. Әлі мен Дариханың күресі – діни қисса. Ешкім жеңе алмаған қыз Дариханы ақ пайғамбардан рұқсат алған Әлі барып, періштелерінің қолдауымен жеңеді. Сол қызға үйленеді. Ер Әлінің қайратын көрген елдің барлығы мұсылман болып дінге кіреді. Пұтханасын бұздырып орнына мешіт салдырады.

Бұдан ары ер Әлі еліне кеткенде құрсақта қалған баланың ер жетіп әкесін іздеп жолға шығуы, әкесімен және бауырларымен кездесуі айтылады. Яғни күресіп жатқан балалардың үстінен шыққан Әлінің баласы да ол балалармен күресіп, бәрін жеңеді. Оған намыстанған Әлі өзі күреске шықпақшы болады. Осы кезде әкесі Әлі мен анасы Дариханың атын атап сыйынған дауысын естіп оның өз баласы екенін біледі.

Қисса бауырлары мен әкесін танып, бірақ әдепсіздік жасап, оларға қолым тиді деп қапаланған баланың ешкімге ұстатпай, тауға қашып кетуімен аяқталады.

Басқы сөзі. Қаламды бисмилла деп ұстайын да,
Бекер сөз басқа жұмыс тастайын да.

Жамағат құлақ салып тыңласаңыз,
Әлінің біраз сөзін бастайын да...

Соңғы сөзі. ...Жазылып ада болды осы қисса,
Аяғын көп ұзатпай қылдым қысқа.

Зерікпей отырсын деп тыңдаған жұрт,
Ойланып әрбір жерден қылдым нұсқа.

Қолтаңбасы. Битемірұлы Мырзатайдың қолтаңбасы. 1925 ж. Өгізтауда туған. Түркістан қаласының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1952 жылы 29 қазан. Түркістан қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-13-беттер

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан, кей жерінде бір бетке екі қатардан жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Соңғы беттерінде беттелген саны жазылмаған. Бір-екі парағы бос, шеттері жыртылған, сия жағылған жерлері бар. Бұл қолжазба негізінде араб әрпімен жазылған тәрізді. Өйткені түпнұсқадан қазіргі қазақ жазуына көшірілгенде емле, сөз қателіктері көп жіберілген.

Папкасы. 1 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Ш. 3 папкада К.Керімбеков өткізген толық нұсқасы, Қ.Саттаров өткізген Ш. 87 папкада толық емес бір нұсқасы сақталған.

Аталуы. Үш мұңлы қиссасы.

Жинаушы. Тұрсынов Мұратжан. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының тұрғыны.

Аннотациясы. «Үш мұңлы» қиссасында басты кейіпкер Михаил және оның тоғыз әйелі, олардың бір перзентке зар болуы, одан кейін перзентті болуы, көрген қиыншылықтары мен оны жеңіп мұрат-мақсатына жеткендігі туралы айтылады. Қолжазба қорындағы Керімбеков Кенжебек өткізген осы аттас дастанмен ұқсас.

7–8 буынды жыр үлгісімен және 11 буынды өлең түрінде жырланған. Қара сөзбен түсіндіретін жерлері де бар.

Басқы сөзі. Бисмилла деп айтайын,

Мәдет бер тілге жазагүл.

Құданың өзі падиша,

Мақұлихаты неше қыл...

Соңғы сөзі. ...Әумин деп дуа қылыңыздар.

Үш мұңлының сөзінің,

Тамам болды аяғы.

Қолтаңбасы. Рахметов Ташкенбайдың қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз, жол көз дәптерлерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1958 жылы январьдың 29-ы күні бастадым.

1959 жылы февраль айының 10-ы күні аударып болдым деген жазу бар.

Қай жерде екені жазылмаған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан, кей жерлерінде бір бетке екі қатардан жазылған. Қара сөзбен түсіндірілетін жерлері де бар.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Соңғы 164–165 беттері жыртылған. 166-беті жоқ болғандықтан, оны бір параққа көшіріп жазып, дәптердің ортасына салып қойған.

Папкасы. 2 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Нұралы Нысанбайұлы жырлаған толық нұсқасы. Осы қолжазбаның машинкада терілгені Ш. 43 папкада.

Аталуы. Өзірет Әлі мен Дариға қыздың күресі

Жинаушы. Әлиев Инаят. Қызылорда облысы, Шиелі ауданының тұрғыны.

Айтушы. Тұрар Таққұлов.

Аннотациясы. Осы аттас діни дастанның қара сөзбен баяндалған түрі. Айтушы Тұрар Таққұлов жас кезінде дастанды әкесінің домбырамен айтатынын, бірақ есінде оның мазмұны ғана сақталғанын айтады. Кейіпкерлерінің аттарында өзгеріс бар.

Басқы сөзі. Өзірет Әлі мен ... әңгімелесіп отырып, Мұхаммет пайғамбардың қызының әдемі екенін сөз етеді...

Соңғы сөзі. ...Сөйтіп Шахмәді тауға кіріп құтылады.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаяттікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына қазіргі жазумен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Гигант» колхозының тұрғыны Тұрар Таққұловтан жазып алынған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-4-беттер

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.

Ақауы. Әңгіменің басталуында бір кейіпкердің аты жазылмаған, орнын тастап кеткен.

Папкасы. 3 (ТҒЗИ)

Аталуы. Ел ішінен жиналған әңгімелер.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Көкбарбаев Қожантай.

Аннотациясы. Сыр бойында өмір сүрген Қойбағар Тақтақтың шешендігі туралы айтылған әңгіме.

Басқы сөзі. Ерте кезде Сыр бойымен Арқаның елі барымталасып жатқанда...

Соңғы сөзі. ...Сөйтіп Тақтақ елінің барымтаға кеткен жылқысын шешендікпен қайтарып алады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына көшірілген

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.
Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

8

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 2; Б. 2;
29x21; 17x14

Аталуы. Ел ішінен жиналған әңгімелер.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Қарамолдаев Жанайдар.

Аннотациясы. Тарақты Шілмембеттің шешендігі туралы әңгімеленеді.

Басқы сөзі. Қаракұр деген жерде Әлдекейдің жесірін (Тарақтының қызы)...

Соңғы сөзі. ...Сонда жесірін жөнелтіпті дейді.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына көшірілген.

Жазылған жылы, жері. 1963 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.

Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

9

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 2; Б. 2;
29x21; 19x14,5

Аталуы. Ел ішінен жиналған әңгімелер.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Құрсайлық Даубай.

Аннотациясы. Молда Мұса мен құрдасы Даубайдың сөз қағысуы.

Басқы сөзі. Молда Қарақойлы елінен барып бір қыз алып келе жатып...

Соңғы сөзі. ...Алдыңыздан бір сәурік кетер қуып.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына көшірілген

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.

Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

10

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 1; Б. 1; Ж. 43x14

Аталуы. Молда Мұса мен қырғызалы Өсербайдың кездейсоқ кездескені.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.
Аннотациясы. Өсербайдың молда Мұсаға айтқан әзіл өлеңі.
Басқы сөзі. Баласы Байзақтың Молда Мұса...
Соңғы сөзі. ...жауыр қылдың тыша-тыша.
Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына көшірілген
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.
Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

11

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 1; Б. 1; Ж. 4
29x21; 3x14

Аталуы. Дулат Батырша болысқа Мұсаның айтқаны.
Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.
Айтушы. Қаныбек Сарыбаев.
Аннотациясы. Молда Мұсаның болысқа өкпелеп айтқаны.
Басқы сөзі. Батырша қатарынан зор-ақ екен...
Соңғы сөзі. ...Болыстың үлкен жауы қонақ екен.
Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына көшірілген
Жазылған жылы, жері. 1976 ж. 27 желтоқсан
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.
Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

12

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 2; Б. 2; Ж. 48
29x21; 19x14,5

Аталуы. Ел ішінен жиналған әңгімелер.
Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.
Айтушы. Қонысов Үкаш.
Аннотациясы. Қараша Нарымбай баласы Абдрахман қайтыс болған кезде үш күн орнынан тұрмай жатқанда Алдабергенұлы Құлан ақын келіп көңіл айтып, орнына тұрғызады.
Басқы сөзі. Қараша Нарымбайдың (Көшек атасынан шыққан) баласы...
Соңғы сөзі. ...Нарымбай орнына тұрып, Құланмен бірге құдайға жазып қалдық па? – деп тамақ ішеді.
Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына көшірілген.

Жазылған жылы, жері. 1971 ж. 27 желтоқсан.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.
Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

13

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 3; Б. 3; Ж.
29x21; 17x15

Аталуы. Ел ішінен жиналған әңгімелер.
Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.
Аннотациясы. Құлан ақынның Жантөреге, Тұтқабай болыс пен
Әбілдаға айтқан өлеңдері.
Басқы сөзі. Батырбек Бибасардай адам қайда...
Соңғы сөзі. ...Досын шағып алудан тартынбайды.
Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына
көшірілген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.
Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

14

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 8; Б. 8; Ж. 176
29x21; 19x15

Аталуы. Құдайдан қатын сұрап айтқан сөзі.
Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.
Айтушы. Құлан Алдабергенұлы.
Басқы сөзі. Атыңнан айналайын жалғыз құдай
Пәндеңнің бәрі кедей бір өзің бай...
Соңғы сөзі. ...Уа, шіркін бес күн жалған дүниеде
Кез болып сондай біреу мейірленсек.
Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына
көшірілген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.
Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.
Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

15

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 2; Б. 2;
29x21; 19x14,5

Аталуы. Әз Жәнібек хан туралы аңыз.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Қонысов Үкәш.

Аннотациясы. Өз Жәнібек ханның Асан қайғыны сынауы, Асан қайғының баласы Абаттың бойындағы қасиеттер туралы айтылған әңгіме.

Басқы сөзі. Өз Жәнібек хан Астрахан қаласына мешіт салдырады.

Сонда замандасы Асанқайғыны тойға шақырады. Келмейді...

Соңғы сөзі. ...Ажалсыз нәрсе өлмейді екен-ау деп қорықпауды қояннан үйреніп едім дейді..

Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына көшірілген

Жазылған жылы, жері. 1971 ж. 27 қараша.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қолжазбадағы қосымша жазулар. 8/IX-74 және 4 қатар өлең шумағы жазылған. Кімдікі екені белгісіз.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.

Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

16

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 2; Б. 2;
29x21; 19x14,5

Аталуы. 1926 жылы Асанның бәйгесінде айтылған өлең.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Құлан Алдабергенұлы.

Аннотациясы. 1926 жылы Асанның (жәдік қырғызалы) бәйгесінде жиналған жақсылар Құлан Алдаберген ұлына қызықшылық үшін бірдеңе айт дегенде айтқан өлеңі.

Басқы сөзі. Еліңнен асып тұрған Шақан байың,

Белгілі мал болмаса сенің жайың...

Соңғы сөзі. ...Алты ата ала болып жүргеннен соң,

Намысты Қарабайың сатқаны да.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына көшірілген

Жазылған жылы, жері. 1976 ж. 4 желтоқсанда Көбек қырғызалы

Бейсеннен жазып алынды.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.

Папкасы. 4 (ТҒЗИ)

Ш. 4 (ТҒЗИ)

П. 8; Б. 8;
29x21; 19x14,5**Аталуы.** Қазақтың қанатты сөздері. Түйеге байланысты атаулар.**Жинаушы.** Керімбеков Кенжебек**Аннотациясы.** Ел арасында айтылып келген қазақтың қанатты сөздері жинақталып берілген.**Басқы сөзі.** Алтыға дейін бала ерке, алпыстан кейін шал ерке...**Соңғы сөзі.** ...Түйе ауыра бермейді, ауырса мейлінше ауруға осал келеді. Қарабез (жамандат), сарысу (су ауруы), тілтас (аусыл, қотыр, қос кіндік) т.б.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Ксерокөшірме. Дәптерден жазу қағазына көшірілген**Жазылған жылы, жері.** 1981 жылы 18 қазан. «Социалистік Қазақстан» газетінің 243 санында жарияланған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Қалпына келтірілуі.** Жөндеуден өтпеген.**Папкасы.** 4 (ТҒЗИ)

Ш. 5 (ТҒЗИ)

П. 4; Б. 4;
31x21; 12x17**Аталуы.** Жер аттарының тарихы туралы аңыздар.**Жинаушы.** Әлиев Инаят.**Айтушы.** Оразбай Әділбаев.**Аннотациясы.** Ақтөбе облысы Шалқар ауданына қарасты «Хан ордасы», «Ералы қашқан», «Ноғай жолы» немесе «Қырық жол» сияқты жерлердің тарихы туралы аңыздар.**Басқы сөзі.** «Хан ордасы» «Орда қонған» деп те аталады ...**Соңғы сөзі.** ...Бірақ Әбілқайыр көшкенімен оның ордасы қонған жер «Хан Ордасы» деп аталып қалған.**Қолтаңбасы.** Әлиев Инаят.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына, көк сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Шалқар қаласы.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Қалпына келтірілуі.** Жөндеуден өтпеген.**Папкасы.** 5 (ТҒЗИ)

Аталуы. Жер аттарының тарихы туралы аңыздар.

Жинаушы. Әлиев Инаят

Айтушы. Меркебай Тағыбергенов

Аннотациясы. Ақтөбе облысы Шалқар ауданына қарасты «Ералы қашқан» деп аталған жердің тарихы туралы аңыз.

Басқы сөзі. Ертеде Ералы, Сералы деген екі ағайынды жігіт «қалмақты шабамыз» деп жолға шығыпты...

Соңғы сөзі. ...Содан қазақ қолы қырылып, Ералы қашқан жер «Ералы қашқан» деп аталыпты. Кейбіреулер Ералыны хан екен дейді. «Ералы қашқан» Қоңырат жақта дейді.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына, көк сиямен жазылған

Жазылған жылы, жері. Шалқар қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қолжазбадағы қосымша жазулар. Мәтіннің соңында «Ескерту: Асан Бақтыбайдың баласы» деген жазу бар.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.

Папкасы. 5 (ТҒЗИ)

Аталуы. Жер аттарының тарихы туралы аңыздар.

Жинаушы. Әлиев Инаят

Айтушы. Меркебай Тағыбергенов.

Аннотациясы. Ақтөбе облысы Шалқар ауданына қарасты «Ноғай жолы» немесе «Қырық жол» деп аталатын жердің тарихы туралы аңыздар..

Басқы сөзі. Ноғай елі орыс князьдарынан жеңілгеннен кейін көп қорлық көреді...

Соңғы сөзі. ...Қазір Шалқар қаласы мен Бозой поселкесінің арасындағы көлік қатынап жатқан жолды «Ноғай жолы» кейде «Қырық жол» деп атайды.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Шалқар қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.

Папкасы. 5 (ТҒЗИ).

21

Ш. 6 (ТҒЗИ)

П. 4; Б. 4;
31x21; 28x17,5

Аталуы. Қожалардың төрт мөр басып сендірген шежіресінен.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Амал қожа.

Аннотациясы. Дәптердің алғашқы бетінде құран сүрелерінен аяттар жазылып, соңы қожалар шежіресіне жалғасқан. Дәптердің ішінде жеке екі параққа қожалардың төрт мөр басып сендірген шежіресі берілген.

Басқы сөзі. Ясин уәл құранил һаким иннакә лә мінәл...

Соңғы сөзі. ...45 - Тұрсын қожадан, 46 – Зұпар қожа.

Қолтаңбасы. Амал қожа.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жол көз дәптерге көк сиямен жазылған

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Бет саны көрсетілмеген.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.

Ақауы. Дәптер тозып ескірген, бірақ парақтары, жазулары түгел.

Папкасы. 6(ТҒЗИ).

22

Ш. 7 (ТҒЗИ)

П. 75; Б. 75;
29x21; 24x16

Аталуы. Шопан ата.

Жинаушы. Мырзахметұлы Мекемтас

Автор. Зариф бән Ғабділқадір әл-Ташкәнди

Аннотациясы. З.Ташкәнди өзінің алғы сөзінде қазақ халық ауыз әдебиетінің өте бай екендігін айтады және кітапқа өзі жинаған қазақтың ескі салт-дәстүрлеріне байланысты жоқтау, толғау, жарапазан т.б. ауыз әдебиеті үлгілерін кіргізген. «Шопан ата», «Адыл сұлтанның соғысқа жұмсалуды» деген аңыз әңгімелерді, сондай-ақ мақал-мәтелдерді алфавит бойынша берген.

Басқы сөзі. Бар екен де жоқ екен, бөрі бақауыл екен, түлкі ясауыл екен, ертегі ерте болар, құйрығы кәлте болар, ешкісі бөрте болар, қырғауыл қызыл болар, құйрығы ұзын болар...

Соңғы сөзі. ...Қазақша жыл есімдері: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. Қазанда Каримовтар баспаханасында басылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Папкасы. 7 (ТҒЗИ)

23

Ш. 8 (ТҒЗИ)

П. 77; Б. 154;
10,5x16,5; 9x10

Аталуы. Діни өлеңдер, дұғалар.

Жинаушы. Әлмаханов Болат. Кентау қаласының тұрғыны

Аннотациясы. Діни өлеңдер (мұсылманның бес парызы, намаздың түрлері, Құран аяттары туралы т.б.) және блокноттың төрт бетінде дұғалар берілген.

Басқы сөзі. Өмді бейәт бей әдәт,
Жаратқан аққа ләмәкән ...

Соңғы сөзі. ...Қолын жалаңаш қылып
Оқиси мәру билкди.

Қолтаңбасы. Сәрсенбаев Бейсекей (1906–1983).

Қағазы, сиясы, әрпі. Жол көз қалың дәптерді ортасынан бөліп жасаған блокнотқа көк сиямен жазылған

Жазылған жылы, жері. Кентау, Бала Бүргем Ш. 30 үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. 8, 9, 10, 47, 101, 138, 148 беттердегі өлең жолдарының асты сызылған.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өтпеген.

Папкасы. 8 (ТҒЗИ)

24

Ш. 9 (ТҒЗИ)

П. 5; Б. 5;
28x20; 27x17

Аталуы. Мысал әңгімелер.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Айтушы. Ұмсынай Керімова.

Аннотациясы. Бір мүсәпір соқырға жақсылық істеймін деп қасындағы әйелі мен астындағы түйесінен айырылып қала жаздаған кісі туралы айтылған әңгіме.

Басқы сөзі. Ертеде бір кісі әйелімен далада жол жүріп келе жатса жолда бір соқыр кісіні көреді ...

Соңғы сөзі. ...жақсылық жасай беру де қате екенін түсініп, сақтанып осы оқиғаны мысал етіп айтады.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған

Жазылған жылы, жері. Арал ауданы «Құланды» елді мекені.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 9 (ТҒЗИ)

25

Ш. 9 (ТҒЗИ)

П. 5; Б. 5;
28x20; 27x17

Аталуы. Мысал әңгімелер.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Айтушы. Ұмсынай Керімова.

Аннотациясы. Жоқшылық туралы мысал әңгімелер.

Басқы сөзі. Әйелі үйде жоқта қайын жұртынан хабар келеді...

Соңғы сөзі. ...Бұл жалғыз түйем өлгенше, жалғыз ұлымның өлгені жақсы еді ғой, – деп жылаған екен.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған

Жазылған жылы, жері. Арал ауданы «Құланды» елді мекені.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 9 (ТҒЗИ)

26

Ш. 9 (ТҒЗИ)

П. 5; Б. 5;
28x20; 27x17

Аталуы. Мысал әңгімелер.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Айтушы. Ұмсынай Керімова.

Аннотациясы. Жас келіндер, әйелдер, қыздар туралы мысал әңгімелер.

Басқы сөзі. Бұрынғы кезде бір адамның пысық келіні болыпты ...

Соңғы сөзі. ...Жеңгесі мұны естіп, күйеуінің көзінше қатты ұялып қалыпты.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған

Жазылған жылы, жері. Арал ауданы «Құланды» елді мекені.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 9 (ТҒЗИ)

27

Ш. 10 (ТҒЗИ)

П. 6; Б. 6;
28x20; 27x17

Аталуы. Сәкен Сейфуллиннің қызметі.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Орынтай Әшірбеков. Түркістан қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. С.Сейфуллиннің Ақмоладан келе жатып, Теріскейде аялдаған сәтінде тоқалдыққа еріксіз кетіп бара жатқан қызды арашалап алғаны, олар қашып келгенде Жантөре болыстың оларға көмектесуі, кейін Жантөре болыс жала жабылып түрмеге түскенде С.Сейфуллиннің арқасында босап шыққандығы туралы айтылған. Одан әрі Жантөре болыс түрмеге түскенде қалған ел-жұртының Самарқанға көшкендігі және осы әңгімені айтушы О.Әшірбековтың ағалары болып келетін керуенбасы Ниязбек деген кісі туралы айтылған әңгімеге жалғасқан.

Басқы сөзі. Бұл әңгімені айтушы Орынтай Әшірбеков Құрбанатының ішіндегі киікші руынан ...

Соңғы сөзі. ...Міне, жай керуенбасы Ниязбек осындай тіл табыса білетін жан еді, – дейді Орынтай Әшірбеков.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Түркістан қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1–5-беттер.

Папкасы. 10(ТҒЗИ)

28

Ш. 10 (ТҒЗИ)

П. 6; Б. 6;
28x20; 27x17

Аталуы. Тал бесік.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Орынтай Әшірбеков. Түркістан қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Ескендір Зұлқарнайын және оның анасы туралы аңыз әңгіме.

Басқы сөзі. Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) қартайған шешесін тал бесікке салып бағады екен ...

Соңғы сөзі. ...Ел ішінде «саған арналған тал бесік жоқ, теңіңді тап» деген мәтел сөз содан қалған.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Түркістан қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 6-бет.

Папкасы. 10(ТҒЗИ)

29

Ш. 10 (ТҒЗИ)

П. 6; Б. 6;
28x20; 27x17

Аталуы. Алты жасар баланың ақылы.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Орынтай Әшірбеков. Түркістан қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Ел арасында Қаз дауысты Қазыбектің ақылдылығы, тапқырлығы туралы айтылған әңгіме.

Басқы сөзі. Үш кембағал жігіт сауда жасап, келешек өмірлері үшін теңге жиып, күн көріс жасайды екен ...

Соңғы сөзі. ...Мұнан басқа да жас бала қиын-қыстау сәттерде ақылмен іс істеп, ел ішінде даңқы жайыла беріпті.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған

Жазылған жылы, жері. Түркістан қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 7-10-беттер.

Ақауы. Кей жерлерінде жазудың сиясы жайылып кеткен.

Папкасы. 10(ТҒЗИ)

30

Ш. 10 (ТҒЗИ)

П. 6; Б. 6;
28x20; 27x17

Аталуы. Әкім Лұхманның өсиеті.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Орынтай Әшірбеков. Түркістан қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Әкім Лұхманның баласына айтқан үш өсиеті туралы.

Басқы сөзі. Әкім Лұхман баласын шақырып алып былай депті...

Соңғы сөзі. ...Ал ол кісілер әкім Лұхманның өсиетін жадына алмайды, не білмейді деп айту қиын.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Түркістан қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 11-бет.

Папкасы. 10(ТҒЗИ)

31

Ш. 10 (ТҒЗИ)

П. 6; Б. 6;
28x20; 27x17

Аталуы. Кембағалдың күн көрмегі.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Орынтай Әшірбеков. Түркістан қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Бір кедей шалдың күн көріс үшін түйесімен, атымен апарып жүріп отын сатуы, аңғырттығы арқасында ол екеуінен айырылуы, кейін оны естіген қызының тапқырлығы арқасында айрылған нәрселерін қайтып алуы туралы айтылған әңгіме.

Басқы сөзі. Баяғы өткен заманда Қаратау өңірінде бір шал өмір сүріпті...

Соңғы сөзі. ...Момынның ақысын құдай жемейді деген мақал кембағал шалдың қызының «мал ашуы – жан ашуы» деп істеген ақылды ісінің арқасында өмірге келген екен деп аяқтады әңгімесін менің әңгімешіл жерлесім Орынтай.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған

Жазылған жылы, жері. Түркістан қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 12-14-беттер.

Папкасы. 10(ТҒЗИ)

32

Ш. 11 (ТҒЗИ)

П. 69; Б. 138; Ж. 4040
28x20; 25x13

Аталуы. «Қырық қыз» эпосы

Жинаушы. Саттаров Қыдырәлі.

Аннотациясы. Эпостың оқиғасы кіші жүздің алшын руынан шыққан Бақтияр деген байдың және оның алты ұлы мен жалғыз қызы Қаншайымның айналасында өрбиді. Әкесі жалғыз қызы Қаншайымға және оның қасындағы қырық қосшы қызына Миялы жайлауын береді. Ақылды Қаншайым қырық қызбен бірге қолдарына қылыш алып, түрлі ойындар ойнап, оларды батырлыққа үйретеді. Елдеріне қалмақ шапқанда өзін іздеп келіп көмектескен Алшорамен бірге оларға қарсы тұрып, елін қорғап, жеңіске жетеді.

Эпос 7-8 буынды жыр үлгісінде және 11 буынды қара өлең түрінде айтылады.

Басқы сөзі. Өткеннен жырды бастайын,

Кіші жүз Әлім алшыннан

Бұрынғы өткен бұл жырды

Тыңда халқым қартыңды...

Соңғы сөзі. ...Сол «Білеулі» қорғанның халқы көбейіп, үлкен бір қалаға айналыпты. Сөйтіп Білеулі қаласының халқы мұрат-мақсаттарына жетіпті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Түркістан қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 18-155-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.
Папкасы. 11(ТҒЗИ)

33

Ш. 11 (ТҒЗИ)

П. 31; Б. 31; Ж. 874
29x20; 23x6

Аталуы. Үш періште.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек. Түркістан қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Алла тағаланың рұқсатымен жерге түскен үш періштенің іс-әрекеті туралы хикая.

Басқы сөзі. Жер үстіне түсер ек,
Өзіңненболса ішәрәт.

Ішіне салып имарат,
Адамның жүгін бізге сал...

Соңғы сөзі. ...Әркімнен бір өте,
Тұрса да солай асылып.
Жәдігөйлік дуасын,

Әркімге бұлар үйретер.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. Түркістан қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-31-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Папкасы. 11 (ТҒЗИ)

34

Ш. 12 (ТҒЗИ)

П. 29; Б. 29; Ж. 798
29x20; 23x9,5

Аталуы. Үміттің өмірі мен өлімі

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек. Түркістан қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Бата-Ата елді мекенінде болған оқиға негізінде жазылған дастан. Дастанның басты кейіпкері – Бектұрған деген кісінің жалғыз қызы Үміт. Қалың малға сатылған Үміттің ұзатылғаннан кейінгі қиын өмірі баяндалған. Оқиға Қазан төңкерісінен кейінгі жылдары болған делінеді.

Басқы сөзі. Сарысудың төменгі аққан саласында,

Бетпақ пен Қоңыр құмның арасында
Ішінде Жағалбайлы болды бір қыз,
Мың тоғыз жүз бірінші жыл арасында...

Соңғы сөзі. ...Топырақ үйіп үстіне,
Істеді әбден қиынды.

Үміттің бітті өмірі,
Айтатын енді тиылды.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.
Жазылған жылы, жері. Түркістан қаласы.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-29-беттер.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.
Папкасы. 12 (ТҒЗИ)
Нұсқасы. Толық емес.Ш. 46 папкада Танауова Жұпар өткізген толық нұсқасы сақтаулы.

35

Ш. 12 (ТҒЗИ)

П. 29; Б. 29; Ж. 920
29x20; 23x6

Аталуы. Қырық би хикаясы.
Жинаушы. Керімбеков Кенжебек. Түркістан қаласының тұрғыны.
Аннотациясы. Ел ішіндегі даулы мәселелер, ру ара қырқыстар туралы.
Басқы сөзі. Біразырақ сөйлейін
Замананың түрінен,
Әркімнің көрген күнінен,
Зейінінен заманның...
Соңғы сөзі. ...Айып етпе жақсылар,
Бар болса қате қалғаны,
Ырза бол жақсылар,
Осыменен қысқартып,
Аяғы тамам болады.
Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.
Жазылған жылы, жері. Түркістан қаласы.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-31-беттер.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.
Ақауы. Әріп қателері көп кеткен.
Папкасы. 12(ТҒЗИ)

36

Ш. 13 (ТҒЗИ)

П. 212; Б. 212; Ж. 5868
29x20; 23x6

Аталуы. Алақай батыр.
Жинаушы. Байдәулетов Самарқан және Қыдырәлі Саттаров.
Айтушы. Жырдың оқиғасын айтушы Өмірзақ Қалбайұлының ағасы Сабыр жыршы.
Авторы. Өмірзақ Қалбайұлы 1926 жылы Қарақалпақстанның Шоманай ауданында туған.
Аннотациясы. «Алақай батыр» дастаны 1993 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Алаңқай батыр» жырының жалғасы іспетті.

Алақай Алаңқайдың ұлы. Жалпы оқиғасы сол жырға ұқсайды. Мұнда да қызылбастармен арадағы оқиғалар баяндалады.

Жыр Алақайдың және оның сарбаздарының қызылбастарды ойсырата жеңіп, олардың патшасы Фазыл шахпен түсінісуімен аяқталады.

7–8 буынды жыр үлгісімен жазылған. Қара сөзбен айтылатын жерлері де бар.

Басқы сөзі. Айтылып өткен әуелі,

Алаңқай еді жыр басы

Айтып едік соңында,

Алақай деп жалғасы...

Соңғы сөзі. ...Әсіресе осы сөз,

Аңыздан дерек іздейтін.

Ғалымдар үшін керек сөз.

Жақсы-жаман десе де,

Ендігі баға халықтан,

Жыр жалғасын аяқтап,

Осымен сөзді қойдық біз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 19 ақпан, 1994 ж..

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-212-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 18-жинақтың деректемесі жазылған және соңғы 211-212-беттерінде жыршы Өмірзақ Қалбайұлының дастанның қалай туғаны туралы түсініктемесі берілген.

Папкасы. 13(ТҒЗИ)

Нұсқасы. Өмірзақ Қалбайұлы жырлаған нұсқа.

37

Ш. 14 (ТҒЗИ)

П. 117; Б. 117; Ж. 3069
29x20; 23x6

Аталуы. Зевер мен Құлқаныс.

Жинаушы. Болат Әлмаханұлы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласында 1931 жылы дүниеге келген. Қазіргі күнде Кентау қаласында тұрады. 45 жыл ұстаздық қызмет атқарған.

Айтушы. Молда Нұралы Нысанбайұлы.

Аннотациясы. Кушавтан шаһарындағы Ноғайлы елінің патшасы Аппақшаның 12 әйелінен де перзенті болмайды. Сол сияқты Қабыл қаласының патшасы Ұныт та перзентсіз жүріп жасы 60-қа келгенде әйелі қыз туып, атын Құлқаныс қояды.

Арада бір жыл өткенде Аппақ ұлды болып, атын Зевер қояды. Сөйтіп Ұныт пен Аппақ құда болуға келіседі. Кейін Ұныт уәдесінен айнаиды... Дастан жастайынан атастырылған Зевер мен Құлқаныстың барлық қиыншылықты жеңіп, мұрат-мақсатына жетуімен аяқталады. 7–8 буынды жыр үлгісімен жазылған. Қара сөзбен айтылатын жерлері де бар.

Басқы сөзі. Бісмылла сөздің сөздің шекері,

Әммә сөздің мекені.

Бастаса әуел кәләмнан,

Басқы сөз мұның нөкері...

Соңғы сөзі. ...Кешіріңдер әлеумет,

Бар болса жерім адасқан.

Қол жайып дуа қылыңдар,

Аяқтап біттім бұл дастан.

Қолтаңбасы. Машинада терген Гүлмира Дәрмешова

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1995 ж. көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-117-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 14-жинақтың деректемесі жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. 78 беттегі 1-ден 6-шы қатарға дейінгі аралықтың соңғы сөздері, буындары жазылмай қалған.

80-бет. 1–6-шы қатардағы сөздердің алғашқы буындары өшкен.

93-бет. 3–12-ші қатарлардың соңғы сөздері жазылмаған.

96-бет 13–20 қатарлардың алғашқы сөздері өшкен.

Папкасы. 14(ТҒЗИ)

Нұсқасы. Нұралы Нысанбайұлы жырлаған нұсқа.

38

Ш. 15 (ТҒЗИ)

П.7; Б.7; Ж.162

29x20; 23x9

Аталуы. Әзірет Әлінің 10 жаста дию Харунмен соғысып шерілік атақ алғаны.

Жинаушы. Сейтомар Саттаров

Айтушы. Мәлік ата (Толық мәлімет жоқ).

Аннотациясы. Діни өлең.

Басқы сөзі. Қолыма домбыра алып сөйлейін сөз,

Алдына жақсылардың келген соң кез.

Білгенше Харун дәуді баяндайын,

Жамиғат құлақ салып тыңдағын сөз...

Соңғы сөзі. ...Ер Әлінің диюмен алысқаны,

Қарап тұрған басқа жұрт қалыстағы.

Дию кәпірді өлтіріп ер арыстан,

Шатланып ер Әлінің қайтқаны.

Қолтаңбасы. Машинкада терген Жауһар Бөкенова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1952 ж. көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-166-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 19-жинақтың деректемесі жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өндеуден өтпеген.

Ақауы. Кейбір беттеріндегі сөздер өшкен, жыртылғандықтан машинкада жазғанда қалдырылып кеткен.

Папкасы. 15(ТҒЗИ)

39

Ш. 15 (ТҒЗИ)

П.4; Б.4; Ж.118
29x20; 23x9

Аталуы. Бір падиша жарлық етеді Құзырды көрсет деп.

Жинаушы. Сейтомар Саттаров

Авторы. Арызбай (Басқа толық мәлімет жоқ).

Аннотациясы. Діни өлең. Біреуге ор қазба, өзің түсерсің демекші біреуге жаманшылық ойламау керек, түбінде өз басыңа зиян болады деген ойды айтады.

Басқы сөзі. Әлемде патша болған жұрттан асқан,

Өзінің тәртібінше өкім ашқан.

Құзырды көрсететін жан бар ма деп,

Уәзірімен отырып ақылдасқан...

Соңғы сөзі. ...Қатасы болса мұның кешіріңдер,

Жамиғат құлақ асып тыңлағаның.

Аз жазды деп көпшілік айып етпе,

Осы болды жазғаны Арызбайдың.

Қолтаңбасы. Машинкада терген Жауһар Бөкенова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1952 ж. көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 8–12-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 19-жинақтың деректемесі жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.
Папкасы. 15(ТҒЗИ)

40

Ш. 15 (ТҒЗИ)

П. 26; Б. 26; Ж. 760
29x20; 23x9

Аталуы. Мұхаммет пайғамбардың қиссасы.

Жинаушы. Сейтомар Саттаров

Аннотациясы. Діни қисса. Кім шығарғаны белгісіз. Жалпы сөз саптауы Майлықожаұлы Асан ақынға келеді. Қиссада Мұхаммет пайғамбардың жер астына түсуі туралы айтылады.

Басқы сөзі. Дүниеде жақсы адамда болмас арман,
Риза боп шүкір қылу бір аллаға.

Хан туралы пәндесіне келсе пәрмен,

Дүниеде жақсы адамда болмас қапа...

Соңғы сөзі. ...Бар болса қаталары сөкпеңіздер

Бар болса егер қата етпеңіздер.

Оқыған бырадарлар дуа қылғын,

Өншейін жайға тұрып кетпеңіздер.

Қолтаңбасы. Машинкада терген Жауһар Бөкенова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1952 ж. көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 13–39-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 19-жинақтың деректемесі жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 15(ТҒЗИ)

41

Ш. 15 (ТҒЗИ)

П. 2; Б. 2; Ж. 50
29x20; 23x9

Аталуы. Майлы ақын өліп Жолбарысқа Кейкі молданың көңіл айтқаны.

Жинаушы. Сейтомар Саттаров

Айтушы. Кейкі молда (Басқа мәлімет жоқ).

Аннотациясы. Майлы ақын қайтыс болған кезде Кейкі молданың Жолбарысқа келіп көңіл айтқан өлеңі.

Басқы сөзі. Иманын берсін ақынның

Бәндәлікте Жолбарыс.

Атаның әуел өлмегі,

Балаға мұра болған іс...

Соңғы сөзі. ...Сәдде тұлпар жүйріктің,

Топырақ басты орынын

Ерікті ақын ер еді,

Көңіліне жаһан жай болған.

Қолтаңбасы. Машинкада терген Жауһар Бөкенова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1952 ж. көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 40-41-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 19-жинақтың деректемесі жазылған. Және аталған көңіл айтуда кейбір қате жазылған сөздерді жөндеген жерлер бар.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 15(ТҒЗИ)

42

Ш. 15 (ТҒЗИ)

П.4; Б.4; Ж. 90

29x20; 23x6

Аталуы. Жігіт сөзі. Қыз сөзі.

Жинаушы. Сейтомар Сатаров.

Авторы. Абай Құнанбаев.

Басқы сөзі. Айттым сәлем қаламқас,

Саған құрбан мал мен бас...

Соңғы сөзі. ...Сорлы Көкбай қор болды-ау,

Осыншадан құр қалып.

Қолтаңбасы. Машинкада терген Жауһар Бөкенова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1952 ж. көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 42–45-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 19-жинақтың деректемесі жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 15(ТҒЗИ)

43

Ш. 15 (ТҒЗИ)

П. 56; Б. 56; Ж. 1617

29x20; 23x9

Аталуы. Мұхаммет Әнәпия.

Жинаушы. Сейтомар Сатаров

Авторы. Сейтбаттал Рахметұлы

Аннотациясы. Ислам дінінің таралуы туралы діни қисса. Өнәпия – Үрім патшасының қызы. Ер Әлімен күресте жеңіліп, тұтқынға түскен. Мұхаммет пайғамбар қызбен сөйлескеннен кейін қызға ата орнына ата боламын, Айша анаң орнына ана болады дейді. Кейін Әзірет Әлімен екеуінің некесін қияды. Олар ұлды болып атын Мұхаммет қояды... Бұдан кейінгі оқиға ер Әлі мен оның балаларының кәпірлерді ислам дініне қалай кіргізгені туралы баяндалады.

Басқы сөзі. Тыңлаңыз құлақ салып пайғамбардан
Екінші қыл ікіа қыл қалғандардан...

Соңғы сөзі. ...Мұхаммет Өнәпия бұрын өткен,
Біз ғаріпке тигізген шапағатын

Құдай құлымын деп, Мұхаммет үмметім деп
Бәденді өзің есіркеп қасыңа алғын.

Қолтаңбасы. Машинкада терген Жауһар Бөкенова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1952 ж. көшірілген. Сейдахмет (Әуелі сөз бастайды Сейдахмет деген жолдан басқа дерек жоқ)

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 46-102-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 19-жинақтың деректемесі жазылған.

Ақауы. Қолжазба төте жазумен жазылғандықтан, оны аударып жазғанда әріп қателері, стильдік қателер көп кеткен

Папкасы. 15(ТҒЗИ)

44

Ш. 15 (ТҒЗИ)

П. 2; Б. 2; Ж. 39
29x20; 23x9

Аталуы. Майлы ақынның Шаһмарденнің қабіріне барып айтқан өлеңі.

Жинаушы. Сейтомар Саттаров

Авторы. Майлы ақын

Аннотациясы. Ордабасы ауданы Бадам елді мекені Панфилов ауылында өмір сүрген Сейтжанов Сейтқазы Шөкенұлының қолжазбасынан алынған Майлы ақынның өлеңі.

Басқы сөзі. Қасында Шаһмарден қазған жердің,
Адам айран қалғандай жайды көрдім...

Соңғы сөзі. ...Шаһмарден қабірін көрген жерде,
Ішімнен айтып тұрған мынау сөзім.

Қолтаңбасы. Машинкада терген Жауһар Бөкенова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1952 ж. көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 103-104-беттер.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.
Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 19-жинақтың деректемесі жазылған.
Ақауы. Қолжазба төте жазумен жазылғандықтан, оны аударып жазғанда әріп қателері, көп кеткен
Папкасы. 15(ТҒЗИ)

45

Ш. 15 (ТҒЗИ)

П. 8; Б. 8; Ж. 216
29x20; 23x9

Аталуы. Мінәжат
Жинаушы. Сейтомар Саттаров
Авторы. Майлы ақын
Аннотациясы. Ордабасы ауданы Бадам елді мекені Панфилов ауылында өмір сүрген Сейтжанов Сейтқазы Шөкенұлының қолжазбасынан алынған Майлы ақынның өлеңі.
Басқы сөзі. Адам ата, Нуі Нәбі,
Үшінші Халіл Ибрахим,
Төртіншіде Мұхаммед
Достым деді құдайым...
Соңғы сөзі. ...Жаһанды жеңген шер бабам,
Қалды сізден жер жаһан.
Мәдат қылып жүргейсіз,
Есен бол енді шер бабам.
Қолтаңбасы. Машинада терген Жауһар Бөкенова.
Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинада терілген.
Жазылған жылы, жері. 1952 ж. көшірілген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 104-111-беттер.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.
Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 19-жинақтың деректемесі жазылған.
Ақауы. Қолжазба төте жазумен жазылғандықтан, оны аударып жазғанда әріп қателері көп кеткен
Папкасы. 15(ТҒЗИ)

46

Ш. 15 (ТҒЗИ)

П. 54; Б. 54; Ж. 1344
29x20; 23x6,5

Аталуы. Қисса-и Әзірет Әмзе
Жинаушы. Сейтомар Саттаров

Аннотациясы. Діни қисса.Әзірет Әмзенің мұсылман дініне кіруі, одан кейін кәпірлерді мұсылман дініне кіргізу үшін күрес, ондағы мұсылмандардың ерлігі, алғаш шейіт болған мұсылман Убайданың қарындасы Күлзейнеттің кәпірлермен соғыстағы ерлігі баяндалған. Қисса аяқталмай қалған. Бұл қисса Ордабасы ауданы, Бадам елді мекенінде өмір сүрген Сейітжанов Сейітқазы Шөкенұлының қолжазбасынан алынған.

Басқы сөзі. Бісміллә қалам ұстадым,
Бісмілләсіз ісләрін,
Әр бәндә таппас іс бабын...

Соңғы сөзі. ...Не оқиға болды деп,
Пайғамбар әнда кідірді.
Үйінде Әмзе, Әлі жоқ,
Асығыстап жүгірді.

Қолтаңбасы. Машинада терген Жауһар Бөкенова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1952 ж. көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 112-166-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада дастаннан басқа 19-жинақтың деректемесі жазылған. 120-бетте 68 бет 2-14 қатар, 127-бетте 75-бет 1–8-қатар деген жазу бар. Бұл қолжазбаның осы бетіндегі қатарлар түсініксіз болғандықтан оның жазылмай қалып кеткендігін білдіреді.

Ақауы. Қолжазба бұрын төте жазумен жазылғандықтан, оны аударып жазғанда әріп қателері көп кеткен. Сондай-ақ 118-беттің бірінші қатарындағы сөз түсініксіз болғандықтан машинада терілмеген.

Папкасы. 15(ТҒЗИ)

Нұсқасы. Толық емес. Қиссаның толық нұсқасын Танауова Жұпар Төрткүл ауылының тұрғыны Қошқарбаев Тасболаттан алып өткізген.

47

Ш. 16 (ТҒЗИ)

П. 188; Б. 188; Ж. 5364
29x20; 23x6,5

Аталуы. Бала Шер дастаны

Жинаушы. Қыдырәлі Саттаров және Жанар Бекбергенқызы.

Айтушы. Молла Нұралы.

Аннотациясы. Бала Шер Әбдімәжит пен Күләтірдің баласы. Ол 14 жасқа толғанда оның білімділігі, алғырлығы, зеректігі елге аян болады. Бала Шердің арқасында әкесі Әбілмәжит Сыпа барлық патшалықтың

үстінен қарайтын аға сұлтан болады. Дастан Бала Шердің өзі сүйгені Айнылжанға қосылып мұрат-мақсатына жетуімен аяқталады. Қолжазбаның иесі Ордабасы ауданына қарасты Төрткөл ауылының тұрғыны Айтбек Бекзатханұлы.

Басқы сөзі. Бісміллә сөздің үлкені,
Бісмілләсіз айтылған
Келмейді сөздің икемі...

Соңғы сөзі. ... Үлкен аға, кіші іні
Ақ іспен жет мұратқа.
Қатасы болса ғапу ет.
Осымен сөздің болғаны.

Қолтаңбасы. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ студенті Раушан Әбдірайымқызы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1995 жылы көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-188-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Папкасы. 16 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Молла Нұралы жырлағантолық нұсқасы. 7–8 буынды жыр үлгісінде құрылған. 11 буынды қара өлең ұйқасымен айтылатын тұстары да бар.

48

Ш. 17 (ТҒЗИ)

П 5; Б 10;
20x17; 17x14

Аталуы. Жұмбақтар, аңыз әңгімелер

Жинаушы. Каттабекова Н.

Айтушы. Теңізбаев П. Түркістан қаласы Ш. 117 үйдің тұрғыны.

Оянған соң көрген түсін досы Уәлиханға айтады. Бір күндері әйелі жүкті болады. Ал патша бұл кезде үлкен кеселге шалдыққан болады. Түсі есінен шықпай жүрген патша бір ұстаға тауықтың жұмыртқасындай екі гауһар тас істетіп, оны Уәлиханға береді. Көп ұзамай патша өледі. Оның орнына патша болған Қарахан бұрынғы патшаның тұқымын құрту мақсатымен жүкті әйелді бауыздатып, далаға апарып тастайды.

Уәлихан түнде әйелдің басына барса, бір ұл, бір қыз туылып, өліктің емшегін еміп жатыр екен. Уәлихан екі гауһарды мойындарына байлап, оларды алуға Қараханнан қорқып, тастап кетеді. Ертеңіне келсе ұл бала жоқ, қыз жатыр екен. Қызды өзіне ала кетіп, әйелім туды деп хабарлап, баға береді. Атын Шерліайым қояды.

Ұл баланы жолбарыстар әкеткен екен. Бала 7 жасқа келгенде оны бір гауһаршы шал жолбарыстардан ажыратып алып асырайды. Сөйтіп атын Шеркуат қояды.

Дастан осылай жалғаса береді. Соңында Шеркуат Шерліайым бауырымен табысып, Қараханды өлтіреді. Уәлиханды патша сайлап, өзі төрт патшалықтың үстінен қарап, бейбіт өмір сүріпті.

Басқы сөзі. Алланы алып аузыма,

Қолыма алдым қаламды.

18 мың аламды

Жаратқан өзі қарамды...

Соңғы сөзі. ...Шеркуат сынды баланың,

Қысасын жазып шығардым...

Есіткен мұны халайық,

Алғысыңды сұрармын.

Қолтаңбасы. Ордабасы ауданы Ақбұлақ елді мекенінің тұрғыны Сейтжанов Сейтқазы Шөкенұлы. Қолжазбаны машинкада көшіріп жазғандар Ақбөпе Мұсабекова, Ұлман Бекарыстанова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-164-беттер

Мәтіннің орналастырылуы. Жазу қағазы толтыра жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Көшірме қолжазбада С.Саттаровтың қолымен жазылған мынадай сөздер бар: «Қолжазба Ордабасы ауданы, Ақбұлақ елді мекенінің тұрғыны (марқұм) Сейтжанов Сейтқазы Шөкенұлының мұрасы. Ол кісі 1922 жылы дүниеге келіп, 1994 жылы қайтыс болған, мазары мәлім молада».

Папкасы. 42 (ТҒЗИ)

107

Ш. 43 (ТҒЗИ)

Б. 129; Ж. 3428

29,5x20,5; 23x6

Аталуы. Үш мұңлы қиссасы.

Жинаушы. Тұрсынов Мұратжан. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының тұрғыны.

Аннотациясы. Тұрсынов Мұратжан өткізген «Үш мұңлы» қиссасының негізгі қолжазбасы Ш. 2 папкада. Бұл сол қолжазбаның машинкада терілгені.

Басқы сөзі. Бисмилла деп айтайын,
Мәдет бер тілге жазагүл.

Құданың өзі падиша,
Мақұлихаты неше қыл...

Соңғы сөзі. ...Әумин деп дуа қылыңыздар.
Үш мұңлының сөзінің,
Тамам болды аяғы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған. Қара сөзбен түсіндірілетін жерлері де бар.

Папкасы. 43 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Нұралы Нысанбайұлы жырлаған толық нұсқасы. Бұдан басқа Керімбеков Кенжебек өткізген нұсқасы Ш. 1 папкада сақтаулы.

108

Ш. 44 (ТҒЗИ)

Б. 74;

29,5x20,5; 28x15

Аталуы. Майлы ақынның, оның ұлы Жолбарыстың және т.б. өлеңдері.

Жинаушы. Сейтомар Саттаров

Автор. Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Жолбарыс Майлықожаұлы.

Аннотациясы. С.Саттаров өткізген бұл қолжазбаның ішінде Майлықожаның өлеңдерімен қатар Майлықожаның ұлы Жолбарыстың және басқа авторлардың да өлеңдері бар.

1. Майлы ақынның дүниеден өтердегі сөзі.....7 бет (192 жол)

2. Ысқақ ақынның сөзі.....1 бет (28 жол)
3. Майлықожа. Адам Салиулла туралы хикая...25 бет (752 жол)
4. Майлықожа. Құдияр ханның баласы Мәдіәмин төреге абақтыда жатқанда жолығып айтқаны.....10 бет (302 жол)
5. Исабектің Жолбарысты жоқтағаны.....4 бет (112 жол)
6. Жолбарыс ақынның Абдулла ешанға көңіл айтқаны...5 бет (136 жол)
7. Асан ақынның термесі16 бет (234 жол)
8. Көккөз шешен.....1 бет (4 жол)
9. Ұлбике мен Жанкел ақынның қағысы..... 1 бет (8 жол)
10. Әзірет Әлінің жомарттығы жайлы хикая.....4 бет (102 жол)
11. Мұса Калимулланың сақылығы.....3 бет (70 жол)
12. Олжабаев Төлеу. Жаралы болып окопта жатып өз көңілін жұбатып жазғаны.....4 бет (98 жол)

Қолтаңбасы. Сейтомар Саттаров.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 жыл 12 маусым.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Жазу қағазына әр бетіне бір қатардан жазылған.

Ақауы. Кейбір өлең жолдарын көшірушінің түзеткені байқалады.

Папкасы. 44 (ТҒЗИ)

109

Ш. 45 (ТҒЗИ)

Б. 152

29,5x20,5; 26x7

Аталуы. Халық ақыны Қ.Төлеуовтің өлеңдері.

Жинаушы. Танауова Жұпар, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

Автор. Құлжабай Төлеуов, Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Құмкент кеңшарына қарасты Қызылкөл елді мекенінде өмірге келген.

Аннотациясы. Автордың қолжазбасы. Өлеңдерінің тізімі:

1. Ұлы адам 16 жол
2. Мавзолейде..... 31 жол
3. Нұрлы тұлға..... 20 жол
4. Нақыл..... 28 жол
5. Құм суреттері..... 32 жол
6. Туған жерім, Созағым..... 44 жол
7. Табыспен тоғысайық ұлы тойда..... 50 жол
8. Партия 18 жол

9. Ленин өзі көрер ме еді көзімен.....	16 жол
10. Жарасқан ат басына нокта-жүген.....	28 жол
11. Оңтүстігім осындай.....	24 жол
12. Сайлау күні.....	36 жол
13. Жыл өтті, жылдар өтті, айлар өтті....	24 жол
14. Айнабекке.....	28 жол
15. Бал тамған миуалары жүз құбылып...	30 жол
16. Мойынкүм.....	62 жол
17. Жаңарған Жаңатас.....	46 жол
18. Балаларым, осы кезде жетпістемін.....	64 жол
19. Еңбектің құрметіне бөленгенмін.....	24 жол
20. Октябрь.....	22 жол
21. Ленин тұлғасы.....	30 жол
22. Созағым, орталығым, соққан жүрек...	37 жол
23. Қызылқұм ауданының ақыны Пернебай Қыбырбаевқа.....	100 жол
24. Қаратау.....	50 жол
25. Тұтыпты бір жағына алашаны.....	34 жол
26. Бұлақ.....	12 жол
27. Аға шопан Аманкүл.....	16 жол
28. Созақтан сәлем.....	68 жол
29. Өмір өрлеу.....	8 жол
30. Көктем.....	30 жол
31. Көрмеде көрдім Ленинді.....	31 жол
32. Қазақстанның 40 жылдығына арнаймын	26 жол
33. Қажырлы қайрат иесі.....	80 жол
34. Сарыарқа сапарынан.....	28 жол
35. Жылқышы.....	140 жол
36. Көрмегенді көз көрді.....	22 жол
37. Малшылар саған арнаймын.....	41 жол
38. Өскен өркен.....	26 жол
39. Көктөбе жайлауы.....	72 жол
40. Аға шопан.....	20 жол
41. Екі қарт.....	44 жол
42. Облыс озаттарына.....	92 жол
43. Ақынға сәлем.....	76 жол
44. Жұтқышбекке жолықтым.....	40 жол
45. Күрең биенің арызы.....	20 жол
46. Самғай бер, саңлақтарым.....	60 жол
47. Қамданбай қапы қалма.....	34 жол
48. Екінші тың ерлеріне.....	32 жол

49. Төлің өссін шығынсыз..... 26 жол
 50. Кең байтақ Қазақстаным..... 50 жол
 51. Құмкент 35 жол
 52. Қазыналы Қаратау..... 138 жол
 53. Қ.Төлеуовтің үйіне барғанда айтқан сөзі.. 32 жол (8.06.1995)
 54. Кім жауап берер екен сұрағыма..... 82 жол (8.06.1995)

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1970 жылы жинақтап, дайындаған.
 1995.08.06.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Жазу қағазына әр бетіне бір қатардан жазылған.

Ақауы. Кейбір өлең жолдарын автордың өзі қайта қарап, түзеткен.

Кейбір өлеңдері қайталанған. Кейбір өлеңдері ретсіз орналасқан.

Папкасы. 45 (ТҒЗИ)

110

Ш. 46 (ТҒЗИ)

Б. 45; Ж. 1150
 33x20,5; 28x14

Аталуы. Үміттің өлімі.

Жинаушы. Танауова Жұпар, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері.

Автор. Құлжабай Төлеуов, Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Құмкент кеңшарына қарасты Қызылкөл елді мекенінде дүниеге келген.

Аннотациясы. Дастанның оқиғасы 1919 жылы тамыз айының 25-і күні Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Құмкент советіне қарасты Құмкент совхозының Ш. 2 фермасының Бабата қыстауында болған. Қалың малға сатылған Үміт қыздың аянышты тағдыры жайлы дастан осы оқиғаға қатынасушылардың өз аузынан алынып жазылған екен.

Басқы сөзі. Сарысудың төменгі саласында,

Бетпақ пен Қоңыр құмның арасында.

Жағалбайлы елінде бір қыз туды,

Мың тоғыз бірінші жыл шамасында...

Соңғы сөзі. ... Ұшырып күлін көкке ел жауының,

Әділдік, шындық жұмыс теңдік тапты.

Үміттей тар қапаста жүрген көпке,

Шұғылалы Октябрьдің таңы атты.

Қолтаңбасы. Тәжіқұлова Гүлзат, Созақ ауданы, Құмкент кеңшарының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Дәптер қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Дәптердің парағының әр бетіне бір қатардан жазылған.

Папкасы. 46 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Қ.Төлеуов шығарған дастанның толық нұсқасы. Ш. 12 папкада Керімбеков Кенжебек өткізген папкада толық емес нұсқасы сақтаулы.

111

Ш. 46 (ТҒЗИ)

Б. 46; Ж. 928

20x16,5; 19x10

Аталуы. Қарға батыр.

Жинаушы. Танауова Жұпар, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері.

Автор. Құлжабай Төлеуов, Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы. Құмкент кеңшарына қарасты Қызылкөл елді мекені.

Аннотациясы. Қолжазба ақын Қ.Төлеуовтің өзінен алынған. Толық емес. Қарға батырдың Күлсінді алғаш көрген жерінен басталады. Қарға Алатаудың бойында жүріп сусын ішуге бір үйге кіреді. Ол үйдегі қыз оның жолаушы едім, шөлдеп келіп едім деген сөзіне еш жауап қатпай отыра береді. Қарға қызды ұнатып қалады. Күлсін – қалың малдың құрбаны. Өзіне тең емес жігітке тұрмысқа шыққысы келмей, басқа біреумен кеткелі тұрғанында оны Қарға алып кетеді...

Басқы сөзі. Мен кеттім Алатаудың бойын өрлеп,
Шыдатпай ыстық қайрат жүдә кернеп.

Ішіне қалың ағаш паналадым,
Ауылдан жылқы алуға шықтым желдеп...

Соңғы сөзі. ...Көп жандар бізден бұрын өтіп кеткен,
Түбіне сұм жалғанның кімдер жеткен.

Айыпқа бұйырмандар оқығандар,
Келмеген жері болса қателіктен.

Қолтаңбасы. Автор Құлжабай Төлеуовтікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Дәптер қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Бет саны көрсетілмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Дәптердің парағының әр бетіне бір қатардан жазылған.

Ақауы. Қолжазба дәптердің беттері түгел емес. Кейбір жерлері өшуге айналған.

Папкасы. 46 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Ш. 146 папкада “Қарға батыр” жыры деген атпен толық нұсқасы бар.

112

Ш. 46 (ТҒЗИ)

Б.8; Ж. 156
20x16,5; 19x10

Аталуы. Сәуле қыз туралы әңгіме.

Жинаушы. Танауова Жұпар, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері.

Автор. Құлжабай Төлеуов, Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Құмкент кеңшарына қарасты Қызылкөл елді мекені.

Аннотациясы. Қолжазба ақын Қ.Төлеуовтің өзінен алынған. Ел ішінде айтылған аңыз негізінде өлеңмен жазылған әңгіме.

Басқы сөзі. Бір сұлу қыз өтіпті Сәуле деген,
Жолында көрген кісі әуреленген.

Қасы жай, кірпігі оқтай, мұрны пісте.

Жүзінен ай сәулесі сәулеленген...

Соңғы сөзі. ...Есебін төреші де таба алмапты,

Сен құр ғал, сен ал деуге жарамапты.

Бұл іске менің әлім келмейді деп,

Ол да айтты шалдың сөзін бағанағы.

Қолтаңбасы. Автор Құлжабай Төлеуовтікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Дәптер қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Бет саны көрсетілмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Дәптердің парағының әр бетіне бір қатардан жазылған.

Ақауы. Қолжазба дәптердің беттері түгел емес. Кейбір жерлері өшуге айналған.

Папкасы.46 (ТҒЗИ)

113

Ш. 46 (ТҒЗИ)

Б. 16;
20x16,5; 19x10

Аталуы. Қ.Төлеуовтің айтыстары.

Жинаушы. Танауова Жұпар, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері.

Автор. Құлжабай Төлеуов, Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Құмкент кеңшарына қарасты Қызылкөл елді мекені.

Аннотациясы.

1. Құлжабай мен Айнабектің айтысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас ауданында 1958 жылы 21 тамызда ауданаралық айтыста айтысқан.

2. Арақпен айтыс (Мысал айтыс. Авторы ақын Қ.Төлеуов)

Қолтаңбасы. «Құлжабай мен Айнабектің айтысын» көшірген Тәжікұлова Гүлзат. Созақ ауданы, Құмкент елді мекенінің тұрғыны. «Арақпен айтыс» машинкада терілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Дәптер қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 ж.

Беттелуі. Бет саны көрсетілмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Дәптердің парағының әр бетіне бір қатардан жазылған.

Папкасы. 46 (ТҒЗИ)

114

Ш. 47 (ТҒЗИ)

Б. 239; Ж. 6420
29,5x20,5; 23x9

Аталуы. Ер Едіге.

Жинаушы. Қыдырәлі Саттаров, филология ғылымдарының докторы, профессор және Алтынбекова Ажар.

Экспедициясы. Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау экспедициясы

Айтушы. Түркістан ауданында тұратын жырау Болатбек Ердәулетов.

Аннотациясы. Жинақтың ішінде Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы, мәдениеті және этнофилология ғылыми-зерттеу институты «Атамұра» бөлімінің меңгерушісі ф.ғ.д., профессор Қ.Саттаровтың жазған «Түрік-Сір елінің батыры – Ер Едіге» деп аталатын алғы сөзінде Едіге жыры туралы, оның зерттелуі туралы толық айтылған.

Басқы сөзі. Бастайын бисмилладан сөздің басын,

Бар болса қай жұмысқа ықыласың.

Ойынға ойды бөліп үйір болса,

Тоғызға толып тұр ғой сенің жасың...

Соңғы сөзі. ...Отырған ылғи ардақты,

Мекемеде жиылып.

Дұшпаның өлді дегенсін,

Бір шаттанды желігіп.

Қолтаңбасы. Машинкада терілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына жазылған.

Беттелуі. Европа санымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әрбетке толық бір қатардан жазылған.
Папкасы. 47 (ТҒЗИ)

115

Ш. 48 (ТҒЗИ)

Б. 7;
30,5x21; 28,5x18,5

Аталуы. Әңгімелер.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы. Жақан Жұмалиев.

Аннотациясы. Бұл жинақта ел арасында аты шыққан Өгіз палуан, Қайырбек палуан жайлы айтылған әңгімелер және қарақұрт шаққанда оның уытын қайтару үшін оқылатын арбау өлеңдері берілген.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Европа санымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 48 (ТҒЗИ)

116

Ш. 49 (ТҒЗИ)

Б. 32;
25x20,5; 24x18

Аталуы. Аңыздар.

Жинаушы. Табризов Сүлеймен, Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Созақ ауылының тұрғыны.

Аннотациясы. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданын қарасты жер аттарына байланысты аңыздар.

1. Ақбикеш
2. Уанас, Кескентерек оқиғасы
3. Қызтөккен, Қыземшек аңызы
4. Келіншек тау жайлы аңыз
5. Қарлығаш қыздың сағанасы
6. Ақназар
7. Қырғызбұққан

Қолтаңбасы. Табризов Сүлеймен.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 ж. Созақ ауылы

Беттелуі. Бет саны көрсетілмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Ақауы. Текстердің кейбір жерлерін өшіріп, қайта жазған тұстары кездеседі.

Папкасы. 49 (ТҒЗИ)

Аталуы. Жақсы әйел жаман еркекті адам етеді.

Жинаушы. Садықов Сали.

Аннотациясы. Бір патшаның ақылды уәзірі болады. Олар бірде аспанда ұшып бара жатқан қаздарды көреді. Қаздың алдыңғысы ең соңғысына қарап «ғаңқ» дейді. Осы кезде патша оның не дегенін уәзірінен сұрайды. Уәзірі жауап таба алмайды. Үш күнге мұрсат береді. Егер таппаса басын алатынын айтады. Міне, осындай қиын жағдайда қалған уәзірді бұл жазадан патшаның қызы құтқарады. Патша қызына ренжіп, елдегі ең жаман адамға қосады да тауға апарып тастайды.

Ертегінің соңында патшаның жақсы әйел жаман еркекті адам ететініне көзі жетіп, қызын кешіріп, күйеу баласын орнына патша сайлайды.

Басқы сөзі. ...Бұрынғы өткен заманда үлкен бір елді сұраған патшаның өте ақылды, дана уәзірі болыпты...

Соңғы сөзі. ...Дана әйелдің арқасында боқ жегіш жігіт бір елге патша болыпты

Қолтаңбасы. Садықов Сали.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 50 (ТҒЗИ)

Аталуы. Диуани хикмет

Жинаушы. Әлмаханов Болат, Кентау қаласының тұрғыны.

Автор. Қожа Ахмет Ясауи

Аннотациясы. Ясауи хикметтері. Транскрипциямен берілген. Хикметтердің рет саны берілмеген.

Басқы сөзі. Биссымылла раһиман раһим
Биссымылла деп байан ойлай ікімат айтып,
Талыбларға дүр гауһар шаштым мена.

Рана затни қатты қанлар жұтып,

Мен дәптар сана сөзні аштым мена...

Соңғы сөзі. ...Сән сопы болма сопылық асан емәс,
Ақ расул сопы болып дүние малны алған емәс.

Сопы болып дүниәні сүйгән емәс,

Сопы нақыш болдың әзіңіз мұсылман болмадың.
Қолтаңбасы. Сәрсенбаев Бейсекей (1906–1983).
Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.
Жазылған жылы, жері. 1966 ж. 5 қаңтар.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр жолы блокноттың екі бетіне бірдей жазылған.
Ақауы. Тексттердің кейбір жерлерін өшіріп, қайта жазған.
Папкасы. 51 (ТҒЗИ)

119

Ш. 52 (ТҒЗИ)

Б. 173; Ж. 5000
25x17; 19x15

Аталуы. Мұхаммед пайғамбар туралы өмірбаян.
Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны.
Автор. Шәді төре Жәңгірұлы.
Аннотациясы. Үш дәптерге жазылған Мұхаммед пайғамбардың алла тағаладан періштелер арқылы әмір келіп пайғамбар аталуы, жеті көкті аралап шығуы, өмірінің соңы, Шәді төре жазған Насиһат нәмалар бар.
Басқы сөзі. Ніжірәтға он бірінші болды сана,
Сапардың әуәліндә ерді жана.
Ойшаның ніжірәсінә жиып алды
Аспабның кәттасының бәрін хәмә...
Соңғы сөзі. ...Бұл сөзден пайда болар менің атым,
Муддәһәм ақырғаша қалса хатым.
Расулнің салауатын оқыған соң,
Дуадан жоқтағай деп бұл әжетім.
Қолтаңбасы. Байшора Молдабеков, Түркістан қаласының тұрғыны.
Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.
Жазылған жылы, жері. 1983 ж. март-май.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.
Папкасы. 52 (ТҒЗИ)

120

Ш. 53 (ТҒЗИ)

Б. 142; Ж. 3836
29,5x20,5; 22x8

Аталуы. «Үш мұңлы» дастаны.
Жинаушы. Филология ғылымдарының докторы, профессор Қыдырәлі Саттаров және Тойшы Жантөлеев, Түркістан қаласының тұрғындары.
Айтушы. Нұралы Нысанбайұлы

Аннотациясы. «Үш мұңлы» дастанының бұл нұсқасы да басқа варианттарына ұқсас. Оқиғасы да бірдей. Бірақ дастанның басталуы, аяқталуының өзгерістері бар. Басты кейіпкері патшаның аты бұл нұсқасында Мекаул деп беріледі. Басқаларында Мекаил. Бұл көшірушінің қатесі болса керек.

Басқы сөзі. Нұралы Боралдайда тұрар еді,
Қағазға қаламмен хат жазар еді.
Есімі деп кей адамдар жақтырмады,
Түсінсе мұнысына жылар еді...

Соңғы сөзі. ... Солар да өтті дүниеден,
Қол жайып дуа қылыңдар.

Тамам болды жақсылар,
«Үш мұңлының» аяғы.

Қолтаңбасы. Тойшы Жантелеев.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 53 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Қолжазба қорының Ш. 1, 2 және 43 папкаларында осы Нұралы Нысанбайұлы жырлаған варианттары бар.

121

Ш. 54 (ТҒЗИ)

Б. 1;
29,5x20,5; 23x8

Аталуы. Бұқар жыраудың жастық шағын еске алғанда айтқаны.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Аннотациясы. Қызылорда облысының тұрғыны Қари Байдәулетовтен жазып алынған Бұқар жыраудың жастық шағын еске алғанда айтқан бір сөзі.

Басқы сөзі. Қымыз-ай, қыз-ай
Өттік-ай, біз-ай...

Соңғы сөзі. ... Ішкенде дәм жоқ,
Бәрі бір ащы тұз-ай.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бет толық жазылған.

Папкасы. 54 (ТҒЗИ)

122

Ш. 55 (ТҒЗИ)

Б. 12;
29,5x20,5; 24x17

Аталуы. Әзіл-қалжың әңгімелер.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Аннотациясы. Қызылорда облысы Құланды совхозының тұрғыны Ұмсынай Керімова, Насрадин Кариев, Әнәпия Әлиевтен жазып алынған ауыл арасында айтылған әзіл-қалжың әңгімелер.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бет толық жазылған.

Папкасы. 55 (ТҒЗИ)

123

Ш. 56 (ТҒЗИ)

Б. 14; Ж. 280
21x15; 18x14,5

Аталуы. Аллаға мінәжат.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Жетпіс шумақтан тұратын, Аллаға құлшылық ету мазмұнында жазылған діни өлең.

Басқы сөзі. Жақсылар мен оқимын жазғанымды,

Қымбатты алла білер арзанымды.

Өкінем өткен іске пұшайман жеп,

Тістеумен өтіп барам бармағымды...

Соңғы сөзі. ...Жасымда жан қимадым мен өлімге,

Жолдас қыл иманымды өлерімде.

Құдая өзің афу қылмасаңыз,

Күнәнің әр түрінің бәрі менде.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өр бет толық жазылған.

Папкасы. 56 (ТҒЗИ)

124

Ш. 57 (ТҒЗИ)

Б. 65; Ж. 2402
20,5x16,5; 19,5x10

Аталуы. Жетім құбыл.

Жинаушы. Муминов Әшірбек.

Аннотациясы. Ташкент облысы Бостандық ауданы Тоғызкөл ауылының тұрғыны Сүлейменов Сапарбектен алған бұл дастан аяқталмаған. Оқиғасы басқа дастандарға ұқсас. Жаһанча деген патша өмір сүрген екен. Оның ақылды да сенімді Қалатча атты уәзірі болады. Екеуі де бір перзентке зар екен. Күндердің бір күнінде бірі ұлды, бірі қызды болады. Патшаның сеніміне әбден кірген Қалатша бір күні патшаны у беріп өлтіреді. Бала Жаһангер жетім қалады.

Елді Қалатша басқарған жылдары жоқшылық болады. Ол бір күні уәзірлеріне бір семіз өгіз тауып әкелуді бұйырады. Ондай өгіз тек Жаһангерде бар болатын. Соны әкелуге бұйрық береді. Қарсы болған баланы сегіз жылға зынданға тастайды. Зынданда жатқан Жаһангерге Қызыр баба келіп кітап береді... Дастан Жаһангердің Қалатшаның әскерін жеңуімен және Қалатшаның таудағы үңгірге қашып барып зарланып жылауымен біткен.

Басқы сөзі. Бисмилла сөз ұлығы

Бисмилласыз басталмас.

Каламның жазған бұйрығы,

Бисмилла айтқан бәндеге

Қыла алмас шайтан қулығын...

Соңғы сөзі. ...Жылай берген зарланып,

Ісінің болмай барары.

Бұлар тұрсын мұнымен,

Айтайын Асыл баланы.

Қолтаңбасы. Сүлейменов Сапарбек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Дәптерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 57 (ТҒЗИ)

125

Ш. 58 (ТҒЗИ)

Б 79; Ж. 2224
17,5x12,5; 15,5x8

Аталуы. «Кұлып» дастаны.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны.

Автор. Жекмұрзаев Шалбәкір (1890–1975)

Аннотациясы. Дастанның бұл нұсқасын автордан алғаш жазып алған Балтакөл ауылының тұрғыны Иманбердиев Ыдырыс. Бұрын еш жерде жарияланбаған.

Дастанның оқиғасы қай жылдары болғаны айтылмаған. Қожадан шыққан Кесірлі қара атанған белсендінің қиянатты істерінің құрбаны болған Баян мен Құлыптың тағдыры баяндалған.

Құлыптың сұлулығына қызығып, оны алмақшы болған Кесірлі қара Баянды жала жауып 10 жылға соттатып жібереді. Бірақ Құлып оған көнбейді. Нәрестесін ата-енесіне тастап, елден кетіп қалады. Көп қиыншылықтарға тап болады. Еркекше киініп бір дана қарияның қойын да бағады. Құлыпты баласындай көріп, оған өзінің қызын қоспақшы болады. Кейін Құлыптың айтқан өлеңін естіп, қария Құлыптың басындағы қасіретті түсінеді.

Дастан Құлыптың өз ортасына келіп, Баянның түрмеден оралып, өз отбастарымен қауышуымен аяқталады.

Басқы сөзі. Қызылқұм деген ауылдан
Азғана емес аумағы.

Ортадан ашып базарды,
Аптада істеп қайтады...

Соңғы сөзі. ...Есіткендер Құлыпты,
Я тентек, я дұрысты.

Беріңдер алғыс маған-ай,

Әуелі қиын болса да,

Оңай болып ақыры,

Қосылды бәрі аман-ай!

Қолтаңбасы. Иманбердиев Ыдырыс.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың блокнотқа көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1994 жыл 29 июнь.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке толық жазылған.

Папкасы. 58 (ТҒЗИ)

126

Ш. 59 (ТҒЗИ)

Б. 2;
29,5x21; 28x17

Аталуы. Әзіл әңгімелер.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Айтушы. Меркебай Тағыбергенов.

Аннотациясы. Шалқар ауданында тұратын Сырғабек дейтін кісінің күлдіргі әңгімеге арқау болған әрекеттері жайлы әзіл әңгімелері.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 59 (ТҒЗИ)

127

Ш. 60 (ТҒЗИ)

Б. 113;
20,5x15,5; 18,5x10

Аталуы. Аллаға мінәжат. Термелер.

Жинаушы. Мұсаева Сәуле.

Аннотациясы. Бұл қолжазба дәптерде жазылған шығармалар дінге қатысты. Қолжазбаның иесі Әмзе Божбанбаевтың балаларына ескерткіш ретінде жазып кеткен шарифаттың заңдары, өсиет, насихаттар, Аллаға мінәжат көне қолжазба кітаптардан көшірілген (транскрипциямен). Қорда осы “Аллаға мінәжат” деген атпен аталатын басқа да мінәжаттар Ш. 15, 22, 56 папкаларда бар. Сондай-ақ бірнеше терме жазылған.

Қолтаңбасы. Әмзе Божбанбаев.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың дәптерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 20.I.1981 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 60 (ТҒЗИ)

128

Ш. 61 (ТҒЗИ)

Б. 77; Ж. 4000
29,5x21; 24x7

Аталуы. «Әмзе шері» дастаны.

Жинаушы. Бейсенбаев Тастанбек.

Айтушы. Нұралы Нысанбайұлы

Аннотациясы. Мұсылман дінін насихаттайтын діни дастан. Меккеде мұсылман діні болмаған кезде он сегіз рулы ел өмір сүрген екен. Олардың патшалары Умам кәпір екен. Ол Омар палуанға Мұхаммедті өлтіруге бұйрық береді. Омар Мұхаммедті өлтіруден алдын пұтханаға кіреді. Сонда пұттардың біреуі Омарға Алланың сүйер досына ешкім залал қыла алмайтынын ескертеді. Омар райынан қайтып үйіне келеді. Қарындасына балық пісіріп бер дейді де өзі ұйықтап кетеді. Ағам ұйықтады деп қыз қолына Құран кітабын алып оқи бастайды. Омардың қарындасы мұсылман дініне кірген болатын. Бірақ оны ағасына айтуға қорқып жүреді. Қыз кітапты оқи бастағанда Омардың көңіліне бір жарық кіргендей болады да оянып кетіп қарындасына тағы да оқи бер дейді. Қорқып кеткен қарындасы кітапты қызып тұрған тандырға тастап жібереді.

Соң қарындасы барлық жайды ағасына айтып береді. Омар сонда өзінің іс-әрекетіне өкініп, тандырдың аузын ашып қараса кітап сол күйі жатыр екен. Содан мұсылмандықты мойындаған Омар қарындасымен бірге Расулге барып дінге мойынсұнғанын айтады. Әмзе палуан да Омардың досы. Дастан осылай жалғасып кете береді...

Басқы сөзі. Шығарған молла Нұралы,
Жиені Шоқай ұраны.

Боралдайдың жағасы,
Көктөбеде тұрағы...

Соңғы сөзі. ...Өліктерді жандырып,
Үш күнге дейін көмісті.

Пайғамбарды ортаға алып,
Әммә кәпір жиылып,
Оқытты молла тыйым.

Қолтаңбасы. II курс студенті Жантасова Салиха.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына қара сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке екі бағанмен толық жазылған.

Папкасы. 61 (ТҒЗИ)

129

III. 62 (ТҒЗИ)

Б. 4;
29,5x21; 28x13

Аталуы. Ноғайбай ақынның өлеңдері.

Жинаушы. Әлиев Инаят, Қызылорда облысы Қазалы ауданының тұрғыны

Автор. Ноғайбай ақын (басқа дерек жазылмаған)

Аннотациясы. Қызылорда облысының тұрғыны Кәрібоз

Байдәулетидің архивінен алынған Ноғайбай ақынның өлеңдері:

1. Өмірге неге келдім (16 жол)
2. Кең далам (16 жол)
3. Құдайым көзімді алды көрмесін деп (12 жол)
4. Құдіретті күшім болса (44 жол)

Ноғайбай ақын XIX ғасырдың екінші жартысында Зайсан өлкесінде өмір сүріп, артына өлмейтұғын мұра қалдырған өнерпаз зағип ақын әрі әнші, сазгер.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 62 (ТҒЗИ)

Ш. 63 (ТҒЗИ)

Б. 63;
29,5x21; 28x19**Аталуы.** Ел ішінен жиналған түрлі әңгімелер.**Жинаушы.** Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны.**Аннотациясы.** Бұл әңгімелерді кімнің аузынан жазып алғаны туралы дерек айтылмаған.

Қолжазбаның ішіндегі әңгімелердің тақырыптары:

1. Битуардың өлеңнен екі рет жеңілуі – 6 бет
2. Зүбайра – 1 бет
3. Битуар мен қыздың айтысы – 3 бет
4. Қалыңсыз қыз болмайды, ұрансыз ел болмайды – 8 бет
5. Батаның түрлері – 21 бет
6. Индемес байға құдай беріп қойған – 3 бет
7. Ақберді ақын – 1 бет
8. Әр мүшенің өз қызметі бар – 1 бет
9. 18 жасар Таубайдың машинаға соқтығып дүниеден қайтқанда әкесі
Өтенбайдың өзіне-өзі тоқтау бергені – 52 жол
10. Байлық пен барлығыңа мақтанба – 1 бет
11. Әулиелі жер – 1 бет
12. Бұйрық – алланың ісі – 1 бет
13. Балтакөл атауының шығу тарихы жайлы – 4 бет
14. Лақты ешкі – 1 бет
15. Қызылбай тәуіп – 8 бет

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына көк сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1995 ж. Түркістан қаласы**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Әр бет толық жазылған.**Папкасы.** 63 (ТҒЗИ)

Ш. 64 (ТҒЗИ)

П.70; Б.80
28 x 17,5**Аталуы.** Аңыз әңгімелер. Болыстар, билер, датқалар, олардың ел-бірлігін сақтаудағы тапқырлық тұжырымдары мен қанатты сөздері.**Жинаушысы.** Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны.**Аннотациясы.**

1. Төле болыстың болыстықтан түсуі.
2. Жұман палуан.
3. Бидің баласының айтқаны.
4. Канал құрылысы осылай басталып еді.
- 5.

Қанағат жайлы. 6. Сендер құдайды алдамасандар... 7. Қызыл тары. 8. Жақсыдан шарапат... 9. Түйе ауруы туралы. 10. Қарының өмірбаяны. 11. Түйеге байланысты атаулар. 12. Мына салауатты жұма күні жүз рет оқу керек. 13. Түркі тіліндегі тілек. 14. Құранның патасы. 15. Ишандардың дуасы. 16. Бурахан Исақұлов. 17. Жұман мен Шегебай болыс. 18. Битуар мен қыз. 19. Калхоз болыс жайлы көргендер мен білгендер естеліктері. 20. Әймен Нұра уақиғасы. 21. Он бір Аһмәд. 22. Тұрмағанбет жайлы деректемелер. 23. Тұрмағанбеттің қызынан жеңілуі. 24. Айтжан дамылланың айтқаны. 25. Жұман би туралы деректеме. 26. Шегебай болыстың қайта сайлануы. 27. Әбубәкір қарының айтқандары. 28. Жетімдерлер елінен шыққан Қоныс датқа Болғанбай. 29. 4 нәрсе 4 нәрсеге келтіреді... 30. Құран жайлы Әбубәкір қарының айтқандары. 31. Ырызғы қалай мол болады... 32. Жігіт туралы. 33. Маңғытай, саңғылға тастай сал. 34. Киров каналы құрылысы. 35. Арғын Сәрсенбай би, Қонақбай болыс, Алшынбай болыс жайлы ел ішіндегі әңгімелер. 36. Сапарбайдың Назым сұлуға ұрын баруы. 37. Дуа дарымау үшін қазақтар қолданатын жағдаяттар. 38. Қазақ халқында болған жыр қыссалар, дастандар. 39. Шешемді екі есе жақсы көремін. 40. 7-сұлтан.

Басқы сөзі. Елғонды датқа, Төле болыс тоқал тінейлер.

Соңғы сөзі. Х.А.Ясави – Түркістанда тіршілік жасаған.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1994 жыл қарашада жазып алынған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 79-бет.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетте толық жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 64 (ТҒЗИ).

132

Ш. 65 (ТҒЗИ)

П.15; Б.30; Ж.12046
16 x 8; 16 x 7;

Аталуы. Әмір-Әмзе.

Жинаушысы. Керімбеков Кенжебек.

Аннотациясы. Діни дастан.

Басқы сөзі. Бисмилла қалам ұстадым
Ішінде болар қаламды...

Соңғы сөзі. ...Опасы жоқ жалғанда,
Жыламас едім қайғырып.

Қолтаңбасы. Битемірұлы Мырзатайдың қолтаңбасы. 1925 ж. Өгізтауда туған. Түркістан қаласының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың жол көз дәптер қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1925 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-32-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан, арасында қара сөзбен жазылған жерлері де бар.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Сиясы өшуге айналған.

Нұсқасы. Мырзабек Байжанов жырлаған нұсқасы.

Папкасы. 65 (ТҒЗИ)

133

Ш. 66 (ТҒЗИ)

П.29; Б.29; Ж.76;
25 x 10

Аталуы. Хал ахуал.

Жинаушысы. М.Мырзахметов.

Аннотациясы. Хал ахуал, Баян нама, Партия хақында, Гибратнама деп аталатын бірнеше тақырыпты қамтиды.

Басқы сөзі. Жігіттер жақсы қайда үлгі шашқан,
Жүдеген ғариплардың көңілін ашқан...

Соңғы сөзі. ...Ет үшін бір-екі елі торға түскен,
Тіл алсаң бола көрме қаршыға сол.

Қолтаңбасы. Машинада терілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы, қазіргі кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Казан. “Домбравский” матбағасында.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-29-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Соңғы жағында қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 66 (ТҒЗИ).

134

Ш. 67 (ТҒЗИ)

П.32; Б.63; Ж. 11086
19 x 6,5; 19 x 7

Аталуы. Сауда ешен-Маһал бай.

Жинаушысы. Құралбек Ергөбеков.

Аннотациясы. Бұл дастанның оқиға мазмұны Ш. 1, 20, 36 папкадағы дастандармен ұқсас. Кейбір өзгерістердің болуы жыршының, айтушының шеберлігіне байланысты болуы керек. Дастанның аты

бірде Сауда ишан, бірде Болат-Жанат, енді бірде Сауда-Ешен-Маһал бай болып келеді. Оқиғасы бірдей.

Басқы сөзі. Бісміллә деп бастайын,
Маһал мен Сауда ғазалын...

Соңғы сөзі. ...Осыменен, жақсылар,
Маһал мен Сауда дастаны.

Қолтаңбасы. Құралбек Ергөбеков.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 жылы сәуір. Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Қазығұрт ауданындағы “Рабат” елді мекенінің тұрғыны Арын Қосуақұлының қолжазба дәптерінен жазып алынды.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-42-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан, кей беттерде бір қатардан орналасқан. Арасында қара сөзбен жазылған жерлері де бар.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 67 (ТҒЗИ).

Нұсқасы. Сахы Арынбекұлы жырлаған. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданындағы “Рабат” елді мекенінің тұрғыны.

135

Ш. 67 (ТҒЗИ)

П.32; Б. 63; Ж.172

19 x 11

Аталуы. Ақының сыйлағанға емес жынды.

Жинаушысы. Құралбек Ергөбеков.

Жырлаушы. Сахы Арынбекұлы.

Аннотациясы. Қисса-дастан.

Басқы сөзі. Бісміллә, сөз бастайын қалам алып,
Талқылып қызыл тілді жолға салып...

Соңғы сөзі. ...Азанда қандай қылып аттандырар,
Отырмын біледі деп қадірімді.

Қолтаңбасы. Құралбек Ергөбеков.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 жыл сәуір.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 43-54-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 67 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Төлеш, Сахы ақындар нұсқасы.

136

Ш. 67 (ТҒЗИ)

П.32; Б.63; Ж.43
19,5 x 14,5

Аталуы. Жеті ғаріп.

Жинаушысы. Құралбек Ергөбеков.

Аннотациясы. Асан қайғының, Торайғыр бидің айтқаны, шешендік сөздер жазылған.

Басқы сөзі. Алты алашқа атақты Асан қайғының “Бұл заманда не ғаріп?”...

Соңғы сөзі. ...Шет-шегі жоқ кең ұғымдар мен өмір құбылыстарын қасиетті сандармен өрнектеп, мәні терең, мәңгіге өлмес ой түйіндеп, мұралар қалдырған халық шешендері еріксіз қайран қалдырады.

Қолтаңбасы. Құралбек Ергөбеков.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1989 жылдың тамыз айы, Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданындағы Атбұлақ ауылы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 55-60-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Арасында қара сөзбен жазылған жерлері де бар.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 67(ТҒЗИ).

137

Ш. 67 (ТҒЗИ)

П.32; Б.63; Ж.41
19,5 x 9,5

Аталуы. Ақ баталар.

Жинаушысы. Ергөбеков Құралбек.

Аннотациясы. Қариялар батасының түрлері жинақталған.

Басқы сөзі. Е, құдайым, жаз бер.

Жаз берсең жазбай бер...

Соңғы сөзі. Үйіңнің шаңырағы қайың болсын,

Алладан не сұрасаң дайын болсын.

Қолтаңбасы. Дәнегүл Ержанқызы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1989 жыл. Қазығұрт ауданындағы “Махамбет Өтемісұлы” ауылы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 61-63-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Арасында қара сөзбен жазылған жерлері де бар.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 67 (ҒЗИ.)

138

Ш. 68 (ТҒЗИ)

П.69; Б.69

27 x 16

Аталуы. Деректеме.

Жинаушысы. Керімбеков Кенжебек.

Аннотациясы. Ел арасында айтылып жүрген аңыз әңгімелер, өлеңдер:

1. Қазақтың көкпары. 2. Ағайынға арнадым. 3. Дүйсен ақынның больницада жатып Әдеш жиеніне арнап жазған өлеңі. 4. Дүйсен ақынның больницада жатып Әбубәкір туысына өлеңмен жазған сәлемі. 5. Дүйсеннің түсі. 6. Түсті жорушы қажының айтқандары. 7. Махсұттың әкесін жоқтауы. 8. Әжеміздің әңгімесі. 9. Орта жүз Тарақты жайлы шежіре. 10. Қыпшақ Бұдабайдың сөзі. 11. Саңғыл Құлыншақ ақын. Найман Жүсіптің сөзі. 12. Майлықожа айтыпты. 13. Молда Мұса айтыпты. 14. Айдар алшын айтыпты. 15. Дүйсен ақынның Свердлов қаласында түрмеде жазған өлеңі. 16. Өсиет-нама. 17. Наурызбайға. 18. Жұмбақтар. 19. Адамды жыланның арбауы. 20. Битуар туралы ел-ішінде сақталған мұралар. 21. Будабай ақын-өзі Әлменбет қыпшақ. 22. Ұрлық түбі – қорлық. 23. Сәрсенбай дамылла туралы мәлімет. 24. Рак ауруының ел-ішіндегі емдеуі жайлы. 25. Қызылқұмдағы Мыңқұдық жайлы мәліметтер. 26. Қызыл ақын (Мұсабек Байжанов) туралы мәлімет.

Басқы сөзі. 1957-60 жылдары Шардара, Жетісай аймағынан келемін...

Соңғы сөзі. ...Індемес байдың сақшылығын көруге кезінде Байзақ датқа сықылды датқалар (Жетімдер руынан) барып көріпті деген ел ішінде әңгімелер бар.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптер қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Наурыз 1996 жыл. Түркістан қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-69-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдарымен де, қара сөзбенде жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 68 (ТҒЗИ)

Аталуы. Беташар.

Жинаушысы. Садықов Сали.

Аннотациясы. Қарақалпақстандағы қазақтардың жаңа түскен келіннің бетін ашарда айтқан беташар сөздері. Екі дәптерге жазылған.

Басқы сөзі. О-О-ОУ енеңіз шашу шашуда,
Дарьядай кеулі тасуда...

Соңғы сөзі. ...Хамдилла деген қайын ағаң
Оған берсең бір сәлем.

Қолтаңбасы. Света Үмбетқызы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді дәптер қағазы, қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қарақалпақстан.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-75-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 69 (ТҒЗИ).

Аталуы. Ишан, ақындар туралы.

Жинаушысы. Әлиев Інаят.

Айтушысы. Өтеш. Шалқар қаласының имамы 86 жаста Әйтеке би көшесі.

Аннотациясы. Әр түрлі діни әңгімелер.

Басқы сөзі. Қызылорда облысы, Арал ауданының Құланды маңында өткен, мешіт салып, ел арасына дінді таратқан көптеген ишандар туралы аңыздар ел арасына тарап кеткен.

Соңғы сөзі. Бір күні жылан арбап енді жыланның аузына түскелі тұрған торғайды құтқарып алыпты. Осы жерде айтатын бір нәрсе Әйтекең аңдарды да арбайды екен деген аңыз бар.

Қолтаңбасы. Әлиев Інаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қызылорда облысы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-7-беттер.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 70 (ТҒЗИ).

141

Ш. 71 (ТҒЗИ)

П.9; Б.9; Ж.220
28 x 15;

Аталуы. Қайсар батыр.

Жинаушысы. Әлиев Інаят.

Айтушысы. Жүсіпов Мұзарап. 1905 жылы туып, 1972 жылы қайтыс болған.

Аннотациясы. Қайсар батыр. Алапта өскен ақ күріш. Жыл мезгілдері. Тәйімбеттің ерлігі туралы жыр. Боранмен белдескенде.

Басқы сөзі. Ешкімнен батыр қорықпас күшті ғой деп,
Жыланнан қылыш қайтпас істі ғой деп...

Соңғы сөзі. Қажырлы еңбек етпегенде
Бір отарға қауіп еді.

Қолтаңбасы. Әлиев Інаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қызылорда облысы. Қармақшы ауданы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-9-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 71(ТҒЗИ).

142

Ш. 72 (ТҒЗИ)

П.12; Б.12; Ж.304
28 x 15

Аталуы. Көнек Қыпшақбайдың толғауы.

Жинаушысы. Әлиев Інаят.

Айтушысы. Ақанжан Келімбетұлы.

Басқы сөзі. Егасы патша әлемнің патша құдай,
Аятта құлқуалла емес Жұбай...

Соңғы сөзі. ...Көргенше қош қалындар барша халық,
Даярлап шақырып тұр әліміз-ай.

Қолтаңбасы. Әлиев Інаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қызылорда облысы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-12-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 72 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Қарасақал Ерімбет (1884 – 1916)

143

Ш. 73 (ТҒЗИ)

П.29; Б.29; Ж.320

29 x 16,

Аталуы. Күлкі кені – Дайрабай.

Жинаушысы. Табризов Сүлеймен.

Айтушысы. Есіркеп Өмірбеков.

Аннотациясы. Созақ өңіріне аты белгілі Дайрабай жөнінде ел аузында айтылып жүрген әңгіме.

Басқы сөзі. Дайрабай жөнінде ел аузында айтылып жүрген әңгімелер аз емес...

Соңғы сөзі. ...Сөздің күшімен Дайрабай Досымбекті шығарып алады.

Қолтаңбасы. Табризов Сүлеймен.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптерге қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Созақ ауданы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-29-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Қара сөзбен жазылған, арасында өлеңмен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 73 (ТҒЗИ).

144

Ш. 74 (ТҒЗИ)

П. 4; Б.8; Ж.144;

21 x 16,

Аталуы. Күзембаев Палымшаның түрмеде жазған өлеңі.

Жинаушысы. Керімбеков Кенжебек.

Авторы. Күзембаев Палымша.

Басқы сөзі. Кел қайалым кеңесейік екеуміз,
Жараспайды жатқанымыз бекер біз...

Соңғы сөзі. ...Справка қағаз алып босанып
? істеп жүрмін пайданы.

Қолтаңбасы. Автордікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу дәптері, қазіргі кирилл жазуымен, қара қаламмен жазылған.

Жазылған жылы, жері.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-4-беттер.
Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.
Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.
Ақауы. Парақтары жыртылған, жазуы өшіп бара жатыр.
Папкасы. 74 (ТҒЗИ).

145

Ш. 74 (ТҒЗИ)

П. 9; Б.9; Ж.440
18,5 x 15,5

Аталуы. Әзірет Әлі мен Дариханның күресі.
Жинаушысы. Керімбеков Кенжебек.
Аннотациясы. Толық емес. Әзірет Әлі мен Дариханың күрескен сәтінен басталады.
Басқы сөзі. Бастайды бірін-бірі кезек-кезек,
Тұрған жоқ аянысып бойын тезеп...
Соңғы сөзі. ...Бір дұға оқыңыздар Әлі айдарға
Әлінің болып жатсын көңілі шат.
Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, кара, қызыл, көк қаламмен жазылған жерлері бар.
Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.
Беттелуі. Араб цифрымен жазылған. 4-9-беттер.
Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.
Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.
Ақауы. Парақтары жыртылған, жазуы өшіп бара жатыр.
Папкасы. 74 (ТҒЗИ).

146

Ш. 75 (ТҒЗИ)

П.38; Б.76; Ж.1625
19 x 12

Аталуы. Әр түрлі ақындардың өлеңдерінен үзінді.
Жинаушысы. Әлиев Інаят.
Басқы сөзі. Көлде жүзген қазүйрек
Шөл қадірін білерме?...
Соңғы сөзі. ...Қатарыңнан озасың
Бәйге атындай адақтай.
Қолтаңбасы. Алмас Алматов.
Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптер, қазіргі кирилл жазуымен, көк, қызыл сиямен жазылған.
Жазылған жылы, жері. Қызылорда қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 5-79-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан, кей беттерде екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 75 (ТҒЗИ)

147

Ш. 76 (ТҒЗИ)

Б. 116;
29,5x21; 28x19

Аталуы. Ел ішінде айтылып келген әңгімелер

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны

Аннотациясы. Керімбеков Кенжебек тапсырған бұл қолжазбада елдегі көнекөз қариялардың аузынан жазып алған түрлі әңгімелер бар.

Олардың тізімі төмендегіше:

1. Балтабай ақынды мен тауып сөйлегенінен қадірлеуші едім (8 бет)
2. Дайрабай туралы жаңа деректер (2 бет)
3. Бейнамаз қонақ (1 бет)
4. Қажымұханмен кездесуім (2 бет)
5. Құлыншақ ақын туралы шолақ қорғандық зейнеткер Есіркеп
Өмірбековтің естелігі (3 бет)
6. Батыр келіншек (2 бет)
7. Ақсәлделі, көкшапанды әулие мқолдады (2 бет)
8. Бақ тайды ғой (2 бет)
9. Алдырған албырт деген (2 бет)
10. Беласар көтерген тас (1 бет)
11. Беласардың қартайып қателіктерін мойындауы (5 бет)
12. Беласардың «арыстаны» (2 бет)
13. Ақсүмбелік Сапарбайдың көрегендігі (2 бет)
14. Хамза Хаким Заде Ниязи – зиарат орны (1)
15. Ұқаша ата намаз оқыған жер (1 бет)
16. Ботаның қос кіндік болуы (2 бет)
17. Сары бала, сары даланың қамы үшін (3 бет)
18. Асты қорлама құстырады, ерді қорлама ... (1 бет)
19. Құлыншақ ақынның қонақкәдесі (1 бет)
20. Әруақ аттаған оңбайды (2 бет)
21. Ескіше оқу кереметі (6 бет)
22. Әубәкір қарының Әзіреті Ұқаша атаға түнеуі (4 бет)
23. Төре шежіресі (2 бет)
24. Әулиелер кереметі мен аңыздар ұқсастығы (1 бет)
25. Ұқаша ата құдығынан теңге-тиын алып шығу (2 бет)
26. Төрткүл әулие тарихы (4 бет)

27. Аулабек қарияның айтқан әңгімелері (21 бет)

28. Саттар Ерубасев музейін қалай аштық (31 бет)

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Ақауы. Көк сиямен жазылған жазулар жайылып, түсініксіз болуға айналған. Оқылуы қиындық тудырады.

Папкасы. 76 (ТҒЗИ)

148

Ш. 77 (ТҒЗИ)

Б. 122; Ж.
29,5x21

Аталуы. Халықтың қалаулы жыршысы Қалдыбек Әліқұлов.

Жинаушы. Қыдырәлі Саттаров және студент Жарылқасын Тұяқбаев.

Экспедициясы. Қыдырәлі Саттаровтың қазақ фольклорын жинау экспедициясы.

Аннотациясы. Бұл жинаққа студенттер күшімен құралған фольклор экспедициясы арқылы жиналған халық ақыны Қалдыбек Әліқұловтың шығармалары (толғаулар, термелер, айтыстар, дастандар мен қиссалар) енген. Және ақын туралы жазылған мақала берілген. Жинақтың соңында Қыдырәлі Саттаровтың ақын шығармалары жайлы жазған түсініктері берілген.

Қолтаңбасы. Сабырханова Гүлсім.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына қара сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1982 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Жинақта ақын шығармаларынан басқа ақынның екі түрлі суреті бар және жинақтың соңында Ташкент төңірегіндегі қазақтардың ою-өрнектерінің суреттері берілген.

Папкасы. 77 (ТҒЗИ)

149

Ш. 78 (ТҒЗИ)

Б. 208; Ж. 5389
29,5x21; 28x7

Аталуы. Алаңқай батыр

Жинаушы. Қыдырәлі Саттаров және студент Дина Бөлкебаева

Экспедициясы. Қыдырәлі Саттаровтың қазақ фольклорын жинау экспедициясы

Айтушы. Өмірзақ Қалбайұлы, Қарақалпақстанның Шоманай ауданында дүниеге келген.

Аннотациясы. Бұл жинақ – студенттер күшімен құралған фольклор экспедициясы арқылы жиналған халық ақыны Өмірзақ Қалбайұлы жырлаған «Алаңқай батыр» дастанының баспаға дайындалған нұсқасы.

Ақын Ө.Қалбайұлы бұл дастанның оқиғасын жастайынан әкесінен естіп өскенін, кейін ұмыт бола бастаған жерлерін немере ағасы Сабырдан естіп қайта жазып шыққанын айтады.

«Алаңқай батыр» дастанының негізгі кейіпкері Алаңқай – Еділ патша заманында өмір сүрген Молақсай жыраудың ұлы. Ақкербез – қызы. Алаңқай жастайынан ақылды, зерек, істің жөнін білетін жігіт болып өседі. Дастанның негізгі оқиғасы Алаңқайдың әкесінен рұқсат алып нағашыларын іздеуінен басталады...

Басқы сөзі. Ертеде Еділ патшаның заманында Еділ-Жайық бойында жайлаған қыпшақ-қайсақ елінде Молақсай деген жырау болыпты...

Соңғы сөзі. ...Сабыр айтқан ізбенен,
Өмірзақ мұны түзеткен.

Осымен жұртым ырза бол,
Тыңдаған жырды ізетпен.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Ф.ғ.д. Қ.Саттаровтың жазған 3 бет жыршы туралы деректемесі бар

Папкасы. 78 (ТҒЗИ)

150

Ш. 79 (ТҒЗИ)

Б. 21; Ж. 540
29,5x21; 28x13

Аталуы. Шежіре өлең.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Айтушы. Аманғали ақын.

Автор. Есенқазиев Өтепберген Сисенұлы, Арал ауданы Құланды елді мекенінің тұрғыны.

Аннотациясы. Өлеңмен жазылған қазақ шежіресі.

Басқы сөзі. Тыңдаңдар, арғы атамыз ғазірет Мәлік,

Жоғалтпай есімін жүр біздің халық.

Шежіре халық аузында жүрген сөз ғой,

Білсем деп жүруші едім болып қонақ...

Соңғы сөзі. ...Мен онша тілге шешен бай емеспін,
Бастаған өлең айтып той-томалақ.
Ысымым Есенғазиев Өтепберген,
Әзірше сұм дүнияға болған қонақ.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1963 жылы жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 79 (ТҒЗИ)

151

Ш. 80 (ТҒЗИ)

Б. 65;
29,5x21; 24x16

Аталуы. «Наз» пьесасы.

Жинаушы. Байдәулетов Самарқан.

Автор. Сүлеймен Досалиев, 1920 жылы маусым айында қазіргі Арыс ауданы Байыркұм елді мекенінде туылған.

Аннотациясы. Тарихи тақырыпқа жазылған драмалық шығарма.

Оқиғасы шығарманың басты кейіпкері ақылды, табанды қыз Наздың айналасында өрбиді. Наз жас кезінде бесік құда болып атастырылған бір рудың келіні. Атастырылған жігіті қыз оң босағада отырған уақытта қайтыс болып кетеді де оны сол рудың батыры Есенбек әмеңгерлік жолмен алмақ болады. Басқа да кісілер қызды өзіне қаратпақ болып әрекет істейді. Қыз оларға қарсы болады. Осы жолда оған жеңгелері Алқа мен Ерке және жалшы Қойлыбай көмектеседі. Соңында Исатай-Махамбет көтерілісін қуаттаушы жас батыр Жайық пен Наз қосылады.

Басқы сөзі. Наз – Жазы шықпай күні ысыған, аш-арық елі ыңырсыған бұл қай өмір?! Өмір осы болса мұны көрмесем, бұл өмірде жүрмесем қайтеді?! О, жасаған. Өзің жаратқан перзент-пенденді мұнша неге қинайсың?!

Соңғы сөзі. Дауыстар: Наз – намыс туы, Наз – жеңіс туы болсын!

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. 1956 жылы жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Бұл қолжазбада «Наз» пьесасы жөнінде айтылған хаттар, пікірлер және жазушы С.Мұқановтың пьеса авторымен жазысқан хатының қолжазбасы бар.

Папкасы. 80 (ТҒЗИ)

Ш. 81 (ТҒЗИ)

Б. 10; Ж. 250.
29,5x21; 24x16**Аталуы.** «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» (аңыз).**Жинаушы.** Байдәулетов Самарқан.**Автор.** Байдәулетов Самарқан.**Аннотациясы.** Өлең түрінде жазылған аңыз әңгіме.**Басқы сөзі.** Дәуіттің заманынан аңыз терген,
Көбейдің Жүсібі екен мәшһүр елден.
Бір алла шығармасын кез келтірді,
Бағыма деп тұрғаным маған берген...**Соңғы сөзі.** ...Таңырқап ғажайыпқа бас шайқадым,
Табылмас сірә кісі дау айтарым.

Қалам ап ақ қағазға өрнек еткен,

Байғабыл немересін сен байқадың.

Қолтаңбасы. Самарқан Байдәулетов.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына көк сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1995 ж.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Әр бет толық жазылған.**Папкасы.** 81 (ТҒЗИ)

Ш. 82 (ТҒЗИ)

Б. 6;
29,5x21; 24x14**Аталуы.** С.Байдәулетовтің өлеңдері.**Жинаушы.** Байдәулетов Самарқан.**Автор.** Байдәулетов Самарқан.**Аннотациясы.** Бұл жинаққа жинаушы С.Байдәулетовтің өзі шығарған өлеңдері, естіген аңыз әңгімелерінің негізінде жазған өлеңдері, дастандары енген.

1. Ақын Ө.Қалбайұлына жазғаны (44 жол)

2. Есең кетер өзгеге (24 жол)

3. Шыңыраудан шығар кей сөзім (40 жол)

4. Қызыл қалды Қағай батыр (1040 жол)

5. Тебінгісі терме алтын Телеу мырза (550 жол)

Қолтаңбасы. Самарқан Байдәулетов**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына көк сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1995 ж. желтоқсан айы**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Әр бет толық жазылған.

Ақауы. Кей жерлерін өшіріп қайтадан жазған (автордың өз қолтаңбасымен)

Папкасы. 82 (ТҒЗИ)

154

Ш. 83 (ТҒЗИ)

Б. 10;
29,5x21; 24x14

Аталуы. Жарықбай Табынбайұлы.

Жинаушы. Байдәулетов Самарқан.

Айтушы. Әбдіров Әлихан (1908 ж. туған), Нұрадын Ыбрайымұлы (1930 ж. туған) – Қармақшы ауданының тұрғындары.

Автор. Байдәулетов Самарқан.

Аннотациясы. Жарықбай Табынбайұлы 1860 жылдары қазіргі Қызылорда облысы Қармақшы ауданына қарасты Ақжар елді мекенінде дүниеге келген. Руы Самат-Телеу. Сөзді тура айтатын, ештеңеден қаймықпайтын кісі болған.

Қолтаңбасы. Самарқан Байдәулетов

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1995 ж. желтоқсан айы

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 83 (ТҒЗИ)

155

Ш. 83 (ТҒЗИ)

Б. 11;
29,5x21; 24x14

Аталуы. Жыршы Мұстапа Бейсенбайұлы.

Жинаушы. Байдәулетов Самарқан.

Автор. Мұстапа Бейсенбайұлы.

Аннотациясы. Мұстапа Бейсенбайұлы (1900–1976) Қостанай облысы Қамысты ауданында (қазіргі Орқаш совхозы) туған. Жыршының өлеңдерін кімнен көшіргені белгісіз, айтылмаған.

Жинаққа мынадай дүниелер енген:

1. «Ту ұстаған Толысбай батыр» кім болған?
2. Түрік ұлы Елші туралы.
3. Мұстапа Бейсенбайұлы кім және оның жырлары.
4. Кереил Қуанышбайдың сақталған 4 ауыз жыры.

Қолтаңбасы. Самарқан Байдәулетов

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1995 ж. мамыр айы

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.
Папкасы. 83 (ТҒЗИ)

156

Ш. 83 (ТҒЗИ)

Б. 14;
29,5x21; 24x13

Аталуы. Аңыздар.

Жинаушы. Байдәулетов Самарқан

Айтушы. Достан Кенжебеков, Нұрадын Ыбырайымовтардың
(Қызылорда облысы Қуандария елді мекені) айтуымен жазып алынған
аңыз-әңгімелер.

Аннотациясы. Бұл жинаққа батырлар туралы ел ішінен жиналған
аңыздар кірген.

1. Қызыл қалды Қағай батыр туралы аңыз (5 бет)
2. Қасқа батыр (2 бет)
3. Телеу мырза туралы аңыз (I вариант) (3 бет)
4. Телеу мырза туралы аңыз (II вариант) (1 бет)
5. Телеу туралы 3-ші аңыз (2 бет)
6. Тайлақ батыр (1 бет)

Қолтаңбасы. Самарқан Байдәулетов

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1994 ж. сәуір айы, 1995 ж. қазан айы,

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 83 (ТҒЗИ)

157

Ш. 84 (ТҒЗИ)

Б. 109
29,5x21

Аталуы. 7-жинақ.

Жинаушы. Филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Саттаров.

Автор. Дүйсенбаев Сары.

Аннотациясы. Ақжан Машановтың пікірі бойынша, Дүйсенбаев Сары
1951 жылы сотталып кетеді. Өзінің адалдығын айтып, Қазақстанның
жоғарғы советіне өлеңмен арыз жазып, 1952 жылы 11 июньде босап
шығады. Бұл жинаққа енген С.Дүйсенбаевтың шығармалары:

1. Азаттық алған тоты (305 жол). Бұл поэма «Мың бір түн» сарынында
жазылған көркем туынды.
2. Ашылған сыр (поэма) (890 жол). Өзі сұлу әрі ақылды Қамарға
ғашық болған Иман оған үйленеді. Балалы болғаннан кейін жоғары

жақ Иманды оқуға шақырады. Әйел-баласын досы Нұрмаққа тапсырып, өзі оқуға кетеді. Бойдақ Нұрмақ Иман кеткен соң көңілі бұзылып әйелге тиіседі. Әйел көнбейді. Нұрмақ әйелді жамандап күйеуіне хат жазады. Хатты оқып күйінген Иман Нұрмаққа (егер айтқаныңды істемесе) әйелін өлтіруді сұрайды. Әйелді өлтіруге тоғайға алып барған солдаттар әйел мен баланы аяп, тірі қалдырады.

Поэманың соңында жауыздықтың құрбаны болған Қамар өзінің ақтығын дәлелдейді. Нұрмақтың жауыздығы өзінің түбіне жетеді.

3. Айныған ашық (поэма) (1542 жол). Ертегі аңыз негізінде жазылған. Алдау-арбауға түскен әйелдің ақымақтығы, сенген достың опасыздығы жайлы әңгімеленеді. Жарға адал, досқа сенімді болуды насихаттайды.

4. Ұлтуардан Сарыға (72 жол). Қарындасы Ұлтуардың Сары ағасына өлеңмен жазған сәлем хаты.

5. Сарыдан Ұлтуарға (142 жол).

6. Қазақстанның Жоғарғы Советіне Дүйсенбаевтың жазған арызы (387 жол). Өзінің ақтығын, адалдығын айтып жазып, осы арыз негізінде бостандық алған.

7. Заданға (81 жол) Әйеліне жазған хаты.

8. Орынкүл, Құрманбектен (117 жол). Сарының жолдастары.

9. Сарының жауабы (153 жол).

10. Бақтыбай мен Өскенбайға (150 жол). Сарының ағалары.

11. Сарыға Орынкүлден (44 жол).

12. Орынкүлге сарыдан сәлем (36 жол).

13. Күлтайға (57 жол). Қызы.

14. Зәйтке (27 жол). Інісі.

15. Арманым ана және ауыл (188 жол).

16. Мінәжат және мұндар (84 жол).

17. Асханбай мен Есбергенге (134 жол)

18. Беташар (335 жол)

19. Сары мен Жәнібектің айтысы. Айтыс толық емес. 1943–46 жылдары Жәнібек ақын екеуі хат арқылы айтысқан.

20. Жәнібекке (180 жол).

Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме.

Жазылған жылы, жері. 1951–1953 жылдары. Иркутск, Мырғалымсай.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 84 (ТҒЗИ)

Ш. 85 (ТҒЗИ)

Б. 65;
29,5x21; 24x17**Аталуы.** Дәрісіз емдеу (Қолжазба).**Жинаушы.** Құрбанқожаев Сансызбай, п.ғ.к., ХҚТУ доценті, Түркістан қаласының тұрғыны.**Автор.** Құрбанқожаев Сансызбай, п.ғ.к., доцент, Түркістан қаласының тұрғыны.**Аннотациясы.** С.Құрбанқожаевтың өзі емшілікпен айналысады. Бұл еңбегінде көптеген сырқаттарды дәрісіз қалай емдеуге болатындығын, ғасырлар бойы қалыптасқан, бір кездері ұмытылып қолданбай кеткен әдістерді еске түсіре отырып оны қалай пайдалануға болатындығын әңгімелейді. Еңбек алғы сөзі, кіріспе және екі бөлімнен, бірнеше тараудан тұрады.**Басқы сөзі.** Дәрісіз емдеудің көптеген жолдары бар...**Соңғы сөзі.** Немесе жалғасы ретінде тағы да бірнеше ауруларды қосып осы еңбекке жалғастырып жинақтауға болады.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына машинкамен терілген.**Жазылған жылы, жері.** Көрсетілмеген.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Әр бет толық жазылған.**Папкасы.** 85 (ТҒЗИ)

Ш. 86 (ТҒЗИ)

Б. 149;
29,5x21; 24x17**Аталуы.** Қазақтың халықтық ем-тәсілдері**Жинаушы.** Саттаров Қыдырәлі, ф.ғ.д., профессор – 40 жылдан астам уақыт бойы қазақ халық ауыз әдебиеті туындыларын жинаумен айналысқан.**Экспедициясы.** Қыдырәлі Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».**Аннотациясы.** Бұл жинақта халықтық ем-тәсілдері, дәрілік шөптер, оларды қалай жинап кептірудің үлгілері айтылған. Қ.Саттаровтың өзінің естіген, оқыған және көрген шөптерін жинаған тәжірибесі негізінде құрастырылған. Дәрілік шөптердің аты, ол қай жерде өседі, оның қандай түрлері бар екендігі, дәрілік шөптерді қай кезде гүлін, қай кезде жапырағын, сабақтарын, тамырларын алып кептірудің де амалы мен әдістері айтылады.

Әкім Лұқман айтқан 33 нақыл сөз де енген. Сондай-ақ осы жинақтың деректемесі мен мазмұны берілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкамен терілген.
Жазылған жылы, жері. 1994 жыл. 4 қазан.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.
Папкасы. 86 (ТҒЗИ)

160

Ш. 87 (ТҒЗИ)

Б.22; Ж. 617
29,5x21; 24x8

Аталуы. Әлінің қалмақ патшасы Пузайылмен ұрысы.

Жинаушы. Дина Сүлейменқызы, студент.

Аннотациясы. Қалмақ патшасы Пузайылдың және оның халқының ислам дініне қалай кіргендігі жайлы діни қисса. Шүкірбекұлы Раманқұлдың қолтаңбасымен жазылған қолжазбадан көшірген студенттер Дина Сүйлейменқызы және Эльвира Сейтбекқызы. Машинкада терген Қ.Саттаров.

Басқы сөзі. Қолыма бисмилла деп алдым қалам,
Сағымдай бара жатыр мына заман.
Әліден бір хикаят сөйлеуіне,

Жәрдем ет кереметіңмен ақ тағалам...

Соңғы сөзі. ...Қош айтысып Расулмен,
Қайын енесі ереді.
Осыменен тоқтатып,
Ікаяты Әлінің
Ада болған жері еді.

Қолтаңбасы. Дина Сүйлейменқызы, Эльвира Сейтбекқызы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. 1994 жыл, 28 қазан.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 87 (ТҒЗИ)

161

Ш. 87 (ТҒЗИ)

Б. 14; Ж. 617
29,5x21; 24x8

Аталуы. Әзірет Омардың баласын дүреге жатқызуы.

Жинаушы. Дина Сүлейменқызы, студент.

Автор. Қаратайдың Есболы.

Аннотациясы. Әзіреті Омардың баласы Әбушаһиманың шарап ішіп істеген күнәлі істерін жуу үшін, оны күнәһарлықтан құтқару үшін 100 дүре соқтыруы, Абушаһиманың сол дүреден қайтыс болуы, бірақ о

дүниеде оның Расулдың тізесінде отырғандығы жайлы (яғни күнәдан тазарғандығы) діни қисса.

Шүкірбекұлы Раманқұлдың қолтаңбасымен жазылған қолжазбадан көшірген студенттер Дина Сүлейменқызы және Эльвира Сейтбекқызы. Машинада терген Қ.Саттаров.

Басқы сөзі. Жаһанның торабына көзім салдым,
Қолыма бисмилла деп қалам алдым.

Пайғамбар табиғатын есіме алдым,
Қиссасын Абушаһима жат қып алдым...

Соңғы сөзі. ...Айыпқа бұйырмаңыз естушілер,
Шамамның келгені осы болды

Қиссасы Абушаһима болды тамам.

Қолтаңбасы. Қ.Саттаров, Д.Сүлейменқызы, Э.Сейтбекқызы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. 1955 жыл, тамыз айы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 87 (ТҒЗИ)

162

Ш. 87 (ТҒЗИ)

Б. 22; Ж. 686
29,5x21; 24x8

Аталуы. 5-жинақ. Дариға мен Әзірет Әлінің күресі.

Жинаушы. Дина Сүлейменқызы, студент.

Автор. Раман Сасық немересі

Аннотациясы. Қисса толық емес. Дариғаның пілге мініп күресуге келген Зеңгі бабаны жығуынан басталады. Ешкім жеңе алмаған Дариғаны Әзірет Әлі пірлерінің қолдауымен жығып, Дариғаға үйленеді. Біраз уақыт өткеннен кейін алланың әмірімен оның қайтуына тура келеді. Әлі кеткенде Дариғаның ішінде 6 айлық бала қалады. Бала туылып, ер жеткен кезде әкесін іздеуге шығады. Тапқан кезде әкесін танымаған бала онымен күреске түседі. Оның әкесі екенін білген кезде күнә жасадым деп тұра қашады. Әкесі тұра қуады. Жете берген кезде жер екіге жарылып бала астына түіп кетеді. Көктен Иса түскен уақытта Шаһизан өзі жер бетіне шығып, табылады деп аяқталады діни қисса.

Басқы сөзі. Күресіп Дариғаға әлі келмей,
Келгеннің менменсіген бәрі де.

Таудай боп Зеңгі келді пілге мініп,
Аяғы піл үстінде сүйретіліп...

Соңғы сөзі. ...Асығып сияменен жылдам жазып,

Жазуы түсініксіз жаман болды.
Ілгері кім өткенін біз білмейміз.
Бірталай қиын-қыстау заман болды.
Қолтаңбасы. Қ.Саттаров, Дина Сүлейменқызы, Эльвира Сейтбекқызы.
Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкамен терілген.
Жазылған жылы, жері. 1957 жыл, 23 наурыз
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.
Ақауы. Қиссаның бас жағы жоқ.
Папкасы. 87 (ТҒЗИ)
Нұсқасы. Ш. 1 папкада Керімбеков өткізген және Ш. 3 папкада И.Әлиев өткізген толық нұсқасы бар. Ш. 31 папкада толық емес нұсқасы бар.

163

Ш. 87 (ТҒЗИ)

Б. 83
29,5x21; 24x8

Аталуы. 5-жинақ.

Жинаушы. Дина Сүлейменқызы, студент

Аннотациясы. Бұл жинақта үш қиссадан басқа мынадай дүниелер бар:

1. Естірту мен көңіл айту.
2. Қазақ мақал-мәтелдері.
3. Назым сөздер.
4. Бұл дүние мен алдағы болатын әуелі қиямет.
5. Қырық парыз үшір ыхраж һаққысында.
6. Бақыл мен сақылдардың арасын білдіру.
7. Бұл дүние мен алдағы болатын әуелгі қиямет

Құран кітабынан аударылған өлең үлгілері.

Шүкірбекұлы Раманқұлдың қолтаңбасымен жазылған қолжазбадан көшірген студенттер Дина Сүлейменқызы және Эльвира Сейтбекқызы. Машинкада терген Қ.Саттаров.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. 1957 жыл, наурыз айы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Ақауы. «Назым сөздер» деп аталатын өлең толық емес.

Папкасы. 87 (ТҒЗИ)

164

Ш. 88 (ТҒЗИ)

Б. 18;
29,5x21; 24x16

Аталуы. Қарабура әулие.

Жинаушы. Табризов Сүлеймен, Созақ совхозының тұрғыны.

Автор. Табризов Сүлеймен, Созақ совхозының тұрғыны.

Аннотациясы. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданында орналасқан Қарабура әулиенің қасиеті жайлы ел арасынан жинаған аңыздар негізге ала отырып жазылған ғылыми мақала.

Қолтаңбасы. Табризов Сүлеймен.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. Созақ ауылы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 88 (ТҒЗИ)

165

Ш. 89 (ТҒЗИ)

Б. 26
29,5x21; 24x18

Аталуы. Шешендік сөздер, термелер.

Жинаушы. Әлиев Инаят, Қызылорда облысы Шиелі ауданының тұрғыны.

Айтушы. Сақтаған Есімханов, Қари Байдәулетұлы, Ақжан Келімбетов, Аида Жабашева, Кеулімқош Тәңірбергенов, Кәрібоз Қожакелдиев, Сақтаған Есімханов, Демеу Жалмырзаев, Салауат Есмаханов Қызылорда облысының тұрғындары.

Аннотациясы. Тапқыр сөз, ұтымды ойлардың иелері және олардың түрлі тапқырлықтары туралы әңгімелер.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 ж. ақпан айы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 89 (ТҒЗИ)

166

Ш. 89 (ТҒЗИ)

Б. 69
29,5x21; 24x18

Аталуы. Өлеңдер.

Жинаушы. Әлиев Инаят, Қызылорда облысы Шиелі ауданының тұрғыны.

Автор. Төреғали Имашев, 1921 жылы Орал облысы Орда ауданында дүниеге келген (бұл кісі туралы толық мәлімет және жинақта берілген өлеңдерінің шығу тарихы осы папкада берілген).

Аннотациясы. Өлеңдерінің тізімі:

- | | |
|-------------------------|---|
| 1. Стволда | 18. Рымтайға хат |
| 2. Коронной штректе | 19. Тыңда-тыңда құлағың сал |
| 3. Штректен лазаға | 20. Жастар фестиваліне |
| 4. Ақ жайық | 21. Меңдіханның көк атына |
| 5. Свидания | 22. Шопан мен сауысқан Герой күзетте |
| 6. Арман | 23. XIX партсъезд колхозының өнерпаз жастарын қарсы алу |
| 7. Қаңбақ | 24. Таныстыру |
| 8. Майға сәлем | 25. Ана тілі |
| 9. Анама | 26. Сырласу |
| 10. Түс | 27. Сапарды ояту |
| 11. Туған өлке | 28. Сақманда |
| 12. Туған елім | 29. Суық торғай |
| 13. Інім болдың дегенде | 30. Көктемде |
| 14. Құрбыларға | 31. Кассирге хат. |
| 15. Бекқалиға | |
| 16. Түлкінің өсегі | |
| 17. Шопан сыры | |

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 ж. ақпан айы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 89 (ТҒЗИ)

167

Ш. 90 (ТҒЗИ)

Б. 39;
29,5x21; 24x6

Аталуы. «Өсиет» атты жинаққа енген өлеңдердің қолжазбасы.

Жинаушы. Доцент Алтай Мейірбеков, ХҚТУ, экономика факультеті.

Автор. Қаныбек Мейірбеков

Аннотациясы. Автор туралы еш мәлімет берілмеген. «Рухани піріміз» деп аталатын өлеңі халқымыздың біртуар перзенттеріне арналған. Және «Ғажайыптар өлкесі» өлеңіне Қазақстанның байлығын арқау етеді. Қалғандары түрлі мысал өлеңдер.

Бұл папкадағы өлеңдердің тізімі:

1. Рухани піріміз (296 жол).
2. Қасқыр мен қабан (16 жол).

3. Тазы мен түлкі (36 жол).
4. Қыран мен қораз (20 жол).
5. Көкек (32 жол).
6. Бөденелер тағдыры (40 жол).
7. Мақтаншақ (20 жол).
8. Бөрінің бөлтірігі (52 жол).
9. Әлін білмеген әлек (28 жол).
10. Дайынға тап болғанның баяны жоқ (36 жол).
11. Борсық, түлкі және қасқыр 52 жол).
12. Қаршыға мен қорғалақ (40 жол).
13. Қыран мен тышқан (60 жол).
14. Әр нәрсеге бір зауал (36 жол).
15. Жығылғанға жұдырық (44 жол).
16. Қыран мен жылан (16 жол).
17. Ғажайыптар өлкесі (36 жол).

Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме.

Жазылған жылы, жері. 1990 ж. мамыр айы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. «Қаршыға мен қорғалақ»

мысалының ең соңында автордың өз қолтаңбасымен 4 қатар өлең жолы қосылған.

Ақауы. Бет саны әр түрлі қойылған. Қолжазбаның әр жерінен түсірген болуы керек.

Папкасы. 90 (ТҒЗИ)

168

Ш. 91 (ТҒЗИ)

Б. 7; Ж. 122.
20,5x16; 19x9,5

Аталуы. Терме.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны

Автор. Сүлейменов Абрайм қожа

Аннотациясы. Автор туралы мәлімет берілмеген.

Басқы сөзі. Бисмилла деп әуелі,

Сөз сөйлейін термеден.

Ұшқыр қиял ойланбай,

Жоғарыға өрлеген...

Соңғы сөзі... Қап-қаппен өтер қайран күн,

Өміріңше өкініп.

Қапалықта қалғаның,

Қалдым ба десең жетіліп

Қолтаңбасы. Сүлейменов А.
Қағазы, сиясы, әрпі. Дәптердің парақтарына көк сиямен жазылған.
Жазылған жылы, жері. 1975 ж. 27 қазан.
Беттелуі. Бет саны көрсетілмеген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.
Ақауы. Өлең жолдарының кейбір жерлері өшірілген.
Папкасы. 91 (ТҒЗИ)

169

Ш. 92 (ТҒЗИ)

Б. 11
29,5x20,5; 28x16,5

Аталуы. Шады төре Жаһангерұлының термесі.
Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны.
Автор. Шады төре Жаһангерұлы.
Аннотациясы. Жинаушы Керімбеков Кенжебектің жазған түсінігі бойынша бұл термені кезінде Әубәкір қары пайдаланған. Қайтыс боларында баласы Нұғыманға тапсырып кеткен.
Басқы сөзі. Тыңласаң ерлер бір сөз бар,
Құлақ сап бұған қарағын.
Білмесе біреу өзінің,
Істейтін мақсат талабын...
Соңғы сөзі. ...Қате кетсе әріптен,
Түзетіңіз туралап.
Аллаһу ғылам бас сауаб,
Осымен сөзім тамам-ды.

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек.
Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.
Жазылған жылы, жері. 1995 ж. желтоқсан айында көшірілген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.
Қолжазбадағы қосымша белгілер. Ең соңғы 11-бетте терме аяқталған жерден «Ікмат» деген атпен қарының бәйіті жазылған.
Папкасы. 92 (ТҒЗИ)

170

Ш. 93 (ТҒЗИ)

Б. 44
20x17; 18,5x15

Аталуы. «Қобылан» эпосы
Жинаушы. ф.ғ.д. О.Нұрмағамбетова.
Айтушы. Қарақалпақстандық жырау Есмұрат Нұрабыллаев.

Аннотациясы. Ф.ғ.д., профессор М.Мырзахметұлы бұл қолжазбаның өзінде кездейсоқ қалып кеткенін ескерте отырып, қорға өткізген. Жырау Есмұрат жыраулық кәсіпті әкесінің қасында 14 жыл жүріп үйренген. Есмұраттың әкесі Нұрабылла қарақалпақтың атақты жырауы болған. Оның ұстазы бұхаралық Қазақпай жырау. Есмұрат бұл «Қобылан» эпосынан басқа да эпос, дастандарды білген екен.

Есмұрат жырлаған «Қобылан» эпосы төрт бөлімнен тұрады. Эпос қалай жырланса солай жазылмаған. Негізінен қара сөзбен баяндалған. Жырдың өлеңмен басталатынын айта келіп, оның композициялық құрылысы мен негізгі сюжет желісі мынадай дей негізгі оқиғасын көбіне қара сөзбен баяндап шыққан.

Қарақыпшақ халқының сәрдәрі деген руында Қыдырбай деген бай болады. Оның төрт түлік малы сай болғанымен бір перзентке зар еді. Бұдан әрі Ақшаханның оны кемсітуі, ода оның қапаланып құдайдан бір перзент тілеп әулие аралап кетуі, тілегінің қабыл болып перзент көруі сияқты оқиғалар жалғасып кете береді...

Басқы сөзі. Бұрынғы өткен заманда,
Нұрдың қара тауында.

Қозы гузар, қой гузар,
Жылап өткен тауында...

Соңғы сөзі. ...Қобыланды келінін көріп, көңілі разы болды. Бар еркін баласына берді. Қобылан қартайып дүния салды.

Қолтаңбасы. Ф.ғ.д. О.Нұрмағамбетова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Төрткүл, 1939 жылы маусым айы.

Беттелуі. Бет саны көрсетілмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазба дәптерде «Қобылан» эпосынан басқа жинаушының 1959 жылы жазған әдебиетке, қазақ эпосына байланысты орыс тілінде жазған пікірлері бар.

Папкасы. 93 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Ш. 24 папкада Қарақалпақстанның Қоңырат қаласының тұрғыны Қожахмет жырау жырлаған нұсқасы бар.

171

Ш. 94 (ТҒЗИ)

Б. 11

20,5x16,5; 18,5x14

Аталуы. Жұмбақ айтыс.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Ауыз әдебиетінің үлгісі. Қыз бен жігіттің жұмбақ айтысы. Кімнен, қашан, қайдан алғаны туралы мәлімет жазылмаған.

Басқы сөзі. Жігіт:

Дейтін бар қиялы жоқ қарындастың,
Қайтаршы қалқам соның қарымтасын.
Айтайын үш-төрт жұмбақ ақылмен шеш,
Нәрлі ой ойланғандар алып қалсын...

Соңғы сөзі. Қыз:

...Мен де білдім сенде барын даналық,
Бізде жүйрік, бізде қайрат, сан алып,
Көп жасасын компартия бастаған,
Коммунизм көркін беріп жаңалық.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптерге көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Бет саны көрсетілмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 94 (ТҒЗИ)

172

Ш. 95 (ТҒЗИ)

Б. 64; 19x16; 21x15
18,5x14,5; 19x13,5

Аталуы. Әзілдер, анекдоттар, тамашалар.

Жинаушы. Ф.ғ.к. Садықов Сали.

Аннотациясы. Ел арасынан жиналған күлдіргі әңгімелер. Екі дәптерден тұрады.

Қолтаңбасы. Ф.ғ.к. Садықов Сали.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге және жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Папкасы. 95 (ТҒЗИ)

173

Ш. 96 (ТҒЗИ)

Б. 9;

29,5x21; 28,5x13,5

Аталуы. Айтыстар.

Жинаушы. Әлиев Инаят, Қызылорда облысы Қазалы ауданының тұрғыны.

Айтушы. Қызылорда облысының тұрғыны А.Келімбетов.

Аннотациясы. Бұл папкада екі айтыс бар:

1. 1995 жылы Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына арналған тойдағы Лена Әбдіхалықова мен Кенжебай Жүсіповтың айтысы.

1945 жылы Ибадулла Қалниязов жараланып, Алтай өлкесінің Павлика станциясындағы госпитальға түседі. Сол жерде жатып Жаңыл Темірбекқызымен хат арқылы айтысады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Әлиев Инаят.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.
Папкасы. 96 (ТҒЗИ)

174

Ш. 97 (ТҒЗИ)

Б. 3;
29,5x20,5; 25,5x13

Аталуы. Бата. Бесік жыры.
Жинаушы. Ф.ғ.к. Балтакесті Өтебеков, Түркістан қаласының тұрғыны.
Айтушы. Тұңғышбай Аю.
Аннотациясы. Тұңғышбай Аю Иранның Герат қаласынан көшіп келген. Сарағаш қаласында тұрады.
Осы папкада Түркістан ауданы «Достық» ауылында тұратын әйелдерден жазып алынған бесік жыры да бар.
Қағазы, сиясы, әрпі. Машинада терілген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.
Папкасы. 97 (ТҒЗИ)

175

Ш. 97 (ТҒЗИ)

Б. 1;
29,5x20,5; 25,5x13

Аталуы. Үш бидің айтысы һәм бәтуәсы.
Жинаушы. Ф.ғ.к. Балтакесті Өтебеков, Түркістан қаласының тұрғыны.
Айтушы. Мыңжас Молла Асан.
Аннотациясы. Иранның Герат қаласынан 1992 жылы көшіп келген Мыңжас Молла Асан Оңтүстік Қазақстан облысы Сарағаш ауданындағы 52-бекеттегі әскери қалашықта тұрады.
Сейтмұхаммедтің үш биді кездестіруі және кіріспе сөзі.
Басқы сөзі. Жетіру, Байлыменен Қаракесек,
Етпеген ақылына ешкім есеп...
Соңғы сөзі... Сұрап көр кәрияңнан халқыңдағы,
Пірлері бабамызтың бізде қалды.
Қағазы, сиясы, әрпі. Машинада терілген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.
Папкасы. 97 (ТҒЗИ)

Ш. 97 (ТҒЗИ)

Б. 7;
29,5x20,5; 25,5x13**Аталуы.** Сыңсу үлгілері.**Жинаушы.** Ф.ғ.к. Балтакесті Өтебеков, Түркістан қаласының тұрғыны.**Айтушы.** Мәриям Тұңғышбайкеліні**Аннотациясы.** Иранның Герат қаласынан 1992 жылы көшіп келген Мәриям Тұңғышбайкеліні қазір Оңтүстік Қазақстан облысы Сарағаш ауданындағы 52-бекеттегі әскери қалашықта тұрады. Арнайы білімі жоқ. Сыңсудың екі нұсқасы бар және Ауғаныстанда қалған бауырын сағынғанда шығарған өлеңінен үзінді бар.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкада терілген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Әр бет толық жазылған.**Папкасы.** 97 (ТҒЗИ)

Ш. 97 (ТҒЗИ)

Б. 25;
29,5x20,5; 25,5x13**Аталуы.** Фольклорлық мұралар.**Жинаушы.** Ф.ғ.к. Балтакесті Өтебеков, Түркістан қаласының тұрғыны.**Аннотациясы.** Иранның көшіп келген оралмандардан жазып алған бірнеше фольклорлық үлгілер бар.

1. Жоқтау (40 жол).
2. Сағыныш өлең (12 жол).
3. Әужар (жар-жар) (16 жол).
4. Әбубәкірдің бір хаты (15 жол).
5. Құлмамбеттің Әбубәкірге хаты (19 жол).
6. Ержан Көлдайбекұлының Омарға жазған жазбаша жұмбағы (9 жол).
7. Молла Омардың жауабы (22 жол).
8. Ағаны сағыну (12 жол).
9. Жоқтау (24 жол).
10. Той бастар (46 жол).
11. Жігіттің сүйгеніне айтқан өлеңі (4 жол).
12. Жігіттің ашығына (ғашығына айтқаны) (22 жол).
13. Бата (12 жол).

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Әр бет толық жазылған.**Қолжазбадағы қосымша белгілер.** Қолжазбаның соңғы беттерінде жинаушының оралмандармен сұхбаты еш өзгеріссіз жазылған.

Бұлардың бәрі диалектология пәні үшін қажет материалдар.

Папкасы. 97 (ТҒЗИ)

Ш. 98 (ТҒЗИ)

Б. 12;
29,5x21; 27,5x10**Аталуы.** Будабай Қабыловтың өлеңдері**Жинаушы.** Әлиев Инаят, Қызылорда облысын Шиелі ауданының тұрғыны.**Айтушы.** Үміт Медеуова.**Автор.** Будабай Қабылов**Аннотациясы.** Будабай ақын Қызылорда облысы Шиелі ауданында Домалақ тоғай деген жерде туып өскен. Негізінен айтыс ақыны болған. Молда Мұсамен, Қарлығамен айтысқан. 1911 жылы қайтыс болған. Бұл папкада Будабай ақынның мынадай өлеңдері бар:

1. Өмір (35 жол).
2. Біз едік Будабайдың орта жүздік (12 жол).
3. Көңіл (20 жол).
4. Әйкеңнің жоқтауы (229 жол).

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына көк сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Қызылорда облысы.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Папкасы.** 98 (ТҒЗИ)

Ш. 99 (ТҒЗИ)

Б. 22; Ж. 576;
29,5x21; 27,5x16**Аталуы.** Омар мен Гүлнар.**Жинаушы.** Самарқан Байдәулетов.**Автор.** Өмірзақ Қалыбайұлы.**Аннотациясы.** Ел арасында айтылатын аңыз әңгіме негізінде өлеңмен жазылған дастан. Әйел затының айлалы келетінің, әйелінің айласына сенген Омардың өкініп, опық жеуі туралы айтылған әңгіме.

Басқы сөзі. Көп заман бұнан өткен жылдар,
 Өмірден ұмыт болған талай жандар.
 Айтайын аңыздардың хикаясын,
 Халайық болса егер бұны тыңдар...

Соңғы сөзі... Жарылқап құдай ісі адал жанды,
 Себеппен падишаға уәзір болды.
 Жалғасын және бірде есітерсіз,
 Осымен бітті жырдың бір бөлегі.

Қолтаңбасы. Самарқан Байдәулетов**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1995 ж. 17 октябрь
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Папкасы. 99 (ТҒЗИ)

180

Ш. 99 (ТҒЗИ)

Б. 17;
29,5x21; 27,5x12

Аталуы. Балуан нияз дастаны.

Жинаушы. Самарқан Байдәулетов.

Автор. Ақын Қалнияз Шопықұлы.

Аннотациясы. Хиуа басқыншыларының қазақ халқына қысымшылық жасауына қарсы көтеріліске шыққандар арасында ерекше батырлығымен көзге түскен Балуаннияздың ерлігі жырланған.

Басқы сөзі. Саудагер ертті қасына,
Өзінің пайда басына.

Тұрмамбет шықты базарға,

Базардан мақпал аларға...

Соңғы сөзі.... Аяқтадым сөзімді,

Балуаннияздай еріңнің,

Ерлігін айтып білдіріп.

Қолтаңбасы. Байдәулетов Самарқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 99 (ТҒЗИ)

181

Ш. 99 (ТҒЗИ)

Б. 24
29,5x21; 27,5x10

Аталуы. Қалнияз ақынның айтқандары.

Жинаушы. Самарқан Байдәулетов.

Айтушы. Өмірзақ Қалыбаев.

Автор. Ақын Қалнияз Шопықұлы.

Аннотациясы. Қалнияз ақынның қартайған шағында Тәжікстанның бір қаласында ауырып жатып, Маңғыстауда қалған адай ағайындары мен кіші жүз азаматтарын еске түсіріп соларға сәлемдеме ретінде айтқан сөздерінен үзінді.

Қолтаңбасы. Байдәулетов Самарқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 99 (ТҒЗИ)

Аталуы. «Ер Қармыс» дастаны.

Жинаушы. Самарқан Байдәулетов.

Автор. Ақын Қалнияз Шопықұлы.

Аннотациясы. Бұл дастан бұрын жарық көрген. Бірақ үзінді жыр түрінде. Ал, 1996 жылы Қалнияз жыраудың 180 жылдығына орай Өмірзақ Қалыбайұлы қайта қарап жинақтаған. Адайдан шыққан Ер Қармыстың ерлік істерін дәріптейтін дастан.

Басқы сөзі. Бұрынғы өткен заманда

Сегіз арыс Сейілхан.

Сейілханның баласы

Басын қосып жиналған...

Соңғы сөзі.... Ал, жамағат, жақсылар,

Сөз тыңдаған бәріңіз.

Жырлаған жыршың Қалнияз

Осымен болды сөзіміз,

Қолтаңбасы. Байдәулетов Самарқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 99 (ТҒЗИ)

Аталуы. Қолжазбалар.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Айтушы. Өтеш Нәжмадинов, Изберген Керимов, Шалқар ауданы Бозой поселкесі.

Аннотациясы. «Қожабергенев Төлеу деген кісі бұл аңыздарды жинап «Қолжазбалар» деп ат қойғандығын, оны Меркебай Тағыбергенев көшіріп алғанын, өзіне белгісіздерін ғана көшіріп алғанын жазады жинаушы.

Папкадағы дүниелер:

1. Адам-ау-ата, Ева-ау-Ана туралы аңыз.

2. Байталды жігіт туралы аңыз.

3. Ана туралы аңыз.

4. Адам ата туралы аңыз.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Папкасы. 100 (ТҒЗИ)

184

Ш. 101 (ТҒЗИ)

Б. 193; Ж. 4992
29,5x21; 22x13

Аталуы. «Фархад-Шырын» дастаны.

Жинаушы. Саметов Е. Түркістан қаласының тұрғыны.

Автор. Әбдәзім Ахметов.

Аннотациясы. Дастанның бас жағында автор өзі туралы айта келіп, «Фархад-Шырын» дастанын Әлішер Науайдан пайдаланып аударғанын, оның түпнұсқадан қысқа болғанын айтып өтеді.

Дастан бұрын жарияланған.

Басқы сөзі. Ассаламу әлейкум, көп жамағат,

Жүрсіз бе, үлкен, кіші сау-саламат.

Сіздерді аман-есен көргеннен соң,

Көңілім болып отыр менің де шат...

Соңғы сөзі.... Жасасын деп шығарды

Өзінің бар дыбысын.

Күзетші болып қалыпты

Үш сұлудың жәмісін.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1963 жыл 19 май.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 101 (ТҒЗИ)

185

Ш. 102 (ТҒЗИ)

Б. 8; Ж. 185
29,5x21; 27x14

Аталуы. Өлеңдер.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Айтушы. Жабашева Айда, Қызылорда қаласының тұрғыны.

Автор. Алтынжабағыұлы Мұхамедияр.

Аннотациясы. Ұлы Отан соғысы жылдары соғысқа қатысқан Домбаев Жаксыбайдың екі жасар баласы өлгенде Алтынжабағыұлы Мұхамедиярдың көңіл айтқаны.

Басқы сөзі. Ал, сөйле қызыл тілім, шығар дыбыс,

Білімсіз бей-ажуалық етпей жүріс.

Жағаңнан ажал мұндар алып қалса,

Жатарсың қара жерде тауып тыныс...

Соңғы сөзі......Менің де осы кезде көңілім жара,
Келмейді сөз жасауға тіптен иін.

Аз сөзден көп мағына деген етіп,
Мәкеңнің риза болып алғын сыйын.

Қолтаңбасы. Әлиев Инаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1944 жылы 14 декабрь.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 102 (ТҒЗИ)

186

Ш. 103 (ТҒЗИ)

Б. 299
28x21; 21x9

Аталуы. Бақтиярдың қырық бұтағы.

Жинаушы. Жинап, құрастырған Ахметолла Қалиұлы, Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

Аннотациясы. «Бақтиярдың қырық бұтағы» – Шин Жияң қазақтары арасында кең тараған дастандар жинағы. Қытайдағы Шин-Жияң баспасында төте жазумен жарық көрген. Жоғарыда аталған институт қызметкерлері олардың бәрін жинап, қазіргі кириллица жазуына түсіріп, баспаға дайындаған. Бізде «Бақтиярдың қырық бұтағының» жеке қиссалары ғана жарық көрген. Жүйелі нұсқасы басылым көрген емес.

Баспаға дайындалғандықтан А.Қалиұлының түсініктемесі, профессор М.Мырзахметұлының алғысөзінде «Бақтиярдың қырық бұтағы» туралы толық айтылған.

Жалпы «Бақтиярдың қырық бұтағы» бірнеше дастаннан тұрады.

1. Азат бақыт.....	13–56
2. Дастарқан.....	57–86
3. Шәкір-шәкірт.....	87–133
4. Қамарзаман.....	134–145
5. Данияр.....	146–170
6. Ғалым-Сәлім.....	171–195
7. Марғұзарын.....	196–257
8. Нұғман-Нағым.....	258–284
9. Сөздік.....	285–299

Қолтаңбасы. Компьютерде терілген.

Жазылған жылы, жері. 1997 жыл 12 сәуір

Беттелуі. Европа цифрымен беттелге

Папкасы. 103 (ТҒЗИ)

Ш. 104 (ТҒЗИ)

Б. 48; Ж. 1140
29,5x21; 27x10**Аталуы.** Созақ шайыры – Шәймерден.**Жинаушы.** Табризов Сүлеймен, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы Созақ ауылының тұрғыны.**Айтушы.** Ақын Құлжабай Төлеуов, созақтық Жандарбек, ақынның қызы Мейіз.**Автор.** Шәймерден Бекжанұлы.**Аннотациясы.** «Созақ шайыры» атанған Шәймерден Бекжанұлының өсиет, нақыл термелері, өлеңдері, дастандары баршылық. Кезінде ақын Иса Байзақовпен кездесіп, ол кісі Шәймерденнің жазғандарын баспадан шығарамын деп әкеткен екен. Бірақ Иса Байзақов бірден қайтыс болады да, ол мұралар баспадан шықпай қалған екен. Бұл папкадағы ақынның мұралары:

1. Өсиет-нақыл термелер (180 жол).
2. Адамның жас шамасы жайлы (26 жол).
3. Не бітірдім? (42 жол).
4. Дүкенбай мен Көпбайдың айтысы (134 жол).
5. Төрт өгіз бен сұм түлкі және қомағай қасқыр (62 жол).
6. Адам мен аю (20 жол).
7. Мәрті қайсы? (90 жол).
8. Келіншектау (52 жол).
9. Аманжол мен Зылиха (дастан) (524 бет).

Қолтаңбасы. Табризов Сүлеймен.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына көк сиямен жазылған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Папкасы.** 104 (ТҒЗИ)

Ш. 105 (ТҒЗИ)

Б. 5
29,5x21; 25x17**Аталуы.** Атақты адамдардың өнегелі істері мен сөздері туралы.**Жинаушы.** Әлиев Инаят.**Айтушы.** Әділбаев Оразбай, Шалқар қаласының тұрғыны.**Аннотациясы.** Сары Шоңай би туралы ел аузында айтылатын әңгімелер.**Қолтаңбасы.** Әлиев Инаят**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазына көк сиямен жазылған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 105 (ТҒЗИ)

189

Ш. 106 (ТҒЗИ)

Б. 73
23x16; 19x14

Аталуы. Хикаялар және дінді насихаттайтын үзінділер.

Жинаушы. Мұсаева Сәуле.

Аннотациясы. «Ұрының хикаясы», «Үйректің хикаясы», «Торғайдың хикаясы» деп аталатын хикаялар топтамасымен қатар діни насихаттар, қаза намаздарды қалай оқу керектігі жайлы, яғни діни мәселелер жазылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк және қызыл сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Тақырыптар, дәптер беттерінің реттік сандары, мәтін ішіндегі кейбір жолдар қызыл сиямен жазылған.

Папкасы. 106 (ТҒЗИ)

190

Ш. 107 (ТҒЗИ)

Б. 18;
20x16,5; 17,5x11

Аталуы. Беташар.

Жинаушы. Тұрсынов Мұратжан.

Аннотациясы. Тұрмыс-салт өлеңдерінің бірі – беташар, жар-жар, айтыс өлеңдері және тағы «Еңбек туралы жыр» деп аталатын өлең енген. Кім жазғаны, көшіргені, айтқаны жазылмаған.

Қолтаңбасы. Ташкенбай Рахметов

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Ақауы. Парағы жыртылған.

Папкасы. 107 (ТҒЗИ)

191

Ш. 108 (ТҒЗИ)

Б. 182;
29x21; 23x9

Аталуы. 13-жинақ.

Жинаушы. Әлмаханұлы Болат, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында 1931 жылы дүниеге келген. Кентау қаласындағы Бауыржан Момышұлы атындағы Ш. 12 қазақ орта мектебінде 25 жыл оқу ісінің меңгерушісі, директор болып істеген. Қазір зейнеткер.

Аннотациясы. Бұл жинаққа негізінен ақын Оразалы Дүйсенбекұлының жазған арнау өлеңдері мен Молда Мұсаның айтыстары, «Абушаһима» қиссасы, «Болат-Жанат» қиссасы енген. Бірнеше авторлардың еңбектері бар болғандықтан автордың аты-жөнін графаға түсірмедік.

Жинақтағы материалдар туралы толығырақ айтқанда:

1. Оразалы ақынның тауық жылы аллаға мінажат қылуы 1-9-б. (218 жол). Оразалы ақынның жас кезінде жасаған асылық істеріне өкініп, кейінгі жастарға сабақ болу үшін жазғаны.
2. Оразалы ақынның басқармаға жазған арызы 9–13-б. (119 жол) Соқыр боп қалған Оразалы ақынның басқармадан көмекке азық-түлік сұрап жазғаны.
3. Шәуілдірлік Тебей жетімдердің тіней Айтбайға жазғаны 14–18-б. (122 жол). Тебей мен Айтбай – бір-бірімен бөле. Ауырғанда бір рет те көңіл сұрамаған бөлесі Айтбайға өкпелеп жазған хат.
4. Қазақтың молдасы Нұралы мен өзбектің молдасы Шәкірдің айтысы 19–31-б. Нұралы мен Шәкірдің айтысы бір шайханада өтеді. Айтыста молда Нұралы өзбек әйелдерінің ең осал тұстарын тілге тиек етіп молда Шәкірді жеңеді.
5. Молла Мәнсүр мен Дәме қыздың айтысы 35–64-б. Қызылқұмға аты жайылған шиелілік ақын Мәнсүр 25 жасында бір үлкен жиында ақын Дәме қызбен айтысады. Дәмелі қыз ақын Мәнсүрдың аталы сөзіне тоқтайды.
6. Балымша 64–71-б. (203 жол). Шиелілік Күзембаев Балымшаның 1930–32 жылдары жазықсыз абақтыға жабылған кездегі жазған хаты.
7. Ұлы жүз таздар Зұлпықардың 1928–29 жылдарда кедей болыс Алдабергенге жазған өлеңі (32 жол).
8. Алдабергеннің облсотқа жазған арызы (52 жол) Осы арызымен Алдаберген түрмеден босанған екен.
9. 1930 ж. Алдаберген тағы да қамалады. Сонда Ақкөз деген кісіден елге жазған хаты (22 жол).
10. Алдабергеннің Анаркүлге жазған өлеңі (Анаркүл Алдабергеннің жолдасының әйелі).
11. Інім Аманкүлға (115 жол).
12. Жетімдер Оразалы ақынның Әменханға айтқан өлеңі (50 жол).
13. Молда Мұсаның өлеңі (192 жол). Шымкенттегі оқу бөлімінің бастығы Ұлы жүз Сейілбек Үсенұлына арнап жазғаны.
14. Тіней Айтбай ақынның жетімдер Әубәкір қарыға жазған хаты (80 жол).
15. Молда Мұса мен Будабайдың айтысы 94–99-б.

16. Балымшаның өлеңі (334 жол) Балымшаның дерті меңдеп, бір жыл орнынан тұра алмай жатқан кезде, 43 жасында жазған өлеңі.

17. «Абушаһима» қиссасынан үзінді (204 жол). Толық емес нұсқа. Абушаһиманың 100 дүреге шыдамай қайтыс болуы, бірақ күнәсі кешіріліп, оны періштелердің алып кетуі және Әзірет Әлінің түсіне Абушаһиманың Расулдың тізесінде отыруы жайлы.

18. Сауда ишан (Нұралы ақын жырлаған нұсқасы. Бұның қорда «Болат-Жанат» деген атпен өткізілген нұсқалары да бар. Оқиғалары бірдей. Ш. 1, 20, 36 папкаларға салынған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Ақауы. Кей жерлерінде түсініксіз сөздерді баспай кеткен.

Папкасы. 108 (ТҒЗИ)

192

Ш. 109 (ТҒЗИ)

Б. 459

31,5x22; 23,5x7

Аталуы. Айтыстар.

Жинаушы. Ф.ғ.д., профессор Мырзахметұлы М.

Аннотациясы. «Қыз бен жігіт», «Біржан мен Сара айтысы» т.б. қазақтың белгілі айтыскерлерінің айтысы, айтыстың барлық түрлері, мысалы, қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтысы салт айтыс т.б. айтыстар енген. Түпнұсқа. Латын әрпімен жазылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазба баспаға дайындалған болуы керек. Ішінде жөндеулер көп.

Ақауы. Парақтарының шеттері жыртылып, тоза бастаған.

Папкасы. 109 (ТҒЗИ)

193

Ш. 110 (ТҒЗИ)

Б.47.

29x20,5; 27,5x18,5

Аталуы. Аңыз әңгімелер.

Жинаушы. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылым-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері Құралбек Жолдасұлы Ергөбек.

Айтушы. Қазығұрт ауданы Ақсай ауылының тұрғыны Көпжасар Мәденұлы, Атбұлақ ауылының тұрғыны Әбдірахман Сырманұлы, Төлеби ауданы Қарақия ауылының тұрғыны Әбдікерім Әуелбекұлы, Төлеби ауданы, Қаратөбе ауылының тұрғыны Ешім Мантайұлы,

Қазығұрт ауданы «Рабат» елді мекенінің тұрғыны Ілескүл
Әшірбайқызы т.б.

Аннотациясы. Аңыз әңгімелер қолжазба түрінде және оның машинкада терілген түрі бар. Ергөбек Құралбек тапсырған бұл қолжазба жинақта ел ішінен жиналған мынадай аңыз-әңгімелер бар:

1. Номан халфе 1-2-б.
2. Бегім ана туралы 3-5-б.
3. Ет тәттілігін қойса, мен ұрлағанымды қояр едім..... 6-б.
4. Жиде де әулие ағаш екен..... 7-б.
5. Жақсы әйел жаман еркекті адам етеді..... 8-11-б.
6. Қазығұрт тауы әпсаналары..... 12-18-б.
7. Пұшық дуана туралы..... 19-20-б.
8. Сегіз сері мен Мақпал..... 21-23-б.
9. Тәуке халфе..... 24-26-б.
10. Төлеш пен Маханбет..... 27-30-б.
11. Сүлеймен мен байғыз..... 31-32-б.
12. Кемен батыр 33-34-б.
13. Төле беске толғанда..... 35-б.
14. Төле жеті жаста..... 35-б.
15. Бәле қайда, бассаң аяқ астында..... 36-37-б.
16. Төле би туралы тың әңгімелер..... 38-40-б.
17. Атымтай жомарт 42-42-б.
18. Естемес би..... 43-44-б.
19. Төлебай халфе..... 45-47-б.

Қолтаңбасы. Құралбек Ергөбек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 110 (ТҒЗИ)

194

Ш. 111 (ТҒЗИ)

Б. 17.

29x20,5; 27,5x18,5

Аталуы. Әбубәкір қары (қолжазбасымен).

Жинаушы. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері Құралбек Жолдасұлы Ергөбек.

Айтушы. Отырар ауданы Шәуілдір ауылының тұрғындары Бейсенбек Асанұлы, Сыздық Ахметұлы, Маябас Құлбатырұлы, Ахмет, Әбубәкір Тұрғараұлы, Күлтай Егізбайқызы, Тоты Момбекқызы, Темір елді мекенінің тұрғындары Тұңғышбай Төлегенұлы, Әбен Әйтiмбетұлы,

Мүсіркеп Есжанұлы, Түркістан қаласының тұрғындары Орынбасар Ыстамқұлұлы, Әдіш Күдіреттілләұлы, Нұрман Байкенжеұлы.

Аннотациясы. Әбубәкір – ғұлама молда Айтжан Ергөбекұлының ұлы. Ол бес жасынан бастап әкесінен оқып, одан әрі Қарнақ медресесінде он екі жасына дейін оқып, Құранды жатқа білген. Өзбекстандағы Бесағашта үш жыл, кейін жиырма екі жасына дейін Бұхарада дәріс алған. Араб, парсы, тәжік, өзбек тілдерін жетік меңгерген.

Осы Әбубәкір қары туралы ел ішінде неше түрлі әңгімелер айтылады. Ш. 38 папкада «Әбубәкір қары айтыпты» деген айдармен берілген әңгімелер жинағы бар.

Қолтаңбасы. Құралбек Ергөбек

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 111 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Ф.ғ.д., профессор Қ.Саттаров өткізген Ш. 38 папкада “Әбубәкір қары айтыпты” деген атпен дайындалған жинақтың қолжазбасы бар.

195

Ш. 112 (ТҒЗИ)

Б. 29.

29x20,5; 27,5x18,5

Аталуы. Төлеш ақын және оның мұралары (қолжазбасымен).

Жинаушы. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері Құралбек Жолдасұлы Ергөбек.
Айтушы. Монтайтас елді мекенінің тұрғындары Әжібай Маханбетұлы және Құларық елді мекенінің тұрғындары Көлібай Майлыбайұлы және Өлмес Төлешқызы.

Аннотациясы. Қазығұрт ауданынан шыққан ақын Төлеген Баймырзаұлының өмірі және оның шығармалары туралы ел ішінен жиналған әңгімелер. Деректерге қарағанда Төлеш ақын әрі әнші де болған көрінеді.

Төлеш ақынның мұралары:

1. Өмір термесі (38 жол).
2. Жерімнен «Жетікұдық» қуып салып (9 жол).
3. Аман бол, жолыққанша, қызым Өлмес (12 жол).
4. Бар ма екен дүниеде қыздай мұңлық? (20 жол).
5. Шырағым, кетемін деп қамықпағын (12 жол).
6. Тұрғынбайға (4 жол).
7. Төлеш пен Ұлмекеннің айтысы (8 жол).
8. Үкілі мен Ләйліге (7 жол).

9. Қоғалы-ай (14 жол).
10. Өтеді жалған бейопа (10 жол).
11. Сақта, құдай, бәлеңнен әр жерде (15 жол).
12. Төмен көшкен сіргелілер (15 жол).

Қолтаңбасы. Құралбек Ергөбек

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 112 (ТҒЗИ)

196

Ш. 113 (ТҒЗИ)

Б. 18.

29x20,5; 27,5x18,5

Аталуы. Қазақтың қара өлеңдері.

Жинаушы. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Қазақстан халықтарының тарихы мен этнофилология ғылыми-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері Құралбек Жолдасұлы Ергөбек.

Айтушы. Қазығұрт ауданының тұрғындары Өлмес Төлешқызы, Ілескүл Әшірбайқызы. Арыс ауданы, Монтайтас елді мекенінің тұрғыны Әжібай Маханбетұлы.

Аннотациясы. Бұл папкада жинаушының ел арасынан жинаған мынадай ауыз әдебиеті үлгілері бар:

1. Қазақтың қара өлеңдерінен деген атпен үш түрлі өлең (Бұлар кезінде Қазығұрт аудандық басылымдарында жарық көрген).
2. Қыз бен жігіттің қара өлең айтысы.
3. Қыз бен жігіттің жұмбақ айтысы.

Қолтаңбасы. Құралбек Ергөбек

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 113 (ТҒЗИ)

197

Ш. 114 (ТҒЗИ)

Б. 400.

29x20,5; 27,5x18,5

Аталуы. Күлдіргі әңгімелер.

Жинаушы. Ф.ғ.д., профессор Қ.Саттаров.

Аннотациясы. Бұл баспаға дайындалған кітаптың қолжазбасы. Алдаркөсе, Қожанасыр, Тазша бала тағы басқалар туралы ел аузында сақталған әңгімелерді жинап, топтастырып кітап дайындаған. Алғысөзін, түсініктерін, сөздігін жазған ф.ғ.д., профессор Қ.Саттаров.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1994 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Папкасы. 114 (ТҒЗИ).

198

Ш. 115 (ТҒЗИ)

Б. 76; Ж. 1258;
20,5x16,5; 19x13

Аталуы. «Мақсұтхан» дастаны.

Жинаушы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер.

Айтушы. Түркістандық ақын Өтебек Балғабаев.

Аннотациясы. Дастан магнитофон кассетасынан көшірілген. 4 дәптерге көшірілген дастанның біраз жолдары әр дәптерде қайталанған. Жалпы дастан Бағдат шаһарында өмір сүрген Мақсұтхан деген ханның өмірі туралы. Сол шаһарда өмір сүрген қулығы мол Дәнімше деген кедейдің қулық-сұмдығының арқасында Мақсұтхан ханның тақтан түскеннен кейінгі басынан өткен оқиғалар айтылған.

Басқы сөзі. Бұрынғы өткен заманда,
Ілгері өткен адамда,
Мақсұтхан деген хан өткен,
Бағдат деген шаһарда...

Соңғы сөзі. ...Көрісті тақтан түсіп ей, келіп ханы,
Шыдар ма танып көріп тұрып жаны.
Барлығы осы арада табысады,
Қалмастан көңілдері ...
Осындай жетсін бәрі мұратына.

Қолтаңбасы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер

Қағазы, сиясы, әрпі. Дәптерге көк сиямен, кирилл әріптерімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 12–13 қаңтар 1992 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Ақауы. Кейбір жолдар кассетадан көшірілген кезде түсінбегендіктен жазылмай қалған.

Папкасы. 115 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Найман руынан шыққан Өмірбеков Бекен жырлаған нұсқа.

199

Ш. 116 (ТҒЗИ)

Б. 11
30x20,5; 26x17

Аталуы. Әл Ғарфин Шақыншақ әулие Қожа Ахмет Ясауи Түркістанда.

Жинаушы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер

Айтушы. Мұхаммед Садық Сапабекұлы, Павлодар облысы Баянауыл ауданы, 1904 ж. туған.

Аннотациясы. Түркістандағы тарихи зират Хазрет Сұлтан Әлғарфин Шақыншақ Әулие Хожа Ахмет Ясауи туралы төрт хикая.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1992 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-11-беттер

Папкасы. 116 (ТҒЗИ)

200

Ш. 117 (ТҒЗИ)

Б. 6; Ж. 154
29x20,5; 25x16

Аталуы. Мәшһүр Жүсіптің өмірден өтердегі айтқан сөзі

Жинаушы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер

Автор. Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы. Бұл қолжазбаны сақтаған Омбы (Омск) қаласының тұрғыны Өмірзақ Асанов.

Басқы сөзі. Көңілімді халқым келді көтергелі,

Кеуде шіркін қысады жөтелгелі.

Ей, жұртым, бір-екі ауыз сөз сөйлейін,

Басымды жастығымнан көтер бері...

Соңғы сөзі. ...Адамзатқа жалған хан болуың белгісіз,

Бұл дүниені қуғанмен бай болуың белгісіз.

Қолтаңбасы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен, кирилл әріптерімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1992 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 2-7-беттер

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбаның бірінші бетінде М.Ж.Көпеев туралы дерек берілген.

Папкасы. 117 (ТҒЗИ)

201

Ш. 117 (ТҒЗИ)

Б. 5;
29x20,5; 28x19

Аталуы. Әулиелер туралы әңгімелер.

Жинаушы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер

Айтушы. Сапарқожа Жүнісқожаев, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен ауылы.

Аннотациясы. Оқша ата, Қауған ата, Қорасан ата туралы аңыз әңгімелер және Сапарқожа Жүнісқожаұлы айтқан басқа да аңыз әңгімелер

Қолтаңбасы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен, кирилл әріптерімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1992 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-13-беттер

Папкасы. 117 (ТҒЗИ)

202

Ш. 117 (ТҒЗИ)

Б. 3

30x21; 28x19,5

Аталуы. Домалақ ана..

Жинаушы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер

Айтушы. Молда Барахан, албан руынан шыққан.

Аннотациясы. Домалақ ананың даналығы туралы, құдіреті (кереметі) туралы аңыз әңгіме.

Басқы сөзі. Алатау асып келген қалың жау, Қаратауды жайлап жатқан Бәйдібектің ауылдарын шауып кетіпті...

Соңғы сөзі. ...Қанды жорықта қайтпаған елдің кегін Домалақ ененің құдіреті (кереметі) қайтарған екен.

Қолтаңбасы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен, кирилл әріптерімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1992 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-3-беттер

Папкасы. 117 (ТҒЗИ)

203

Ш. 117 (ТҒЗИ)

Б. 40

33x20; 32x19,5

Аталуы. Бабақұлов Әбдіраш ақсақалдың айтқандары.

Жинаушы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер.

Айтушы. Бабақұлов Әбдіраш, ОҚО Созақ ауданы Бабата елді мекенінің тұрғыны, 1926 ж. туған.

Аннотациясы. Бабаталық Бабақұлов Әбдіраштың арғы ата-бабалары туралы айтылған дінді насихаттайтын әңгімелер және пайғамбарымыз Мұхаммед туралы, Баба Түкті шашты Әзиз, Арыстан Бап, Ысқақ бап туралы діни әңгімелер. Сондай-ақ тексттің соңында Бабақұлов Әбдіраштың көпшілікке қарата айтылып жүрген батасының тексті берілген.

Қолтаңбасы. Теңесбаев Қайырлы Дәнебекұлы, кіші ғылыми қызметкер

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен, кирилл әріптерімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1992 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-20-беттер

Папқасы. 117 (ТҒЗИ)

204

Ш. 118 (ТҒЗИ)

Б. 81; Ж. 2138
22x19,5; 19x16; 19x,10

Аталуы. Жетім Құбыл

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны

Аннотациясы. «Жетім Құбыл» дастаны бұл қолжазбада Халетшаның халықты жинап түс жорытқан жерінен басталады. Оның түсін Садық деген уәзір былай деп жориды.: Падишаның әйелі ұл, сенің әйелің қыз туады екен. Саған көрінген ай мен жұлдыз солар дейді. Бұған риза болған падиша сый тарту етіп уәзірді қайтарады. Тоғыз айдан кейін падишаның әйелі ұл, Халетшаның әйелі қыз туады. Оларға Жаһангер және Күләйша деп қояды. Падиша қартайған соң ұлым өскенше орныма сен боласың, қызыңды менің ұлыма бересің деп Халетшаны орнына қояды. Бір күні Халетша кейін орнын тартып алар деп падишаны у беріп өлтіреді де, бала жаһангер жетім қалады. Дастан осылай жалғаса береді. Елді Қалатша басқарған жылдары жоқшылық болады. Ол бір күні уәзірлеріне бір семіз өгіз тауып әкелуді бұйырады. Ондай өгіз тек Жаһангерде бар болатын. Соны әкелуге бұйрық береді. Қарсы болған баланы сегіз жылға зынданға тастайды. Дастан толық емес. Бас-аяғы жоқ. Қолжазба дағы дастан Жаһангердің Мір палуанмен алысып жеңген жерінен аяқталған.

Басқы сөзі. ...Падиша шақырған соң жұрттың бәрі

Қалайық келіп жатыр жас бен кәрі

Түсімді жақсылыққа жүргісіңдер

Бұл еді Халетшаның айтқандары...

Соңғы сөзі....Құбылға қарап зарлады

Құдая аман сақта тілегім сол

Өзіңе не айтса да болады жөн.

Он бес жыл қорлықпенен күнім өтті...

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қызғылт түсті қалың дәптер парағына көк сиямен жазылған

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Ақауы. Дастанның басы және соңғы жағы жоқ. Яғни дәптердің парағы жыртылған. 5-ші беттен басталып 86-ға дейін толық.

Папкасы. 118 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Ш. 57 папкада жинаушы Әшірбек Муминов өткізген нұсқасы бар.

205

Ш. 118 (ТҒЗИ)

Б. 190; Ж. 3388

20x16,5; 19x10

Аталуы. Мұңыл-Сейіл.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласының тұрғыны.

Автор. Молла Нұралы

Аннотациясы. Ноғайлы еліндің Қалас деген шаһарында тұратын Жамал атты патша 9 әйелінің үстіне бір сұлу қыз алмаққа бекінеді де, жер-жерлерге хабар салады. Сұлу дегеннің бәрін көреді, бірақ ұнатпайды. Зарлық деген шаһарда тұратын Алаша ханның Күлбала деген қызының дерегі жетіп, ол жасауылдарын жібереді. Ол елдің ханының орнында отырған Шана деген бек отырады екен. Ол дереу Күлбаланы алдырады да жасауылға қосып жібереді. Қыздың көркін көрген патша оған ғашық болып қалады. Мұны сезген Күлбала патшаға өзінің Шанадан көрген қорлығын баяндап, Шананы орнынан алып, өзімді хан сайласаңыз екен деп тілек білдіреді. Хан уәде береді де, өзі қызды некелеп алады. Оған күндестері қарсы болады да, бірде патша үйде жоқта Шана мен патшаның 9 әйелі бірлесіп Күлбаланы құдыққа тастап, патшаға қатының қашып кетті деп өтірік айтады. Күлбала құдықта жатып үш күннен кейін бір ұл, бір қыз туады. Қызға Мұңыл, ұлға Сейіл деп ат қояды. Шананың кесірінен Күлбала балаларынан ажырап қалады. Дастан осылай жалғаса береді. Соңында барлық қиыншылықты жеңген Сейіл еліне патша болады.

Басқы сөзі. Бісмілла сөздің қамалы,

Әр сабақтың басында

Алдыменен келеді,

Он сегіз мың алам қып...

Соңғы сөзі. ...Патша болып Сейіл ер,

Патшалықты құрады...

Өмір мәңгі кімге бар.

Осыменен жабылды

Мұңыл-Сейіл дастаны.

Қолтаңбасы. Әлтекұлы Қалихан

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағаннан орналасқан. Қара сөзбен жазылған тұстары да бар.

Ақауы. 1-2-беттері дәптерден жыртылып, бөлек жүр. Мұқабасы да жыртылған.

Папкасы. 118 (ТҒЗИ)

206

Ш. 119 (ТҒЗИ)

Б. 59;
30x21; 23x15;

Аталуы. Айласыз ашу.

Жинаушы. Самарқан Байдәулетов, Қызылорда облысының тұрғыны

Автор. С. Досалиев (басқа мәлімет берілмеген).

Аннотациясы. 4 актілі 7 көріністі пьеса. Машинада терілген. Пьесаның оқиғасы ауылда өтеді. Айттырған күйеуін қаламаған қыз, қызын қаламаған күйеудің басындағы оқиғалар негіз болған пьесада барлығы 10 кейіпкер бар. Кеңес өкіметі енді орнап жатқан кездегі қазақ ауылдардың тіршілігі суреттелген.

Қолтаңбасы. Машинада терілген.

Жазылған жылы, жері. Шымкент 1956 жыл деген жазуларды өшірген. Яғни белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбаның 1-бетінде фотосурет берілген. Кімдікі екені жазылмаған. Біздің ойымызша пьеса авторы С. Досалиев болуы мүмкін.

Ақауы. Кейбір беттері, мысалы, 58-беті жоқ. Және 5 және 6-беттер қос-қостан көрсетілген, бір бетіндегі сөйлем екіншісіне сәйкеспейді.

Папкасы. 119 (ТҒЗИ)

207

Ш. 120 (ТҒЗИ)

Б. 25; Ж. 596
29,5x20,5; 25x15;

Аталуы. Үкілі қыздың хикаясы

Жинаушы. Мархабай Керімбеков, жинаушы, Түркістан қаласы.

Автор. Ләтіп Мірәшімұлы (Байнияздан естіп жаздым дейді)

Аннотациясы. Дастанның басты кейіпкері Үкілі қыздың әкесі Қарақұмға белгілі төре Әлібай хан. Үкілі қыздың айттырып қойған жері Орта жүзде Датқабек деген бай. Айттырып қойғаны болмаса, Датқабек пен Үкілі қыз бірін-бірі көрмеген екен. Үкілі қызға көңілі ауған Бекет бидің інісі Шортанбай көңілін білдіргенде оның бетін қайтарады. Ол бұған ерегісіп, айламен өз дегеніне жетеді. Бұны кеш

түсінген Үкілі қыз кек алу мақсатында оны артынан қуып шығып, басындағы бөркін атып түсіреді... Шортанбай қашқан күйі Бекет биге келіп болған жайды айтады. Сөйтіп Үкілі қызды Шортанбайға қосып той жасамаққа бекінген кезде бұл жайдан хабарланған Шортанбайды өлтірмекке бекініп, Датқабек қол жиып, сол жерге келеді. Жиналған билер оған сол елден басқа қыз алып, дауды осымен доғар деген шешім айтады. Ол көнбейді. Сол уақытты Үкілі қыз келіп, осы уақытқа дейін ұрын келіп бір хабар алмағанын бетіне басып, атын естігені болмаса, түріін көрмегенін, осы абыройсыздықтың себепшісі өзі екенін, енді келіп дау соғып тұрғанын айтады. Егер қоймайтын болсаң, майданға шық, екі оқ екеумізге сайлаулы тұр дейді. Датқабек сонда барып өзінің орынсыз әрекетін түсініп, Үкіліні көріп үлкен өкініште қалады. Кешірім сұрайды. Ал Әлібай Бекетпен өмірлік құда болады.

Басқы сөзі. Ертеде ерге үш зат еткен серік,
Жауға – айбат, досқа – зейнет, көпке – көрік
Сұлу жар, тұлпар ат пен күшті қару,
Таза күт, бойға тенел бол деп берік...

Соңғы сөзі... Мен Ләтіп Мірәшімнен Садық, Әбу
Қағазға өз әлімше салдым жабу.
Атадан жас қалыппын бір-екіде
Қаңғалап қиын болды жолды табу.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1994 ж. Созақ ауданы

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 120 (ТҒЗИ)

208

Ш. 121 (ТҒЗИ)

Б. 65; Ж. 2286
20x16; 18x11;

Аталуы. «Жаһандар» дастаны.

Жинаушы. Керімбеков Мархабай, Түркістан қаласы.

Автор. Бек ұлы молда Тұрсын.

Аннотациясы. Дастан парсы тіліндегі кітаптан қазақшаға аударылып жазылғандығын автор ескерткен. Дастанның оқиғасы Үндістанда болған. Басты кейіпкері әділ падиша бір перзентке зар болып жүріп, күндердің күнінде ниеті қабыл болып балалы болады. Атын Жаһандар деп қояды. Оны тәрбиелеп өсіру үшін бір дана кісіге баланы тапсырады. Ер жеткен шаһзада Жаһандар бір күні уәзірлермен аңға шығады. Тауды кезіп жүрген кезде бір шұбар киікке кез болады. Оны қоршап ұстамақ болған кезде киік тура шаһзаданың басынан қарғиды

да қашып кетеді. Шаһзада оны қуа жөнеледі. Аты жүйрік болған соң уәзірлердің бәрі артта қалады да жалғыз өзі қуа береді. Үш күн өтіп 4-ші күн болғанда оның астындағы аты шаршайды да, киік ұстатпай кетеді. Киіктен үмітін үзген патша келе жатып бір баққа кез болады. Бақтың ортасында судың басында отырған бір жігітті көреді де, тілдеспекке қасына келеді. Бірақ ол жауап бермейді. Біресе жылайды, біресе күледі, біресе киімін жыртады. Бұған шаһзада ашуланып басын алып тастамақшы болған кезде бір тотықұс оны тоқтатып, бұл жігіттің ғашықтықтан жынданып кеткенін айтады. Және оқиғаны баяндап береді. Жалпы дастанның оқиғасы Жаһандар шаһзаданың басынан өткен оқиғаларға құрылған. Дастан толық емес.

Басқы сөзі. Қолыма бысмылла деп алдым қалам,
Дүниеге опасы жоқ болма алаң
Бастайын бір ікаят назым қылып,
Тіліме мәдет бергін алла талам...

Соңғы сөзі....Сонан соң көңілінен қайды кетіп,
Бұл өзі бөтен шаһар келіп тұрған...

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың тор көз дәптерге көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен жазылған.

Ақауы. Алғашқы 3-4, 23-24 парақтарның шеті мүжіліп жыртылған, мұқабасы және 53-54, 67–68-беттері жоқ.

Папкасы. 121 (ТҒЗИ)

209

Ш. 121 (ТҒЗИ)

Б. 3; Ж. 115
33x25; 32x13,5;

Аталуы. «Үміт» дастаны

Жинаушы. Керімбеков Мархабай, Түркістан қаласы

Аннотациясы. «Үміт» дастаны деп аталғанымен мұнда тек қана Үміттің өлер алдында айтқан зары, яғни елімен, жұртымен, жалғыз ұлы Естаймен қоштасулары және шешесінің зары жазып алынған. Қолжазбаның бірінші бетінде «Үміт» дастанының жалпы оқиғасы қара сөзбен баяндалған.

Басқы сөзі. Кіндік кесіп, кір жуған,
Қош бол жүрген жерлерім,
Құлын-тайдай ойнаған,
Қош аман бол, теңдерім...

Соңғы сөзі. ...Елестеп көз алдыма туған далам,
Шығалмай жалындаған іштегі арман.
Қос бірдей алыстағы ардағымды

Көре алмай арманда мен кетіп барам.
Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптердің парағына көк сиямен жазылған.
Жазылған жылы, жері. 1994 ж.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Папкасы. 121 (ТҒЗИ)
Нұсқасы. Толық емес нұсқа. Қолжазба қорындағы Ш. 12, Ш. 46 папкаларда басқа да нұсқалары бар.

210

Ш. 121 (ТҒЗИ)

Б. 2; Ж. 40
33x25; 32x11;

Аталуы. Аңсаған өшпес армандай.
Жинаушы. Керімбеков Мархабай, Түркістан қаласының тұрғыны.
Айтушы. ОҚО, Созақ ауданы Жартытөбе совхозының тұрғыны Күмісбаев Мархабай.
Автор. Құлыншақ Кемелұлы.
Аннотациясы. Тапсырушы бұл өлеңнің Құлыншақ ақынның өлеңдерінен үзінді екенін ескерткен.
Басқы сөзі. Жақсылардың сөздері
Меруерт інжу-маржандай,
Жүрекке мәңгі сақтаңыз,
Аңсаған өшпес армандай...
Соңғы сөзі. ...Даналықтың белгісі
Өз әлін білу шамалап.
Жақсы аттан құласа
Жамандар күлер табалап.
Қолтаңбасы. Назбек Байтуаров
Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптердің парағына көк сиямен жазылған.
Жазылған жылы, жері. 1990 ж.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Ақауы. Өлеңнің 22-ші жолына көп нүкте қойылған.
Папкасы. 121 (ТҒЗИ)

211

Ш. 121 (ТҒЗИ)

Б. 1; Ж. 32
33x25; 32x18;

Аталуы. Қашаған Күржіманұлының 150 жылдығына арнау
Жинаушы. Керімбеков Мархабай, Түркістан қаласы

Автор. Жаңаөзен қаласындағы Қашаған Күржіманұлы атындағы орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Тәтеш Айтжанқызы мен ән-күй пәнінің мұғалімі Айтгүл Қабылқызы

Аннотациясы. Қашаған Күржіманұлының туғанына 150 жыл толуына орай шығарылған өлең.

Басқы сөзі. Халқымыздың перзентің Күржіманұлы Қашаған,
Өткір тілді, өршіл тұлға, өшпес жырлар жасаған...

Соңғы сөзі. ...Соларменен мен де бірге бір құдықтан су ішем,
Рухыңа басымды имей мен қалайша қалайын.

Қолтаңбасы. Назбек Байтуаров.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптердің парағына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 121 (ТҒЗИ)

212

Ш. 121 (ТҒЗИ)

Б. 4; Ж. 116
33x20; 32x11;

Аталуы. Беташар

Жинаушы. Керімбеков Мархабай, Түркістан қаласы

Аннотациясы. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының бірі – келіннің бетін ашу дәстүріне байланысты айтылған беташар. Толық емес, тек келінді елмен таныстыратын шумақтар берілген.

Басқы сөзі. Үлкен-кіші жасыңыз,

Қосылды тойда басымыз

Беташар деген дәстүр бар,

Атадан қалған салтымыз...

Соңғы сөзі. ...Ал, ағайын, ағайын,

Басқа әуенге салайын

Салдырып сәлем келінге,

Көрімдігін алайын.

Қолтаңбасы. Назбек Байтуаров

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптердің парағына көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағамен орналастырылған.

Папкасы. 121 (ТҒЗИ)

Аталуы. Айдаршаның бөлесі Айтбай молдаға айтқаны.

Жинаушы. Керімбеков Мархабай, Түркістан қаласы.

Айтушы. Пабдусзат Айдаршақызы Оспанова.

Автор. Оспанов Айдарша Әбуұлы (автор туралы толық мағлұмат осы қолжазбада бар).

Аннотациясы. 1941 жылы майданға аттанған Айдарша 1943 жылы екі көзінен айырылып соғыстан қайтады. Бұл өлеңді бес айдан кейін көңілін сұрап келген бөлесі белгілі ақын Айтбай Белгібайұлына өкпелеп айтқан екен. Бұл өлеңдерді сақтаған Айдаршаның қызы Пабдусзат Айдаршақызы Оспанованың айтуынша 1962 жылдары Нысанбек Төрекұлов келіп жазып алып кеткен екен.

Басқы сөзі. Ассалаумағалейкум, ардақты Айтбай бөлеміз,
Радасы құданың демеп ек сізді көреміз...

Соңғы сөзі. ...Қол тимейді дегенің себеп емес,
Ауданның атқарсаң да бәрін бөле
Сыйға-сый, сыраға бал деген болып,
Өзіңе айтқаным бұл бәрін бөле.

Қолтаңбасы. Пабдусзат Айдаршақызы Оспанова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптердің парағына, қара сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1943 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналастырылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбада Оспанов Айдаршаның қысқаша өмірбаяны, өлеңдерінің тарихы, өлеңде кездесетін кейбір сөздерге түсініктемелер берілген.

Папкасы. 121 (ТҒЗИ)

Аталуы. Айтбай молданың бөлесі Айдаршаға айтқан жауабы.

Жинаушы. Керімбеков Мархабай, Түркістан қаласы.

Айтушы. Пабдусзат Айдаршақызы Оспанова.

Автор. Айтбай Белгібайұлы.

Аннотациясы. 1941 жылы майданға аттанған Айдарша 1943 жылы екі көзінен айырылып соғыстан қайтады. Бес айдан кейін көңілін сұрап келген бөлесі белгілі ақын Айтбай Белгібайұлына өкпесін өлеңмен

жеткізеді. Оған жауап ретінде Айтбай Белгібайұлы осы өлеңді айтқан екен. Бірақ сол кезде ауызша айтылып, қағазға түсірілмегендіктен ел ішінде екі түрлі вариантпен сақталған. Айдаршаның қызы Пабдусзаттың айтуынша, бұл өлең жолдарын Айтбайдың кенже баласы Мәліктен жазып алған.

Басқы сөзі. Сәлем хат келіп тиді бөлемізден,
Ерітіп ерікті алды денемізден...

Соңғы сөзі. Полат, Марат гүлдерің аман болсын,
Төрт жағы тең құбыла қалыптасың,
Келінжан жақсы сыйла жолдасыңды
Сонда сен қымбат баға нарықтасың.

Қолтаңбасы. Пабдусзат Айдаршақызы Оспанова.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптердің парағына, кара сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналастырылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Өлеңді кімнен алғандығы жөніндегі қысқаша түсініктеме берілген.

Папкасы. 121 (ТҒЗИ)

215

Ш. 122 (ТҒЗИ)

Б. 53; Ж. 684
30x20,5; 22x6;

Аталуы. Кенесары-Наурызбай

Жинаушы. Жандарбек Зікірия, ғылыми қызметкер, Түркістан қаласы

Айтушы. Нысанбай жырау

Аннотациясы. Кенесары-Наурызбай көтерілісіне бастан-аяқ қатысып, оның ыстық-суығын өз басынан кешіріп, көзімен көрген Нысанбай ақынның жыры. Кенесары мен сол көтеріліске қатысқан батырлардың ерлігін жырлайды.

Басқы сөзі. Дури жауһар данасы,
Әркімнің алла панасы,
Жан біткенге несібе,
Дарияның аққан саласы...

Соңғы сөзі. ...Құтылуға қырғыздан,
Тілегін құдай бермеген,
Қырғызда қалды тұтылып,
Не еткенін ешкім білмеген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналасқан
Ақауы. Әріп қателері, яғни техникалық қателер кеткен.
Папкасы. 122 (ТҒЗИ)

216

Ш. 122 (ТҒЗИ)

Б. 4; Ж. 89
30x20,5; 22x6;

Аталуы. Кенесары мен Наурызбайды жоқтау.
Жинаушы. Жандарбек Зікірия, ғылыми қызметкер, Түркістан қаласы.
Автор. Нысанбай жырау.
Аннотациясы. Нысанбай жыраудың қырғыздан қашып құтылып елге келген соң Кенесары Наурызбайды жоқтап айтқаны. Жоқтаудың соңында 12 жол өленде жырау өзі туралы айтады. Сондықтан да оны жол санына қоспадық.
Басқы сөзі. Қоғамы күшті ер еді,
Кебiмдi бала тудырған.
Ықпалы түрген ер еді,
Алтынды қылыш будырған...
Соңғы сөзі. ...Қойшыдан сынды сағымыз,
Артында қалған жетiм ел.
Келiспей кеттi сәнiмiз
Осындай болды қалiмiз.
Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкамен терiлген, сарғыш жазу қағазына.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Папкасы. 122 (ТҒЗИ)

217

Ш. 122 (ТҒЗИ)

Б. 5; Ж. 80
30x20,5; 22x10

Аталуы. Кенесары, Наурызбай туралы халық аузындағы өлеңдер мен аңыздар.
Жинаушы. Жандарбек Зікірия, ғылыми қызметкер, Түркістан қаласы.
Айтушы. Нысанбай жырау.
Аннотациясы. Кенесары мен Наурызбайды қырғыздар қолға түсіргеннен кейін кеңес құрып, Жаманқараның өлі-тірісін білу үшін олардың біреуін босатып, Жаманқараны тірі болса алып келуін талап етіпті. Кенесары Жаманқараның тірі екенін айтып, алып келуге Наурызбай төрені жіберіндер дейді. Бірақ оған Наурызбай көнбейді. Бұл – сол туралы ел ішінде Наурызбай, Кенесары, Тағай арасындағы айтыс түрінде айтылатын өлең.

Басқы сөзі. Кенеаға осы соғыс болды қалай,
 Жеңері қырғыз қазақ екіталай.
 Сен өлсең екі күшік балаң бар-ды,
 Кенеке, осы жолдан қайтсаң қалай...
Соңғы сөзі. ...Жағалай Көкі бойы терек талды,
 Шақырып Құсбек итін қасына алды.
 Қырғыздың өз қылышы өтпеген соң,
 Науанның наркескенмен басын алды.
Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкамен терілген, сарғыш жазу қағазына.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Папкасы. 122 (ТҒЗИ)

218

Ш. 123 (ТҒЗИ)

Б. 141; Ж. 3035
 30x21; 24,5x13;

Аталуы. 4-жинақ.

Жинаушы. Филология ғылымдарының докторы, профессор Қыдырәлі Саттаровтың жетекшілігімен ұйымдастырылған «Түркістан фольклор экспедициясы», «Қазығұрт фольклор экспедициясы», «Ташкент атырабы қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициялары» мүшелері, Түркістан қаласы.

Аннотациясы. Бұл жинаққа Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданы Сексената ауылының тұрғыны Әбдірәсіл Ахметұлынан жазып алынған Майлықожа ақынның термелері мен толғаулары құрастырылып берілген, Асан ақын, сондай-ақ Түркістан төңірегінде өмір сүрген Қызыл ақынның өлеңдері де енгізілген (біразы баспада жарияланған).

1. Майлықожаның термесі.....	95 жол
2. Жалған дүние сен жолдас қанша күндік.....	42 жол
3. Жоқтау	296 жол
4. Әзірет Саллаулаһи Әлейһи ассалам.....	402 жол
5. Майлы ақынның молла Қадірге жазған өлеңі.....	192 жол
6. Терме. Майлы ақын.....	84 жол
7. Терме. Асан ақын.....	60 жол
8. Жүсіп қожа мен Жолбарыс ақынның Сейітасқар Ешанға жазған сәлем хаты.....	158 жол
9. Майлы ақынның сайлаудағы арызының мазмұны.....	47 жол
10. Майлы ақынның Сейіт Жаппар төреге жазған өлеңі	370 жол
11. Мырзахімет қожаның Шыман қожаға жазған сәлем хаты.....	32 жол
12. Майлының молла Есенбайға жазған өлеңі.....	94 жол

13. Майлықожаның термесі..... 572 жол

Қызыл жырау атанған Мырзабек Байжановтың өлеңдері

1. Хат жаздым ақ қағазға тартып қалам..... 47 жол
2. Қызыл ақынның Әкімгереймен айтысы..... 216 жол
3. Қызыл ақынның аудан басшыларына хаты..... 80 жол
4. Мырзекеңнің кәрілікке айтқаны..... 248 жол

Қолтаңбасы. Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті филология факультетінің II курс студенті Құрманбекова Гүлжан және Байтұрсынова Айнұр.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен, қазіргі кирилл әріптерімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Майлықожаның термесі аталған 572 жолдық өлеңің соңында «1958 жылы қаңтар айының 2-ші жұлдызы күні жазылды» делінген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 123 (ТҒЗИ)

219

Ш. 124 (ТҒЗИ)

Б. 6;
29,5x21; 28x17;

Аталуы.Шешендік сөздер.

Жинаушы. Алиев Инаят, Шалқар қаласы.

Айтушы. Тәңірбергенов Кеулімқош – Ақбасты елді мекенінің тұрғыны, руы – Жақайым, Меркебай Тағыбергенов – Шалқар қаласы Әйтеке би Ш. 44, Өтеш Нәжмадинов – Шалқар қаласы Әйтеке би көшесі.

Аннотациясы. Кіші жүздің би-шешендері Жетес би, Қабақ би, Сарытай би т.б. айтыпты деген ел арасынан жиналған әңгімелер.

Қолтаңбасы. Алиев Инаят, Шалқар қаласы

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына, кирилл әріптерімен, көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 124 (ТҒЗИ)

220

Ш. 125 (ТҒЗИ)

Б. 17; 41x30; 26x28;
30x21; 29x18

Аталуы. Шежіре.

Жинаушы. Садықов Сали, Түркістан қаласы.

Айтушы. Дәуімжар Ожыраев және Айладүр Оталиев, Қарақалпақстан Республикасы.

Аннотациясы. Кіші жүз шежіресінің бұл нұсқасы «Қазақтың төл шежіресіндегі» нұсқасынан ерекше дейді жинаушы. Бұл шежіре Қарақалпақстан Республикасы Қазақ Мәдени Орталығының мүшелері Дәуімжар Ожыраев және Айладүр Оталиевтан жазып алынған. Бұл папкада сондай-ақ салт-дәстүрге байланысты көңіл айту, бата өлеңдер қазақтың тәубешілік сөздері, шошынғанда айтылатын сөздер және жыл қайыру таблицасы бар.

Қолтаңбасы. Садықов Сали, Түркістан қаласы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк және қызыл сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. 6 беттен тұратын шежіре таблицамен берілген.

Папкасы. 125 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Қарақалпақстандық Дәуімжар Ожыраев және Айладүр Оталиевтар дайындаған нұсқа.

221

Ш. 126 (ТҒЗИ)

Б. 70; Ж. 2600
20x16; 19x9

Аталуы. «Зебер мен Құлқаныс» қиссасы.

Жинаушы. Тұрсынов Мұратжан, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы.

Айтушы. Жырлаған молда Нұралы Нысанбайұлы.

Аннотациясы. Құшабдан шаһарында өмір сүрген, 10 жасында патша болған Аппақша атты патшаның 12 зайыбы болған екен. Жасы 50-ге келгенде зарығып жүріп бір ұл көреді. Атын Зебер деп қояды. Зеберше азамат болып атқа мінеді, ит жүгіртіп, құс салады. Әкесі оның қасына балаларға басшы болсын деп Кәмбілді қосады. Олар келе жатып өздеріндей қырық шақты аттыларға жолығады. Сөйтсе бұл Аппақшаның еліне келе жатқан ноғайлы елінен шыққан Үміт патшаның елінен келе жатқан қыздар екен. Бастап келе жатқан патшаның қызы Құлқаныстың іздеп келе жатқаны Зебер екен. Өйткені, Аппақ патша Үмітпен құда болғанын қариялардан естіп, осы уақытқа дейін олардың үнсіз жату себебін білмекші боп әрі таныспақшы болып келе жатқан беті екен... Дастан соңында көп қиыншылықтарды жеңе отырып, Зебер мен Құлқаныс қосылады.

Басқы сөзі. Бисмилла сөздің шекері,

Әммә сөздің бекері,

Басталса әуел каламнан,

Басқа сөз мұның нөкері...

Соңғы сөзі. ...Кешіріндер, әлеумет,

Бар болса жерім адасқан.

Қол жайып дуа қылындар,

Аяқтап бітті бұл дастан.

Қолтаңбасы. Рахметов Ташкенбай.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1969 жыл, февраль (ақпан) айы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. 1-бетте екі бағанмен, қалған беттерде бір бағанмен орналастырылған.

Папкасы. 126 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Нұралы Нысанбайұлы жырлаған нұсқа. Ш. 14 папкада

Б.Әлмаханов өткізген бір нұсқасы бар.

222

Ш. 127 (ТҒЗИ)

Б.30;
30x20,5; 28,5x17,5

Аталуы. Ертеқ, аңыз-әңгімелер.

Жинаушы. Садықов Сали, Түркістан қаласы

Аннотациясы. Ел ішінен жиналған аңыздар, ертеқтер.

1. Пәнт бергіш көселер (ертеқ).
2. Аңқау шал (ертеқ).
3. Қасқыр мен қозы (ертеқ).
4. Төктің тауы (аңыз).
5. Өмірбек пен мақтаншақ (ертеқ).
6. Арық мерген (ертеқ).
7. Ешкі мен түлкі (ертеқ).
8. Алтын тауық (ертеқ).
9. Түлкінің күлуі (ертеқ).
10. Махаббат – бұл да ауру (аңыз).
11. Хан болудан бас тартқан екен (аңыз).
12. Шыңғыс ханның әскері (аңыз).
13. Сүлеймен патшаның қыздары (аңыз).
14. Сот шешімі (аңыз).
15. Мақсатқа жету үшін... (аңыз).

Қолтаңбасы. Садықов Сали.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. «Сот шешімі» деген аңыздың соңында «Бұл аңызды мен 1980 ж. марқұм Жанызах Имбетовтан жазып алдым. Нөкіс қаласы, Правда көшесі, 40 үй» деген жинаушының қолтаңбасы бар.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Папкасы. 127 (ТҒЗИ)

223

Ш. 128 (ТҒЗИ)

Б. 5;
30x21; 22x10

Аталуы. Мысалдар.

Жинаушы. Садықов Сали, Түркістан қаласы.

Аннотациясы. Дихан және доңыз (мысал) 24 жол
Мысал 32 жол
Порхан (дуахан) айтқанда пірлерді
шақырып айтатын айтымдар 17 жол
Алғыс, бата бергенде айтылатын сөздер 60 жол

Қолтаңбасы. Садықов Сали, Түркістан қаласы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш жазу қағазына көк сиямен жазылған. Бет саны қызыл сиямен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Папкасы. 128 (ТҒЗИ)

224

Ш. 129 (ТҒЗИ)

Б. 79;
20,5x29,5; 16,5x14,5

Аталуы. Шежіре.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы

Аннотациясы. Сунақтардың шежіресі.

Қолтаңбасы. Ксерокөшірме

Жазылған жылы, жері. Қолжазба қорына 1996 жылы тапсырылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Дәптердің екі беті бір жазу қағазына түсірілген.

Папкасы. 129 (ТҒЗИ)

225

Ш. 130 (ТҒЗИ)

П.96; Б.96; Ж.2623
21 x 30; 7 x 23

Аталуы. Зебер мен Құлқаныс.

Жинаушы. Тұрсынов Мұратжан.

Айтушы, жырлаушы. Нұралы Нысанбайұлы.

Аннотациясы. Қос ғашықтың бір-біріне қосылу жолындағы ерліктерін баяндайтын қисса.

Басқы сөзі. Бисмиллә сөздің шекері,
Өммә сөздің бекері...
Соңғы сөзі... Қол жайып дуа қылыңдар,
Аяқтап тәтті бұл дастан.
Қолтаңбасы. Сейданов Арызбайдың қолтаңбасы.
Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағаннан орналастырылған.
Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.
Папкасы. 130 (ТҒЗИ).
Нұсқасы. Зебер мен Құлқаныс қиссасының нұсқалары Ш. 126 папкада және Ш. 133 папкада сақталған.

226

Ш. 131 (ТҒЗИ)

Б.19; Ж.533
30 x 21; 24 x 11

Аталуы. Мақал-мәтелдер.
Жинаушы. Философия ғылымдарының кандидаты Садықов Сали.
Айтушы. Қарақалпақстандық Бейсенбай Ембергенұлы, Теңізбай Төрежанұлы, Баян Сапарбайқызы, Сансызбай Сақиұлының айтуымен жазылған.
Аннотациясы. Амудария өзенінің құйылысындағы қазақтардың айтуы бойынша жазып алынған мақал-мәтелдер. Әр түрлі тақырыпта айтылған 349 мақал-мәтел бар.
Басқы сөзі. Бастаушы жақсы болса,
Қостаушы да жақсы...
Соңғы сөзі... Ауылы басқаның аты озғанша,
Ауылдастың тайы озсын.
Қолтаңбасы. Философия ғылымдарының кандидаты Садықов Салидың қолтаңбасы.
Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.
Жазылған жылы, жері. 1979 және 1989 жылдар аралығында Қарақалпақстанда жазылған.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағаннан орналастырылған.
Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.
Папкасы. 131 (ТҒЗИ)

Аталуы. Күлдіргі әңгімелер.

Жинаушы. Философия ғылымдарының кандидаты Садықов Сали.

Айтушы. Амудария өзенінің құйылысындағы қазақтар.

Аннотациясы. Амудария өзенінің құйылысындағы қазақтардың айтуы бойынша жазып алынған күлдіргі әңгімелер. Әр түрлі тақырыпта айтылған 10 күлдіргі әңгімелер бар.

Басқы сөзі. Өмірбек күнде кастрюльмен көрші ауылға апарып сүт сатады екен...

Соңғы сөзі. ...Мұны естіген би алғаш ренжісе де, ұстаның тапқырлығына қатты риза болған би сарпай-шапан жауып жіберген екен.

Қолтаңбасы. Философия ғылымдарының кандидаты Садықов Салидың қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағаннан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 131 (ТҒЗИ)

Аталуы. Сырлы сөз.

Жинаушы. Философия ғылымдарының кандидаты Садықов Сали.

Аннотациясы. Қарақалпақ ішіндегі белгілі жырау Шаукөт туралы әңгіме.

Басқы сөзі. Ертеде жаугершілік көп болған заман еді. Хан ләшкерлері...

Соңғы сөзі....Көкірегі ызаға толы кек кернеген жыраудың сырлы сазы Арқадан ескен күшті желдің лебіменен алыс-алыстарға дейін тарап кетті.

Қолтаңбасы. Философия ғылымдарының кандидаты Садықов Салидың қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 131(ТҒЗИ)

Ш. 132 (ТҒЗИ)

П. 23; Б. 23; Ж. 608
30 x 21; 24 x 9**Аталуы.** Өзірет Әлі мен Дариғаның күресі.**Жинаушы.** Тұрсынов Мұратжан.**Аннотациясы.** Өзірет Әлі мен Дариғаның күресін баяндайтын қисса. Өзірет Әлі атақты балуан Дариғамен күресу үшін Мәдинадан іздеп барады. Бұл уақытқа дейін Дариғаны ешкім жеңе алмаған болатын. Өзірет Әлі Дариғаны жеңіп оған үйленеді. Дариға жүкті болған кезінде Өзірет Әлі еліне қайтып кетеді. Дариға ұл туып есімін Шаһизанда қояды. Соңында ұлы әкесін өзі іздеп табады.**Басқы сөзі.** Қаламды бисмиллә деп ұстайын да,

Басқа сөз бекер жұмыс бастайын да.

Жамағат құлақ салып тыңласаңыз,

Әлінің бір сөзін бастайын да...

Соңғы сөзі... Қиссаны бұдан бұрын жаздым талай,

Бір дұға оқығандар қылыңыздар.

Аяғын тамам еттім енді осылай.

Қолтаңбасы. Рахметов Ташкенбайдың қолтаңбасы.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкада терілген.**Жазылған жылы, жері.** 1984 ж. 16 тамызда жазып болған.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Өлең жолдары әр бетке бір бағаннан орналастырылған.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Папкасы.** 132 (ТҒЗИ)**Нұсқасы.** Өзірет Әлі мен Дариғаның күресі қиссасының Ш. 1 папкада Керімбеков Кенжебек, Ш. 3 папкада Әлиев Инаят, Ш. 142 папкада Керімбеков Кенжебек тапсырған нұсқалары бар.

Ш. 133. (ТҒЗИ)

П. 2; Б. 43; Ж. 2587;
28 x 20; 24 x 19;**Аталуы.** Зеберше мен Құлқаныс.**Жинаушы.** Керімбеков Кенжебек.**Аннотациясы.** Мазмұны алдыңғы осы аттас жоғарыда айтылған дастанмен бірдей. Қолжазбаның алғашқы бетінде Битемірұлы Мырзатай жайлы дерек берілген, ал қолжазбаның соңында бұл қиссаны аударған Битеміров Сұлтанбай деп жазылған.**Басқы сөзі.** Көкірегі толып санаға,

Күндерде бір күн әйелі

Жүкті болып бейшара,
Бір қыз тапты босанып...
Соңғы сөзі...Талап алған малдарын,
Орнына қайтып беріпті
Қауысқан 500 пендеге,
Бір бір қыз беріпті жаратып.

Қолтаңбасы. Түркістан қаласының тұрғыны Битемірұлы
Сұлтанбайдың қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың ескі дәптерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1957жылы 31 қаңтарда жазып болған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары бірнеше беттерінде екі
бағаннан, тек 7, 17, 21 беттерінде бір бағаннан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қиссаның алғашқы беттері жыртылып қалған, 3-беттен
басталып кеткен және 34-бетінің парағының жартысы жыртылып
қалған.

Папкасы. 133 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Зеберше мен Құлқаныс қиссасының нұсқалары Ш. 126 және
Ш. 130 папкаларда сақталған.

231

Ш. 133 (ТҒЗИ)

П.12; Б.24; Ж 1668
29 x 19; 24 x 18

Аталуы. “Зарқұм” қиссасы.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Айтушы, жырлаушы. Майлы ақын жырлаған нұсқа.

Аннотациясы. Мұсылмандар мен кәпірлердің арасында болған діни
соғысты баяндайтын діни қисса. Толық емес.

Басқы сөзі. Бисмиллә деп бастайын

Шешендер білер сөз жайын...

Соңғы сөзі...Жалғасы әлі бар

Бұл қиссаның.

Қолтаңбасы. Битеміров Сұлтанбайдың қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың ескі дәптерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке екі бағаннан
орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қолжазбаның 2, 3, 4, 5 беттері жыртылып қалған.

Папкасы. 133 (ТҒЗИ).

232

Ш. 134 (ТҒЗИ)

П.14; Б.14; Ж.290
30 x 21; 29 x 12

Аталуы. Өзірет Әлі мен Дариға қыздың күресі.

Жинаушы. Әлиев Инаят.

Айтушы. Арал қаласының тұрғыны Демеу Жалмырзаев.

Аннотациясы. Өзірет Әлі мен Дариға қыздың күресін баяндайтын қисса. Дариғаның әкесі Қатран патша: “Қызымды жеңген адамды күйеу қыламын” - деп жар салады. Бірақ ешқандай палуан Дариғаны жеңе алмайды. Бұны естіген Өзірет Әлі Дариғамен күресу үшін Мәдинеден іздеп келеді. Дариғаны жеңіп оған үйленеді. Дариға жүкті болған кезінде еліне қайтып кетеді. Дариға ұл босанып есімін Мәді қояды. Мәді ер жеткен соң әкесін іздеп жолға шығады. Жолда күресіп жатқан балаларды көреді және қастарында оларды күрестіріп жатқан кісіні көреді. Бұл Өзірет Әлі болатын. Мәді бұл балалардың барлығын жеңіп, соңында Өзірет Әлінің өзімен күреседі. Сол жерде Өзірет Әлі Мәдінің мойнындағы тұмардан өзінің ұлы екенін таниды. Бұны білген Мәді әкесімен күрескеніне намыстанып жер астына кіріп кетеді.

Басқы сөзі. Қаламды піссімiллә деп ұстайын да,

Жаман сөз күнә болса тастайын да.

Әлішер бір құдайға аманат айтып,

Онан соң бұл қиссаны бастайын да...

Соңғы сөзі. ...Яғни адамзаттың келесі ұрпағы енді осы Мәдіден тарайды екен аңыз бойынша.

Қолтаңбасы. Алиев Инаяттың қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ параққа көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір бағаннан орналастырылған, тек соңғы екі бетке қара сөз түрінде жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қиссаның аяғы бітпей қалған, кейбір беттері жыртылып қалған.

Папкасы.134 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Бұл қиссаның Ш. 1және Ш. 142 папкаларда Керімбеков Кенжебек,Ш. 3 папкада Алиев Инаят тапсырған нұсқалары бар.

Ш. 134 (ТҒЗИ)

П.4; Б.4; Ж.91
30 x 21; 26 x 9**Аталуы.** “Қарасай-Қази” жыры.**Жинаушы.** Әлиев Инаят.**Айтушы.** Демеу Жалмырзаев.**Аннотациясы.** Бұл жырдың толық емес нұсқасы. Қарасайды қалмақтар қуып кеткенде Күнқияш тасаға тығылып қалған екен. Енді Қарасаймен қайта тілдесуге Күнқияштың Қарасайға барған жерінен басталады...**Басқы сөзі.** Қарасайды қалмақтар қуып кеткенде...**Соңғы сөзі...**Мынау қалмақ еліңмен,

Айтқанымнан қайтпаймын.

Ойласқаным Қанымша,

Сөйлеші қане шынымен.

Қолтаңбасы. Алиев Инаяттың қолтаңбасы.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Ақ параққа көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Көрсетілмеген.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Папкасы.** 134 (ТҒЗИ)

Ш. 134 (ТҒЗИ).

П.3; Б.3; Ж.29
30 x 21; 24 x 18**Аталуы.** “Ақ сұр ат” жыры.**Жинаушы.** Алиев Инаят.**Айтушы.** Демеу Жалмырзаев.**Аннотациясы.** Батақтың Сарысы қудаланып жүріп Мырзағұл Шыманұлының қол астына келіп кіреді. Мырзағұл оған: “Қоңыратта бір жүйрік ат бар, соны алып кеп бер” дейді. Батақтың Сарысы Ақсұр атты ұрлап әкеп береді. Сол кезде үлкен ас болады, сол аста тұлпарды бәйгеге қосады. Ақсұр ат озып келеді. Сонда Мырзағұлдың Саршолок деген ақыны Ақ сұр атты мақтап жыр айтады.**Басқы сөзі.** Батақтың Сарысы патшаға қарсы шығып көп уақыт қудаланып жүреді. Сөйтіп жүріп Мырзағұл Шыманұлының қол астына келіп кіреді...**Соңғы сөзі...**Құдайға тәуекел деп бізде тұрдық,

Сипасын маңдайынан әркім бағып.
Аққудай көлден ұшқан Сұр ат келді,
Сұр аттың келгеніне жұрт таң қалды.

Қолтаңбасы. Алиев Инаяттың қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ параққа көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген

Мәтіннің орналастырылуы. Жырдың басы қара сөз түрінде, ал аяғы өлең жолдары түрінде жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 134 (ТҒЗИ)

235

Ш. 135 (ТҒЗИ)

П.64; Б.64; Ж.1837
30 x 20; 25 x 9

Аталуы. Кесім.

Жинаушы. Бекарыстанова Ұлман, ғылыми қызметкер.

Аннотациясы. Тондыбай деген бай өзінің қызы Дәмеліні Оспан есімді байға үшінші әйел қылып бермек болады. Бұған қапа болған Дәмелі өзінің сүйгені Достаймен бір түнде қашып кетеді. Достайдың қасында досы Өтеулі болады. Өтеулінің әкесі кезінде Тондыбайдың қолынан қаза тапқан болатын. Қызының қашып кеткеніне ашуланған Тондыбай қызымды қайтар деп Абақ батырға келеді. Бұл кезде Абақ батырдың жанында атақты ақын Құлыншақ болатын. Сол жерде Абақ батырдың кесімі бойынша Дәмелі Достайға қосылады, ал Тондыбай Өтеуліге әкесінің құны ретінде 10 жылқы беретін болады.

Басқы сөзі. Қашаннан қазақ елі жырға құмар,

Сылтауратып сәл нәрсені сауық құрар.

Бала туған, келін түскен, тұсау кескен,

Тамаша апта сайын болып тұрар...

Соңғы сөзі... Бұл кесім басқаларға үлгі болып,

Бетпақтың кең даласын түгел кезді.

Қолтаңбасы. Өмірбеков Есіркептің қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір бағаннан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 135 (ТҒЗИ).

Аталуы. Дайрабай айтқан бір билік.

Жинаушы. Бекарыстанова Ұлман.

Аннотациясы. Қаңтарбек деген байдың итін бір шопан байқаусызда ұрып өлтіріп қояды. Қаңтарбек өлген итінің құны үшін шопанды өзінің жалшысы етіп алмақшы болады. Сол кезде Дайрабай келіп қалады. Дайрабайдан сол ауылдың би болысы да аяқ тартады екен. Дайрабайдың айтқан билігі бойынша шопан Қаңтарбекке үш ит төлейтін болады. Бұл дау сонымен бітеді.

Басқы сөзі. Жиналып сөз білері Қаратаудың,
Қылтитып жылан басын, даудың басын.
Біріне-бірі көнбей, іреп сойып,
Өкше ізін қуып отыр ұстар жаудың...

Соңғы сөзі....Естігендер қырыла күліп қалды,
Бай масқара болғанын біліп қалды.
Итке құнды сұраған Қаңтарбекті,
Дайра-екең мысқылменен ата салды.

Қолтаңбасы. Өмірбеков Есіркептің қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір бағаннан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.135 (ТҒЗИ)

Аталуы. Әженің әңгімесі.

Жинаушы. Бекарыстанова Ұлман.

Аннотациясы. Жасы үлкен әже немересіне соғыс кезіндегі өзінің өмірі жайлы айтып береді. Соғысқа аттанған жұбайынан қара қағаз келеді, ал жалғыз ұлы соғыс біткен соң аман есен оралады. Әңгімесінің соңында жалғыз ұлынан тараған немерелерінің арасында отырғанына бақытты екенін айтады.

Басқы сөзі. Әжесінің қоршалап айналасын,
Немере, шөберелер ойнағасын.
Ертеқ айт, әңгіме айт деп бәрі бірдей,
Шуылдап, мазаны алып қоймағансын.

Соңғы сөзі...Енді ойнаңдар, бәрің де сыртқа шығып,
Бүгінге осы жетер алсаң ұғып.
Шаршап қалдым әңгіме айтамын деп,
Дем алайын менде аздап бұғып.

Қолтаңбасы. Өмірбеков Есіркептің қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір бағаннан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 135 (ТҒЗИ).

238

Ш. 136 (ТҒЗИ)

П.80; Б.157;
17 x 9; 15 x 8;

Аталуы. Құран аяттары мен дұғалар.

Жинаушы. Бекарыстанова Ұлман.

Аннотациясы. Бұл қолжазбада 68 құран аяттары жазылған. Басы Фатиха сүресінен, соңы малды бауыздағанда айтатын дұғамен аяқталады.

Басқы сөзі. “Хатим әл Құран” деген сөз “Құран Кәримді басынан аяғына дейін толық оқу” - деген мағынаны білдіреді...

Соңғы сөзі. ...Субханал лаһу халихин нур, субхана ман һууа қаимун ала кулли нафсим бима қасибат.

Қолтаңбасы. Қызылорда облысы, Шиелі ауданының тұрғыны Тұрсын Нартайұлының қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Құран аяттары тор көз блокнотқа көк сиямен, транскрипциямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1995 жылы 28 наурызда жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Ақауы. Қолжазбаның 86-беті жыртылған, кейбір беттеріне сия төгілген.

Папкасы. 136 (ТҒЗИ)

239

Ш. 137 (ТҒЗИ)

П.2; Б.2; Ж.41
30 x 21; 24 x 9

Аталуы. Еңбек туралы жыр.

Жинаушы. Тұрсынов Мұратжан.

Аннотациясы. Бүкіл адам баласын еңбек етуге шақыратын жыр. Көлемі екі бет қана.

Басқы сөзі. Көмейден құйылады жырдың басы,
Өлеңнің тасығандай дариясы...
Соңғы сөзі. ...Әркім-ақ еңбегімен бағаланад,
Сондықтан еңбек ету күшті борыш.
Қолтаңбасы. Рахметов Ташкенбайдың қолтаңбасы.
Қағазы, сиясы, әрпі. Машинада терілген.
Жазылған жылы, жері. 1925-1974ж.ж
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.
Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.
Папкасы. 137 (ТҒЗИ)

240

Ш. 137 (ТҒЗИ).

П.8; Б.8; Ж.204
30 x 21; 24 x 6

Аталуы. Қисса (Бет ашар).
Жинаушы. Тұрсынов Мұратжан.
Аннотациясы. Салт-дәстүр бойынша жаңа түскен келіннің беташарында айтылатын өлең.
Басқы сөзі. Келін-келін келіп тұр,
Келіп үйге еніп тұр.
Қайын жұрты халқына,
Иіліп сәлем беріп тұр...
Соңғы сөзі. Жасырынбас жаман ат,
Ақыр бір шығар білініп.
Жаман атың бір шықса,
Кетеді елің түңіліп.
Қолтаңбасы. Сейданов Арызбайдың қолтаңбасы.
Қағазы, сиясы, әрпі. Машинада терілген.
Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.
Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.
Папкасы. 137 (ТҒЗИ)

241

Ш. 137 (ТҒЗИ)

П.1; Б.1; Ж.15;
30 x 21; 14 x 10;

Аталуы. Жар-жар.

Жинаушы. Тұрсынов Мұратжан.

Аннотациясы. Қазақтың салт-дәстүріне байланысты айтылатын өлең.

Басқы сөзі. Ал жолдастар бастаңдар ұлы тойды жар-жар,

Ақындарың тасытып асқақ әнді ойды жар-жар...

Соңғы сөзі. ...Риза боп шаттансын туған елің жар-жар,

Жаман болса еліне ел сияма жар-жар.

Қолтаңбасы. Сейданов Арызбайдың қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 137 (ТҒЗИ)

242

Ш. 137 (ТҒЗИ)

П. 7; Б.7; Ж. 195

30 x 21; 25 x 8

Аталуы. Палымшаның өлер алдындағы жазған өлеңдері.

Жинаушы. Тұрсынов Мұратжан.

Авторы. Күзембаев Палымша.

Аннотациясы. Күзембаев Палымшаның өзінің артында ұрпақ қалмай, өмірден кетіп бара жатқанына налып жазған өлеңдері.

Басқы сөзі. Дарғаһыңа құдая,

Құлшылық етіп сиындым.

Салмақты науқас кез болып,

Басыма түсті қиын күн...

Соңғы сөзі....Жігіттер дуағой боп тұрыңыздар,

Бұл жалған ешкімге опа қыла бермес.

Бұл өзі шиелілік қыпшақ екен,

Білгенге әрбір сөзі нұсқа екен.

Қолтаңбасы. Сейданов Арызбайдың қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 137 (ТҒЗИ)

Ш. 137 (ТҒЗИ)

П.3; Б.3; Ж.64
30 x 21; 26 x 5**Аталуы.** Бет ашар.**Жинаушы.** Тұрсынов Мұратжан.**Аннотациясы.** Салт-дәстүр бойынша жаңа түскен келіннің беташарында айтылатын өлең.**Басқы сөзі.** Адамдары жайдары,

Ауылының қаймағы,

Үлкен отау секілді.

Үміт толы аймағы,

Ауылыңа бір сәлем...

Соңғы сөзі... Ей, келін жан, жыр тыңда,

Ақыл тыңда сыр тыңда,

Абзал жандар аз емес.

Келіп тұрған жұртыңда.

Қолтаңбасы. Сейданов Арызбайдың қолтаңбасы.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкада терілген.**Жазылған жері, жылы.** Көрсетілмеген.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Папкасы.** 137 (ТҒЗИ)

Ш. 137. (ТҒЗИ)

П.4; Б.4; Ж.105
30 x 21; 24 x 9**Аталуы.** Әли мен Ахметхан айтысы.**Жинаушы.** Тұрсынов Мұратжан.**Басқы сөзі.** Шабытың дуда қызар жолаяқсың.

Қақпайтын шаужайыңнан ешкім жолай,

Қырық жылдық ұлы Октябрь құрметіне,

Ағамен айтысуға жайың қалай...

Соңғы сөзі... Деген бар мін түзелмес әділ сынсыз,

Үлгі алдық ұлы дана кемеңгерден.

Біздерге бақыт берген, өлең берген,

Көсемім компартия ұлы басшы.

Қолтаңбасы. Сейданов Арызбайдың қолтаңбасы.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.
Папкасы.137 (ТҒЗИ)

245

Ш. 138 (ТҒЗИ)

П.3; Б.6; Ж.128
29 x 19; 23 x 13

Аталуы. Ескерткіш.
Жинаушы. Сейітомар Саттаров.
Авторы. Белгісіз.
Аннотациясы. Өзінің отбасы, әулеті, істеген қызметтері жайлы баяндайды.
Басқы сөзі. Аударуға қысаны алдым қалам,
Жәрдем, мәдет бере көр алла тағлам.
Бір өзіңе сыйынып аруақтардың,
Жақсылық,Түлкібайдай өткен бабам...
Соңғы сөзі... Осымен өлең сөзді етем қысқа,
Ескерткіш болып жүрсін құрбы досқа.
Азды көп бұл дүниеге келгеннен соң,
Ойланған дұрыс болар кәрі жасқа.

Қолтаңбасы. Түлкібайұлы Шоқан.
Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен қалың жол көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.
Жазылған жылы, жері. 1958 жылы қаңтар айында, Кентау қаласында жазылған.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.
Папкасы.138 (ТҒЗИ)

246

Ш. 138 (ТҒЗИ)

П. 4; Б.7; Ж. 158
29 x 19; 24 x 14

Аталуы. Палымшадан өлең.
Жинаушы. Сейітомар Саттаров.
Авторы. Күзембаев Палымша.
Аннотациясы. Айтушы Палымша өзінің өмірінде көрген барлық қиындықтарын баяндайды.
Басқы сөзі. Кел, қиялым, кеңеселік екеуміз,

Жараспайды жатқанымыз бекер біз.
Күндіз түні қараңғы үйде жатқан соң,
Қапалыққа қатты түсіп кетерміз...
Соңғы сөзі...Әңгімемді айтып өттім барынша,
Әжеп емес бастан тұман арылса.
Жатқан жерім Жаңақорған ауданы,
Күзембаев өзім атым Палымша.

Қолтаңбасы. Түлкібайұлы Шоқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен қалың жол көз дәптерге көк сиямен,
кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан
орналастырылған.

Папкасы.138 (ТҒЗИ)

247

Ш. 138 (ТҒЗИ)

П.1; Б.2; Ж.65
29 x 19; 25 x 7

Аталуы. Өлең.

Жинаушы. Сейітомар Саттаров.

Авторы. Күзембаев Палымша.

Аннотациясы. Палымшаның дүниеден кетер алдында арманмен
жазған өлеңі.

Басқы сөзі. Құдіреті күшті құдая,
Дарағаһыңа сыйындым.
Салмақты науқас кез болып,
Басыма түсті қиын күн...

Соңғы сөзі...Құдіреті күшті еркің бар,
Босатам десең дертінді.
Осыменен қысқартам,
Беріпсің кесел бекімді.

Қолтаңбасы. Түлкібайұлы Шоқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен қалың жол көз дәптерге көк сиямен,
кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан
орналастырылған.

Папкасы.138 (ТҒЗИ)

Аталуы. Молда Мұсаның Сырымға жазған өлеңі.

Жинаушы. Сейітомар Саттаров.

Авторы. Молда Мұса.

Аннотациясы. Молда Мұсаның Сырым есімді қызға ғашық болып, соған арнап жазған өлеңі.

Басқы сөзі. Хат жаздым қалам алып Сырым жанға,
Бермеушең сірә көңіл бұрын жанға.
Сәулесі қараңғы үйді жарық қылған,
Мезгеймін ақ бетінді атқан таңға.

Соңғы сөзі... Өзіңе болғаныңда өзіңе би,
Қалағаның кәріме бір сұйық ми.
Қырыққа келдің сақалың қырғанды қой,
Жігіттің өзің теңді біріне ти.

Қолтаңбасы. Түлкібайұлы Шоқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен қалың жол көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Папкасы. 138 (ТҒЗИ)

Аталуы. Будабайдың Молда Мұсаға жазған өлеңі.

Жинаушы. Сейітомар Саттаров.

Автор. Будабай ақын.

Аннотациясы. Будабай Молда Мұсаның Сырымға жазған өлеңін оқып, Молда Мұсаға жауап ретінде жазған өлеңі.

Басқы сөзі. Сәлемде ағайынға өрде жатқан,
Айтады өстіп өлең ебін тапқан.
Есіттік ағайынның амандығын,
Баласы Байзақтың жазған хаттан...

Соңғы сөзі... Мүсеке, бұл өлеңің ұйқас емес,
Ер жетті Сырымың да көп жас емес.
Сәдеп едің жарадар бопсың дейсің,
Сырымың керек болса су тас емес.

Қолтаңбасы. Түлкібайұлы Шоқан.
Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен қалың жол көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.
Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген
Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.
Папкасы. 138 (ТҒЗИ)

250

Ш. 138 (ТҒЗИ)

П.3; Б.7; Ж.168
29 x 19; 26 x 14

Аталуы. Молда Мұсаның Будабайдың өлеңін оқып қайтара айтқан жауап өлеңі.
Жинаушы. Сейітомар Саттаров.
Авторы. Молда Мұса.
Аннотациясы. Молда Мұсаның Будабайдың өлеңіне жауап ретінде жазған өлеңі.
Басқы сөзі. Жазалық біз де өлең төменгі елге,
Басқа емес арғын қыпшақ дегендерге.
Бір қызға қалжың өлең айтыпты деп
Адамдар әжептәуір елендер ме...
Соңғы сөзі... Будабай бұл хатымды салдым саған,
Білсеңіз дүниеде әзиз адам.
Әр қалай мақтансам да жарасады,
Қата сөз болса кешір жақсы-жаман.

Қолтаңбасы. Түлкібайұлы Шоқан.
Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен қалың жол көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.
Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.
Папкасы. 138 (ТҒЗИ)

251

Ш. 138 (ТҒЗИ)

П.3; Б.5; Ж.133
29 x 19; 26 x 13

Аталуы. Шайхсламұлы Жүсіпбектен насихат өлең.
Жинаушы. Сейітомар Саттаров.
Авторы. Шайхсламұлы Жүсіпбек.

Аннотациясы. Айтушы бұл дүниенің жалған екенін, өмірден өтпей тұрғанда бес парызды орындап, Аллаға құлшылық ету керек екенін айтады.

Басқы сөзі. Бисмилла рахман рахим,
Құранда десем “Әйін” әуел арзы,
Құданың пендесіне көп тұр парзы.
Жақсылар оқы намаз, ораза тұт,
Алланың кетпейтұғын бір қарызы...

Соңғы сөзі...Ләһулә раббым алла аят сөзі,
Құданың пендесіне айтқан өзі.
Алланың өз достысы үмбетіміз
Ыншалла жарылқайды өзімізді.

Қолтаңбасы.Түлкібайұлы Шоқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен қалың жол көз дәптерге көк сиямен,
кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.138 (ТҒЗИ)

252

Ш. 138 (ТҒЗИ)

П.6; Б.11; Ж.304

9 x 19; 25 x 13

Аталуы. Әзірет Әлінің Сараңбайды жолға салғаны.

Жинаушы. Сейітомар Саттаров.

Аннотациясы. Мәдинеде Сараңбай есімді адам баласын үйіне жақындатпайтын сараң бай болады. Бұны естіген Әзірет Әлі Сараңбайдың үйіне барады. Сараңбай оған жарты тілім нан беріп жібереді. Байдың қандай екеніне көзі жеткен Әзірет Әлі еліне келгеннен кейін, “бір күн көрде жатқанға мың тіллә беремін” деп жар салады. Бұны естіген Сараңбай келісіп көрге жатады. Көрде оны бүкіл малы шаян болып шағады. Қатты қорыққан Сараңбай тәубесіне келеді.

Басқы сөзі. Әуелі жат етемін тәңрім атын,
Жақсылар айып етпе жазған хатым.
Әуелі Пайғамбардың атын жазсам,
Қалай теріс болады насихатым...

Соңғы сөзі...Қазасын ораза, намаз жиып алды,
Жинамай дүние және артық малды.
Шариқат істеріне мықты болып,

Ақыры иман тауып дүние салды.

Қолтаңбасы. Түлкібайұлы Шоқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен қалың жол көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген

Мәтіннің орналастырылуы. Олең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Папкасы.138 (ТҒЗИ)

253

Ш. 138 (ТҒЗИ)

П.13; Б.27; Ж.732
29 x 19; 26 x 12

Аталуы. Әзірет Әлі мен Дариға (қисса).

Жинаушы. Сейітомар Саттаров.

Аннотациясы. Әзірет Әлі мен Дариғаның күресін баяндайтын қисса. Дариғаның әкесі Қатран патша “қызымды жеңген адамға күйеуге беремін” деп жар салады. Бірақ ешқандай адам Дариғаны жеңе алмайды. Қатран патша дүниеден озып, орнына Дариға патша болады. Бұл хабарды естіген Әзірет Әлі Мәдинеден Дариғамен күресу үшін арнайы іздеп келеді. Дариғамен күресіп, жеңіп оған үйленеді. Дариға жүкті кезінде еліне қайтып кетеді. Кетер алдында: “ұл тусаң есімін Шаһизада қой” деп кетеді. Дариға ұл босанып есімін Шаһизада деп қояды. Ұлы ер жеткен соң әкесін іздеуге шығады. Жолда күресіп жатқан балаларды көреді. Ол балалардың барлығымен күресіп жеңеді. Бұған ашуланған Әзірет Әлі өзі күреседі. Сол кезде өзінің ұлы екенін таниды. Өзінің әкесі мен бауырларына қолы тигеніне намыстанған Шаһизада, қашып кетіп бір үңгірге тығылып қалады. Содан шықпай қояды.

Басқы сөзі. Бисмилла деп қаламды ұстайында,

Жаман сөз гүна болса қоспайында.

Әуелі бір құдаға мінажат қып,

Сонан соң бұл қиссаны бастайында...

Соңғы сөзі...Ер Әлі қосылады Дариғаға,

Көк қасқа құрбан шалар тірі пенде.

Түседі Иса көктен, жерден Мәді,

Шығады сол уақта Шаһизада.

Қолтаңбасы. Түлкібайұлы Шоқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Үлкен қалың жол көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1956 жылы 3 ақпанда жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.138 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Қордағы басқа нұсқаларына қарағанда толық жырланған.

254

Ш. 139 (ТҒЗИ)

П.8; Б.8; Ж.203

30 x 21; 25 x 9

Аталуы. Әбдібектің ақын Айтбайға жазған сәлем хаты.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Аннотациясы. Әбдібектің соғыста жүріп Айтбайға жазған хаты.

Соғыста көріп жүрген қиыншылығы жайлы, елді сағынғандығын жазады.

Басқы сөзі. Айтеке, сізге сәлем Әбдібектен,
Ініңіз форма киіп әскер кеткен.
Отырыс отандағы еске түсіп,
Біз болдық тірі әруақ үміт еткен...

Соңғы сөзі. ...Бір күні аман есен барсақ елге,
Мұқатып бұл дұшпанды тығып жерге.
Құшақтасып, көрісіп шулассақ,
Сонда да арман қылар мекен-ау осы бенде.

Қолтаңбасы. Тасыбаев М.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Папкасы.139 (ТҒЗИ)

255

Ш. 139 (ТҒЗИ)

П.3; Б.3; Ж.80

30 x 21; 20 x 9

Аталуы. Баймаханның сөзі (Қызылқұмда).

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Аннотациясы. Баймахан деген кісінің Қызылқұмда қашып жүріп жазған өлеңі.

Басқы сөзі. Жазайын деп қолыма алдым қаламды,
Бұйырған дәм қайда айдамас адамды.
Көрінгеннен ұяламыз паналап,
Біз тарылтып отырғандай заманды...

Соңғы сөзі. ...Бұл бір ауыр тұрмыс халыққа,

Көрейін деп басқа тілеп алып па.
Я шығары, я батары белгісіз,
Тәуекел деп мініп жүрміз қайыққа.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Папкасы. 139 (ТҒЗИ)

256

Ш. 139 (ТҒЗИ)

П.12; Б.12; Ж.317
30 x 21; 21 x 5

Аталуы. 1943 жылы Палымшаның ауырып жатып жазғаны.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Аннотациясы. Палымша өзінің денсаулықтан айрылып, кәріп болып жатып қалғанына налып жазған өлеңі. Қорда бұл өлең бар, бірақ өзгешелеу.

Басқы сөзі. Дарғаһыңа құдая

Құлшылық етіп сиындым.

Салмақты науқас кез болып,

Басыма түсті қиын күн.

Соңғы сөзі. Ауру күшті амал жоқ,

Күннен күнге барады

Жанған бір шамым маздақтап,

О дүниелік етуге

Көрістанға жетелеп.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. 1943 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Папкасы. 139 (ТҒЗИ)

257

Ш. 139 (ТҒЗИ)

П.2; Б.2; Ж.48
30 x 21; 23 x 8

Аталуы. Қызыл ақынның тәубаға келіп өлер алдында айтқан әңгімесі.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Авторы. Қызыл ақын.

Аннотациясы. Қызыл ақынның жастық шағын аңсап жазған өлеңі.

Басқы сөзі. Алладан айналайын тірі қылған,
Құдайдың кім құтылар құрығынан.
Құдайым несібемді көпке шашып,
Сөзімді ырызқым үшін шырын қылған...

Соңғы сөзі. ...Айнытып бұрынғыдан ақылды алды,
Кәрілік не қылса да жақындады.
Өткіздім уақытында сәніменен,
Демеймін жігіттікте ақым қалды.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машилкада терілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.139 (ТҒЗИ)

258

Ш. 140 (ТҒЗИ)

П.42; Б.42;
30 x 21; 26 x 15;
30 x 21; 27 x 19;
30 x 21; 26 x 17;
40 x 29; 34 x 28;

Аталуы. Шежірелер жинағы.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек.

Авторы. Перненің Сейділдасының баласы Ахмет.

Аннотациясы. Үш жүздің шығу тарихы жазылған шежірелер жинағы.
Бұл жинақта кейбір рулар жайлы аңыздар да бар.

Басқы сөзі. Бұл шежірені Қабатіллада араб нәсілінен шыққан
Әбілхасым Бахадүр деген алым кісі ескіше санақтың 700-ші
жылдарында тауарихтың шежіресінен алып жазған сөз екен. Жаңаша
жыл есебінде 1290 жылда...

Соңғы сөзі. ...Перненің Сейділдасының баласы Ахметпін.

Қолтаңбасы. Абдрахманов Мәулен мен Пернеев Ахметтің
қолтаңбасы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машилкада терілген және ақ параққа көк сиямен
де жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Жинақтың ішіндегі рулар жайлы аңыздардың алғашқы 1 және
2-ші беттері жоқ.

Папкасы.140 (ТҒЗИ).

Аталуы. Диуани Хикмет.

Жинаушы. Мекемтас Мырзахметов.

Авторы. Қожа Ахмет Яссауи.

Аннотациясы. Бұл жинақта Қожа Ахмет Яссауидің түркі жұртына мәлім имандылық, адамгершілік жайлы даналық сөздері «Диуани хикметінің» бір нұсқасы берілген.

Басқы сөзі. Бисмиллеһи деп баяндап “Хикмет” айттым,

Талаптыларға дүри гауһар шаштым міне.

Еркіммен бейнет көріп қандар жұттым,

Мен дәптерге даналық сөзді жаздым міне...

Соңғы сөзі. ...Бұл Қожа Ахмет дүние көрсең тұра қаш,

Зікір айтып тарихтың көзін аш.

Аят хадис сөзін айтып дінді шаш,

Жарандардан дүри гауһар алғым келді.

Қолтаңбасы. Аударған Иманжанов Хамит Зейниұлы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкада терілген.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 141 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Толық емес.

Аталуы. Өкініш сыры.

Жинаушы. Шамшиддин Керімов.

Айтушы. Ережепұлы Самырат.

Аннотациясы. Ережепұлы Самыраттың өзінің өкінішін жазған өлеңі. Ережепұлы Самыраттың әкесі Оралбайұлы Ережеп кезінде бірнеше өлеңдер жазып баспаға шығара алмай қайтыс болып кетеді. Барлық аманатын баласы Самыратқа тастап кетеді, бірақ ұлы Самырат біраз өлеңдерін жоғалтып алады. Өзінің осы өкінішін өлең етіп жазған.

Басқы сөзі. Бисмилла сөз бастайын өткен күннен,

Жұмыс деп, күшім жетпес едім жүрген.

Ащы көрер, білінер татқанда дәм,

Көрінбей не пайда бар шыққан үннен...
Соңғы сөзі...Тілегім оқушы мен тыңдаушыдан,
Атама “Аумин” десе көп жамағат.
Құдайым бар момынды жарылқасын,
Нақына пайғамбардың айт салауат.

Қолтаңбасы. Ережепов Самырат.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың ескі кітапшаға көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1962 жылы 15 желтоқсан.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қолжазбаның парақтары жыртылған, сиялары кете бастаған.

Папкасы.141 (ТҒЗИ)

261

Ш. 141 (ТҒЗИ)

П.14; Б.27; Ж.732
29 x 19; 26 x 17

Аталуы. Бес сауалға жауап.

Жинаушы. Шамшиддин Керімов.

Айтушы. Оралбайұлы Ережеп.

Басқы сөзі.Төсекте бір күн ұйықтап жатыр едім,
Мен өзім еш нәрседен ғапыл едім.
Көрінсе жол үстінде мазарыстан,
Жүрмейтін ол жолменен батыр едім...

Соңғы сөзі...Дүниеден уақтың бітсе, жетер қазаң,
Есітіп бұл жағдайды кетті мазам.
Бәндеңе бұл жағдайды кездестірме,
Құлыңа раһматың көп шаһи алам.
Жамағат қол көтеріп аумин деңіз,
Осылайша бұл дастанды қылдым тамам.

Қолтаңбасы. Ережепов Самырат.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың ескі кітапшаға көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қолжазбаның парақтары жыртылған, сиялары кете бастаған.

Папкасы.141 (ТҒЗИ)

Аталуы. Жаманмен жолдас болма,
Жаман қатын алып өзіңді қор қылма.

Жинаушы. Шамшиддин Керімов.

Айтушы. Оралбайұлы Ережеп.

Аннотациясы. Жаманмен жолдас болудың қандай болатыны, жаман әйел алудың қандай болатыны туралы өлеңмен жазылған әңгіме.

Басқы сөзі. Жақсылар болма жолдас жаманменен,
Өзіңді кетер алдап амалменен.
Іс түссе жолдасына қарамайды,
Жолдасы көзі жәудіреп қалғанменен...

Соңғы сөзі. ...Бәндеге һақтың әмірі болған міннет,
Бұйрығы пайғамбардың бізге сүннет.
Жамағат бұл дүниеде арман бар ма,
Құдайым Мұхамедке қылыпты үммет.

Қолтаңбасы. Ережепов Самырат.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың ескі кітапшаға көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1961 жылы 10 қаңтар.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қолжазбаның парақтары жыртылған, сиялары кете бастаған.

Папкасы. 141 (ТҒЗИ)

Аталуы. Бірліктің қасиеті мен бірліксіздің қасиетсіздігі туралы.

Жинаушы. Шамшиддин Керімов.

Айтушы. Оралбайұлы Ережеп.

Аннотациясы. Ағайынды екі жігіттің бір-бірінен ажырап, кейін бірліксіз еш нәрсенің болмайтынына көздері жеткеннен кейін қайта қосылғандары жайлы өлеңмен жазылған хикая, әңгіме.

Басқы сөзі. Жамағат ыбарат ал бұл сөзімнен,
Есіттім көргенім жоқ өз көзімнен.
Жазамын хикая қып тыңласаңыз,
Ойласып бұны жаздым қаламыммен...

Соңғы сөзі... Жақсылар пайғамбардың насихаты,

Ойлаған әркімнің бар бір ниеті.
Ойлаусыз істің түбі ойран деген,
Ойларсың пайғамбардың болса үммәті.

Қолтаңбасы. Ережепов Самырат.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың ескі кітапшаға көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қолжазбаның кейбір парақтары жыртылған, сиялары өше бастаған.

Папкасы.141 (ТҒЗИ)

264

Ш. 141 (ТҒЗИ)

П.6; Б.11; Ж.284
29 x 20; 26 x 12

Аталуы. Қылапат.

Жинаушы. Шамшиддин Керімов.

Айтушы. Оралбайұлы Ережеп.

Аннотациясы. Насихат, өсиет өлең.

Басқы сөзі. Я Алла қадыр өзің жан жараттың,
Аламға он мың құп тараттың.

Біреуін жамағат қып намадат бен,

Ішіне біз қосылдық найуанаттың...

Соңғы сөзі... Жолында Мединенің мұқият деңіз,
Жақсылар жан барында алла деңіз.

Жақсыны ілгергі өткен қылдым нәзім,

Жарандар қол көтеріп аумин деңіз.

Қолтаңбасы. Ережепов Самырат.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың ескі кітапшаға көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1913 жылы жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қолжазбаның парақтары жыртылған, сиялары кете бастаған.

Папкасы.141 (ТҒЗИ)

Ш. 141 (ТҒЗИ)

П.4; Б.6; Ж.149

29 x 20; 26 x 10

Аталуы. Балапанов Молла Әліге Оралбайұлы Ережептің жазған сәлем хаты.

Жинаушы. Шамшиддин Керімов.

Айтушы. Оралбайұлы Ережеп.

Аннотациясы. 1916 жылы Қызылқұм болысына қарасты 11-інші ауыл, ошақты руының орталығында халықтар өзді-өзінің малын шауып, ел қонысын тастап бет-бетімен босып кеткен болатын. Бір жағының басшысы Балапанов Әлі мен Балапанов Бәйімбет, ал екінші жағының басшысы Жаңабаев Бердібек болған. Сондағы Балапанов Әліге Оралбайұлы Ережеп істеп жүрген тірліктерінің дұрыс еместігін айтып жазған хаты.

Басқы сөзі. Тыңласаңыз жамағат,

Молла Ережеп дастаны.

Ақ қағазға сөз жазып,

Бір дастанды бастады...

Соңғы сөзі... Ақсақалдық атыңа,

Істеген ісің жатпаған.

Қылмасаң-қылсаң өзің біл,

Қаламды сөзім айтпаған.

Қолтаңбасы. Ережепов Самырат.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың ескі кітапшаға көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1962 жылы декабрьде жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Ақауы. Қолжазбаның кейбір парақтары жыртылған, сиялары кете бастаған.

Папкасы.141 (ТҒЗИ)

Ш. 142 (ТҒЗИ)

П. 13; Б. 7; Ж.496

20,5x17; 18x15

Аталуы. Амал молданың өсиет өлеңі (2).

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.

Автор. Амал молда.

Аннотациясы. Адам баласының бұл дүниеде істеген күнәларына о дүниеде қалай жауап беретіндігі туралы айтылған екі өлең. Көшіруші

бірінші өсиет өлеңді Амал молданың өз аузынан жазып алғандығын ескертеді. Қолжазбаны көшіруші Мақсұтхан Дүйсенов туралы да, өсиет өлеңнің авторы Амал молда туралы да ешқандай мәлімет берілмеген.

Басқы сөзі. Құдайым 18 мың жан жаратты,
Әр түрлі ранда айлап мақұлық атты
Денесін топырақтан біна қылып,
Адамға Әбіл башар қойды атты...

Соңғы сөзі. ...Тәуекел түбі желқайық,
Мінесің де өтесің.
Уайым түбі тұңғиық,
Түсесің де кетесің.
Тәуекел қыл, тәуекел!

Қолтаңбасы. Мақсұтхан Дүйсенұлы

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1) 1941 ж., 2) 1951 ж. декабрь.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен және көлденеңінен екі бағанмен орналастырылған.

Ақауы. Су тигендіктен кей беттерінің сиясы жайылып кеткен.

Папкасы. 142 (ТҒЗИ)

267

Ш. 142 (ТҒЗИ)

П. 13; Б. 27; Ж.702
20,5x17; 19x10

Аталуы. Қатыран патшаның қызы Дариға жайы (Қисса).

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.

Айтушы. Шайхыслам Жүсіпбек.

Аннотациясы. Діни қисса. Самарханд шаһарын билеген Қатыран атты патшаның Дариға деген жалғыз қызы бар екен. Оның ел ішінде палуандығымен аты жайылады. Бірде әкесі қызының күйеуге шығатын ойы бар ма екендігін білмек болып кісі жібереді. Оған Дариға қыз «өзім сияқты палуанға тием» деп жауап береді. Бұдан кейін Дариға «Өзімді жеңген адамға тием деп» жар салдырады. Сөйтіп жүргенде әкесі қайтыс болып, Дариға әкесінің орнына патша болады. Дариғаны женетін кісі табылмайды, келгендердің бәрі жеңіліп ажал құшады. Бұны естіген Әзірет Әлі Дариғамен күресуге бару үшін рұқсат сұрап Пайғамбарға барады. Пайғамбар қарсы болады. Бірақ Әлінің тоқтамасын білген соң рұқсат береді. Әлі барып, періштелерінің қолдауымен қызды жеңеді. Сол қызға үйленеді. Ер Әлінің қайратын

көрген елдің барлығы мұсылман болып дінге кіреді. Пұтханасын бұздырып орнына мешіт салдырады.

Бұдан ары ер Әлі еліне кеткенде құрсақта қалған баланың ер жетіп әкесін іздеп жолға шығуы, әкесімен және бауырларымен кездесуі айтылады. Яғни күресіп жатқан балалардың үстінен шыққан Әлінің баласы да ол балалармен күресіп, бәрін жеңеді. Оған намыстанған Әлі өзі күреске шықпақшы болады. Осы кезде әкесі Әлі мен анасы Дариханың атын атап сыйынған дауысын естіп оның өз баласы екенін біледі.

Қисса бауырлары мен әкесін танып, бірақ әдепсіздік жасап, оларға қолым тиді деп қапаланған баланың ешкімге ұстатпай, тауға қашып кетуімен аяқталады.

Басқы сөзі. Быссымылла деп қаламды ұстайын да,

Жаман сөз күнә болса қоспайын да.

Әуелі бір құдайға мінәжат қып,

Сонан соң бұл қысаны бастайын да...

Соңғы сөзі. ...Қысаны осыменен тәмамдадым,

Өзімді ұйқы қысып табандадым.

Халық оқып естісін деп жаздым мұны

Әлінің күресінің тамам бәрін.

Қолтаңбасы. Мақсұтхан Дүйсенұлы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 27. 07. 1952 ж..

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналастырылған.

Папкасы. 142 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Ш. 3 папкада Әлиев Инаят өткізген қара сөзбен жазылған нұсқа, Ш. 87 папкада Д. Сүлейменова өткізген толық емес нұсқасы, Ш. 1 папкада К. Керімбеков тапсырған, Ш. 132 папкада Тұрсынов М. өткізген нұсқалары бар.

268

Ш. 142 (ТҒЗИ)

П. 53; Б. 105; Ж. 4017
18x17; 17x10; 17x6

Аталуы. «Әмір-Әмзе» қиссасы.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.

Автор. Нұралы Нысанбайұлы.

Аннотациясы. Ислам дінін насихаттайтын дастан. Кәпірлердің Исшам атты патшасының Абужаһіл дейтін ұлы болады. Бұл кезде Мұхаммед пайғамбар 49 жаста екен. Мұхаммед елді әбден бүлдіретін болды, оны

өлтiру керек деп өздерiнiң атақты палуаны Омарды жұмсайды. Сыйлыққа мың мысқал алтын және жүз түйе беретiнiн айтады. Ол кезде Меккеде пұттар көп болады екен. Соған сыйынып, рұқсат сұрап, пұтханаға кiрген Омар алланың құдiретiне таң қалады. Өйткенi пұттар да Құдай бiр, Пайғамбар хақ деп кәлима айтып тұр екен. Пұттардан көңiлi қалған Омар өзiне берiлетiн сыйлықты ойлап, ойын iске асырмаққа бекiнедi. Бiрақ не iстерiн бiлмей келе жатса, бiр топ бала бiр бұзауды қуып, ұстай алмай жүр екен. Омар палуан да балаларға қосылып бұзауды қуады. Сонда бұзауға тiл бiтiп, Омарды мазақ қылады. Және оның ойының iске аспайтынын ескертедi. Ойға қалған Омар үйiне келiп, қарындасына көрген-бiлгенiн баяндайды. Сонда қарындасы Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған адам қор болмайтынын, күйеуi екеуi бұрыннын мұсылман дiнiне кiргенiн айтады. Омар оны бiлмейдi екен. Шаршаған Омар ұйқысы келiп қисайып жатса, көзi iлiнiп кетедi. Оны бiлген қарындасы Құранды қолына алып оқи бастайды. Кiтапты оқыған сайын ер Омардың кеуiлiне нұр толады. Омар басын көтерген кезде қарындасы қорыққанынан кiтапты жанып жатқан тандырға тастап жiбередi. Омар оның қандай кiтап екенiн сұрайды. Қарындасы кiтаптың Құран екенiн айтады. Тандырды ашса кiтап сол күйiнде жатыр екен. Омар кiтапты бетiне сүртiп, қайта-қайта сүйедi. Сөйтiп қарындасын ертiп Мұхаммедтiң алдына келiп, бас иiп, өзiнiң осы дiнге кiргенiн айтады. Мұны бiлген Абужаһiл қатты ашуланыпты...

Әзiрет Әмзениң мұсылман дiнiне кiруi, одан кейiн кәпiрлердi мұсылман дiнiне кiргiзу үшiн күрес, ондағы мұсылмандардың ерлiгi, алғаш шейiт болған мұсылман Убайданың қарындасы Гүлзейнеттiң кәпiрлермен соғыстағы ерлiгi баяндалған. Қисса Исшам патшаны, оның елiнiң мұсылман дiнiн қабылдауымен және солармен соғыста Ер Әмзениң қайтыс болуымен аяқталады.

Басқы сөзi. Бисмилла қалам ұстадым,

Бисмилла қылмаған

Алланың аты аталмай,

Әр пәндә таппас исабын...

Соңғы сөзi. ...Әмiр-Әмзе дастаны

Ада болған секiлдi

Қол жайып дуа қылыңыз,

Осыменен дастанның

Аяғын тамам қыламыз.

Қолтаңбасы. Мақсұтхан Дүйсенұлы.

Қағазы, сиясы, әрпi. Тор көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1953 жыл 8 октябрь
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке екі бағанмен орналастырылған.
Папкасы. 142 (ТҒЗИ)
Нұсқасы. Ш. 15 папкада С.Саттаров өткізген “Қисса-и Өзірет-Әмзе”,
Ш. 61 папкада Т.Бейсенбаев өткізген “Әмзе шері” деген нұсқалары
бар.

269

Ш. 143 (ТҒЗИ)

Б. 23; Ж. 557.
28,5x20,5; 24x13

Аталуы. Сыпатай батыр туралы өлең.
Жинаушы. Нақысбеков Оқас.
Автор. Байқонысов Жалмырза.
Аннотациясы. Әлібекұлы Сыпатай батыр жөнінде, оның сол кезде Қоқанды билеген Құдияр ханға қырғын салғаны, оны бағындырғаны тағы басқа да батырлардың елі үшін көрсеткен ерліктерін баяндайтын өлең. Жинаушы және өлең авторы туралы мәліметтер жоқ.
Басқы сөзі. Я, алла деп жақсылар,
Әуелі сөзді бастайық.
Алды-артын байқап жазайық,
Жау қуғандай саспайық...
Соңғы сөзі. ...Оқыңдар құлақ салып жазған хатты,
Сөкпендер өлең жазған азаматты
Құдайға ертелі-кеш жалынамын,
Көрсеткін я алла деп рахатты.
Қолтаңбасы. Нақысбеков Оқас.
Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көз дәптерге көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.
Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналастырылған.
Папкасы. 143 (ТҒЗИ)

270

Ш. 143 (ТҒЗИ)

П. 36; Б. 72;
28,5x20,5; 24x16

Аталуы. Ел арасынан жиналған әңгімелер.
Жинаушы. Нақысбеков Оқас
Айтушы. Жаманқұлов Әбдіхалық, Шу ауданы Белбасар колхозы;
Жүндібаев Зәкірбек, Шу ауданы; Қуатбеков Избасар, Шу ауданы, Алға

совхозы; Бүркітбаев имаш, Қордай ауданы, Күнбатыс ауылы; Майбасаров Маржанбай Қордай ауданы Күнбатыс ауылы; Жанғазиев Мысабай Қордай ауданы, Чапаев совхозы; Белғожаев Есіркеп Шу ауданы Белбасар к-зы; Жансүгіров Сералы Шу ауданы Жданов колхозы;

Аннотациясы. Әңгімелердің тақырыбы:

1. Ұлан тоған (жер атауына байланысты айтылған аңыз әңгіме).
2. Шөже ақынның мақалы.
3. Сыпатай, Ағыбай туралы.
4. Аңыз әңгіме.
5. Сыпатай туралы.
6. Сыпатай, Андас туралы.
7. Кенесары, Наурызбай жөнінде.
8. Әбікеннің өлеңі.
9. Сүйінбай мен Құлан ақынның Чәбденге барғаны.
10. Сарыбас сөзі.
11. Төле бидің сөзі.
12. Қойшы мен қыздың айтысы.
13. Өсиет өлең.
14. Лұқпан әкім.
15. Өтеген батыр.
16. Жамбылдың айтқаны.
17. Сүйінбайдың өлеңі.
18. Сүйінбайдың Тезек төреге айтқаны.
19. Сүйінбайдың Орман хан өлгенде айтқаны.
20. Жұмбақтар.
21. Ұсақ өлеңдер.
22. Көңіл айту.
23. Этнографиялық материалдар.
24. Көшек ақын.

Қолтаңбасы. Нақысбеков Оқас

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1955 жыл.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген

Папкасы. 143 (ТҒЗИ)

271

Ш. 144 (ТҒЗИ)

Б. 20; Ж. 473
20,5x16,5; 18,5x13,5

Аталуы. Әзірет Әлі мен Дариғаның күресі.

Жинаушы. Мамунов Сайдуали

Аннотациясы. Діни дастан. Әзірет Әлі еліне кеткенде құрсақта қалған бала Шаһизанның ер жетіп, әкесін іздеп шыққан жерінен біткен. Дастан аяқталмаған.

Басқы сөзі. Қаламды бисмилла деп ұстайын да,
Басқа сөз бекер жұмыс тастайын да.
Жамиғат құлақ салып тыңласаңыз,
Әлінің біраз сөзін бастайын да...

Соңғы сөзі. ...Қамығып жылай берме зарлы анам
Құдірет бір қайғыны салды маған.
Ана жан ақ сүтіңе ырза болғын,
Ақ жүзің көре алмасам келе алмасам...

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жол көз дәптерге қара сиямен, кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналастырылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Кейбір қалып кеткен сөздерді көк сиямен жазған. Және кей жерлерін көк сиямен түзеткен.

Папкасы. 144 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Ш. 3 папкада Әлиев Инаят өткізген қара сөзбен жазылған нұсқа, Ш. 87 папкада Д. Сүлейменова өткізген толық емес нұсқасы, Ш. 1 папкада К. Керімбеков тапсырған, Ш. 132 папкада М. Тұрсынов, Ш. 142 папкада К. Керімбеков өткізген нұсқалары бар.

272

Ш. 145 (ТҒЗИ)

Б. 65; Ж. 2200
30x20,5; 25,5x15

Аталуы. 7-жинақ. «Жаһандар» дастаны.

Жинаушы. 1994 жылғы Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясының жетекшісі Қыдырәлі Саттаров және экспедиция мүшесі Марқабай Керімбеков.

Айтушы. Бек ұлы молда Тұрсын

Аннотациясы. Бұл 7-жинаққа енген «Жаһандар» дастанын көшірген жоғарыда аталған экспедиция мүшелері. Дастанның ескі қолжазба түріндегі нұсқасы Ш. 121 папкада сақталған. Және дастанның қысқаша мазмұны сол папкаға жазылған сипаттамада айтылған. Жол санының сәйкес келмеу себебі, көшіруші түсінбеген, жыртылған жерге тура келген жолдарын жазбағандықтан.

Басқы сөзі. Қолыма бисмилла деп алдым қалам,

Дүниеге анасы жоқ болма алаң.
Бастайын бір ікаят назым қылып,
Тіліме медет бергін алла талам...
Соңғы сөзі. ...Сонан соң көңілінен қайғы кетіп
Бұл өзі бөтен шаһар келіп тұрған...

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен, кирилл әріпімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1994 жыл.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналастырылған.

Ақауы. Көшірушінің қолжазбадағы сөздерді түсінбестен қате жіберген және өзінше жөндеген жерлері бар. Мысалы опасы – анасы, бисмилладан - бысмылла деп авзәл – абзал. Кейбір жолдарын түсінбегендіктен көп нүкте қойылған.

Папкасы. 145 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. 121 папкада М.Керімбеков өткізген қолжазба ескі нұсқасы бар.

273

Ш. 145 (ТҒЗИ)

Б. 106; Ж. 2224
30,5x20,5; 25x9

Аталуы. 7-жинақ. «Құлып» дастаны.

Жинаушы. 1994 жылғы Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясының жетекшісі Қыдырәлі Саттаров және экспедиция мүшесі Марқабай Керімбеков.

Автор. Жекмұрзаев Шалбәкір (1890–1975)

Аннотациясы. Жинаушы Керімбеков Кенжебек өткізген қолжазбаның көшірмесі. Ш. 58 папкадағы қолжазбаның сипаттамасында «Құлып» дастанының қысқаша мазмұны жазылған.

Басқы сөзі. Қызылқұм деген ауылдан,
Аз ғана емес аймағы.
Ортадан ашып базарды...

Соңғы сөзі. ...Әуелі қиын болса да,
Оңай болып ақыры.
Қосылды бәрі аман-ай.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1970 жылдары Шалбәкір ақынның айтуымен жазылған дәптерден 1994 жылы 29 маусымда көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналастырылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Дастан текстімен бірге дастанның авторы Ш.Жекмұрзаев және автордың аузынан жазып алған Иманбердиев Ыдырыс жайлы мәліметтер және жинаушылардың жазған деректемесі берілген.
Папкасы. 145 (ТҒЗИ)

274

Ш. 146 (ТҒЗИ)

Б. 39; Ж. 986
30x21; 22x8,5

Аталуы. «Қарға батыр» жыры.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.

Айтушы. «Қарт Мұрат шарт жүгініп бір тізесін, Келтіртіп кестесімен сөз жүйесін» деген жолдардан айтушының аты Мұрат екенін білуге болады. Басқа мәлімет жоқ.

Аннотациясы. Кіші жүзде алшын руынан шыққан Қарға батыр өлерінде ел-жұртын жинап, өмірінде өзінің есінен кетпейтін, ешкімге айтпаған сырын баяндайды. Ол жасынан байларға қызмет етіп қойын бағуға намыстанып, елден кетіп қалады. Барымташылық жасап, байлардың малын айдап әкетеді. Сөйтіп жүргенде бір жылы Ұлытауда жылқы айдап келе жатып, таң атқан кезде елдің көзіне түсіп қалмау үшін бір қорымды паналап, тығылып отырғанда сол жерге келіп бір батыр тұлғалы кісі Құран оқиды. Және Қарғаны көріп оны ұстап алады да, қамшымен сабайды. Сол кезде Қарға өзінің шайтан емес, адам екенін, мал ұрлап еліне қайтып бара жатқанын айтады. Ол босатып, жөніне жібереді. Қарға ұяттан өле жаздап, істеген ісіне қатты өкінеді. Қарғаның бұдан кейінгі сыры әйелі Гүлсім туралы. Қарға Алатаудың бойында жүріп сусын ішуге бір үйге кіреді. Ол үйдегі қыз оның жолаушы едім, шөлдеп келіп едім деген сөзіне еш жауап қатпай отыра береді. Қарға қызды ұнатып қалады. Гүлсім – қалың малдың құрбаны. Өзіне тең емес жігітке тұрмысқа шыққысы келмей, басқа біреумен кеткелі тұрғанында оны Қарға алып кетеді.

Жырдың соңы Қарғаның Гүлсімнің елде қалған анасынан хабар алуға келіп, елде Гүлсім үшін болып жатқан дауды шешіп қайтуымен аяқталады.

Басқы сөзі. Ертегі естімеген елден шығар
Асылтас айдын шалқар көлден шығар
Тарихты тәтті сөзбен таңырқату
Көңілі ашық тілі орамды ерден шығар...

Соңғы сөзі. ...Айтыпты әңгімелей мұны Қарға
Қарғаның мұнан өзге сыры бар ма,
Аяқтай әңгімесін көзін жұмып

Кіріпті жер қойнына шынығарға.
Қолтаңбасы. Машинкада терілген. Дайындаған Мизанбай Куленов.
Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына кирилл әріптерімен жазылған.
Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналастырылған.
Папкасы. 146 (ТҒЗИ)
Нұсқасы. Ш. 46 папкада ақын Қ.Төлеуов жырлаған нұсқасы бар.
Толық емес.

275

Ш. 147 (ТҒЗИ)

Б. 26;
30x21; 17x9

Аталуы. Саттар Ерубаеттың қойын дәптері.
Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.
Автор. Саттар Ерубает
Аннотациясы. Саттар Ерубаеттың жыр дәптерін жинаушыға тапсырған С.Ерубает атындағы мектептің директоры және Саттар музейін алғаш ашушылардың бірі Дәулетбаев Омарбек.
Басқысөзі. Bul ne degen baғыt ed
Quvanьstьn ordasь...
Соңғысөзі. ...Sol qьs senbediң?
...buran alga

Қолтаңбасы. Автордікі. Ксерокөшірме
Қағазы, сиясы, әрпі. Латынәрпімен жазылған.
Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.
Беттелуі. Бет саны кейін қойылған.
Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбамен бірге оны сақтаушының суреті қоса берілген.
Папкасы. 147 (ТҒЗИ)

276

Ш. 148 (ТҒЗИ)

Б. 82; 29x20,5; 24x18,5
30x21; 28x18

Аталуы. Ел арасынан жиналған аңыз-әңгімелер.
Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.
Айтушы. Қылышбеков Оразбай, Сайдуалы Жақыпов, Жолшыбек Жарылқасын, Тасқали Қалымбетов, Серік Көшербаев, Дүйсенбай Рүстемов, Асқаров Төлепбай (Түркістан қаласы), Оразхан Есіркепұлы, Кеңес Бөкебаев, Бұхарбай Кенжебает, Нұрмахан Бахтияров.
Аннотациясы. Ел арасынан жиналған аңыз-әңгімелердің тізімі:

1. Сапарбай болыс туралы ел аңыздары.....	1 бет
2. Сапарбайдың болыстыққа қайта сайлануы.....	1 бет
3. Ащысай емес Аша сай еді.....	1 бет
4. «Аманатқа қиянат қылма» мақалының тарихы жайлы мәлімет	3 бет
5. Кескен терек моласы.....	2 бет
6. Мыңжылқы тауы туралы Қаратау елінде тұрған азаматтың естелігі	1 бет
7. Қарауыл төбе.....	1 бет
8. Балтабай ақын жайлы.....	2 бет
9. Әулие (Құдайы) кереметі.....	1 бет
10. Жіңішкенің арығы.....	1 бет
11. Жамантоғай атауы.....	1 бет
12. Қыземшек тауы.....	2 бет
13. Оман арық.....	1 бет
14. Сұлтан мен сырттан.....	1 бет
15. Молда Мұсаның ел аузындағы өлеңдері.....	1 бет
16. Төрт қақпалы Түркістан (Жеті қақпалы Түркістан) (2 вариант)	15 бет
17. Арпа өзеннің бойында.....	2 бет
18. Қаратөбе, Абызтөбе, Келінтөбе атауы.....	1 бет
19. Адырбек болыстың ақылы.....	1 бет
20. Келіншектау.....	1 бет
21. Көкбұлақ.....	1 бет
22. Қауған төбе (болған оқиға).....	2 бет
23. Мыңжылқы тау, Сағыз тау, сасық бұлақ, Қазан бұзар... 24. Балтамшақ ауруы.....	2 бет 1 бет
25. Перпер бақсы.....	1 бет
26. Ақсүмбе әулие.....	1 бет
27. Айдаһармен алысу.....	2 бет
28. Тамыр дәрі.....	2 бет
29. Сырттанның достығы.....	2 бет
30. Әзберген-Кәлібек батыр.....	2 бет
31. Жұман би.....	2 бет
32. Бұзау датқа мен Жұман би.....	1 бет
33. Алты ата әңгімелері.....	2 бет
34. Қайырлы болсын әжілік.....	2 бет
35. Жұман би, Сапарбай болыстың уәждері.....	1 бет
36. Укәша ата туралы аңыздар.....	2 бет
37. Атабай селосының аты жайлы дерек.....	2 бет
38. Талмас атауы (асуы).....	1 бет

39. Мес атауы қалай шыққан..... 1 бет
 40. Анарбай бай киелі кісі еді..... 2 бет
 41. Жиен ел болмас..... 1 бет
 42. Анарбай байдың өсиеті..... 3 бет
 43. Алдаберген мың басы..... 2 бет
 44. Құмалақ түгел мал түгел..... 1 бет
 45. Абылай ханның жас кезіндегі аты Сабалақ еді..... 3 бет

Қолтаңбасы. Керімбеков Кенжебек

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазына кирилл жазуымен көк сия және фломастермен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1995 жыл, Түркістан, Отырар, Созақ аудандары

Беттелуі. Әр тақырыпқа жеке-жеке бет саны қойылған.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке текст толық орналастырылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Қолжазбаның бірінші бетінде жинаушы Керімбеков Кенжебектің өмірбаяны мен фотосуреті бар.

Ақауы. Фломастер сиясының жайылып, өше бастаған жерлері кездеседі.

Папкасы. 148 (ТҒЗИ)

277

Ш. 149 (ТҒЗИ)

Б. 6;
30x21; 22x9

Аталуы. Жанкел мен Ұлбикенің айтысы.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.

Айтушы. Момбаев Ыдырыс.

Аннотациясы. Жанкел мен Ұлбикенің Момбаев Ыдырыстан жазылып алынған үш айтысы.

Қолтаңбасы. Машинада терілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы, кирилл әріптермен терілген.

Жазылған жылы, жері. 13 қыркүйек 1963 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке толық орналастырылған.

Папкасы. 149 (ТҒЗИ)

278

Ш. 150 (ТҒЗИ)

П. 13; Б.26
29,5x21; 21x15; 15,5x13

Аталуы. Ел арасынан жиналған әңгімелер.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.

Аннотациясы. Иман келтіру үшін айтылатын кәлима, дұғалар, баталар транскрипциямен берілген және қолжазбаның орта тұсында «Жүсіпбек Аймауытұлы айтқан» деген атпен мақал, ақыл-нақыл сөздер бар.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ксерокөшірме

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Жазу қағазына дәптердің екі беті қатар көшірілген.

Папкасы. 150 (ТҒЗИ)

279

Ш. 151 (ТҒЗИ)

П. 74; Б. 148;
27,5x20; 22x10

Аталуы. Ел арасынан жиналған әңгімелер.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.

Айтушы. Белгісіз.

Аннотациясы. Қолжазбаның иесі Мырзанов Ибаділда бұл дәптерде жазылған ел ішінде айтылған әңгімелерді өңдеп жазғанын айтады. Әр әңгімеден кейін қолжазба иесінің қолы қойылған.

Мазмұны:

1. Жандар Мұсабек Сапақ жайлы әңгіме.
2. Тоқал тіней Байтелі жайлы.
3. Аманбай атам мен тіней Төле болыс жанжалы.
4. Нақыпбек қарақшы жайлы ел ішіндегі әңгімелер.
5. Жаңабайдың Әлпемжарға қосылуы туралы 2 әңгімесі.
6. Нақыпбек жайлы Тәйтелі құрдасының әңгімесі.
7. Нақыпбектің Ташкент ГУМ (городской управл. милиции) түрмесін тесіп қашып шығуы.
8. Нақыпбектің шайханашы өзбектің сағатын алуы.
9. Нақыпбектің бата бұзуы.
10. Нақыпбектің түрмеге соңғы қамалуы.
11. Сүлеймен пайғамбардың иттен кешірім сұрауы.
12. Патша мен оның ақылды уәзірі туралы.
13. Әділ тәуіп жайлы әңгімелер.
14. Әділ тәуіптің көріпкелдігі.
15. Менің М.С.Буденныйды көруім.
16. Бауыржан Момышұлына жолығып сәлемдесуім.
17. Қажымұқан атаға сәлемдесуім.
18. Қызылқұм әңгімелері.
19. Скендр және Маңғытай Шойынбеттің Қызылқұмға шығуы.
20. Скендрдің өзбек бастықтың берген пәресін алуы.

21. Мен өзімнің Қызылқұм сапарым жайлы.
22. Божбан Ақберді ақын жайлы.
23. Жамбыл ата аруағына табыну.
24. Вальс королі Шәмші Қалдаяқов.
25. Балтабай ақын Тебейұлы жайлы.
26. Қира Әмірбек молданың әңгімелері.
27. Маңғытай Аққұлы молда жайлы.
28. Ташкент молдасының дуасы.
29. Индемес бай туралы әңгіме.
30. Сартбай бидің көрегендігі.
31. Шойбектің тапқырлығы.
32. Хан мен Қожанәсір әңгімесі.
33. Арақтың зияны мен пайдасы (өз әңгімем бойынша).
34. Ақболат Байбол қарияның әңгімелері.
35. Отырар төбе жайлы әңгімелер.
36. Өзбек колхоз бастығының атын өзгертуі.
37. Шаяндық Есқараның басынан кешкен әңгімесі.
38. 4 жылға сотталған әзірбайжан жігіттің әңгімесі.
39. Алақаны тесік өзбек шалдың әңгімесі.
40. Бөгенбай Бахтияр палуан жайлы әңгімелер.
41. Қоңсым Көпбайдың әңгімелері.
42. Балабектің хикаялары.

Қолтаңбасы. Мырзанов Ибаділда

Қағазы, сиясы, әрпі. Қалың жол көзді дәптерге көк сиямен, кирилл әріптерімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 18 желтоқсан 1994 ж. – 2 қаңтар 1995 ж.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бет толық жазылған.

Қолжазбадағы қосымша белгілер. Әрбір жазылған әңгімеден кейін қолжазба иесінің қолы және жазылған күні көрсетілген.

Папкасы. 151 (ТҒЗИ)

280

Ш. 152 (ТҒЗИ)

Б. 55; 20,5x15; 16x12
30x21; 23,5x18
19,5x29,5; 15x26,5

Аталуы. Аңыз-әңгімелер.

Жинаушы. Табризов Сүлеймен – Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Созақ ауылының тұрғыны, мамандығы тарихшы.

Аннотациясы. Теріскей өңірінде аты белгілі ақын, би, батыр, шешендер туралы ел ішінде айтылатын аңыз әңгімелер және жер-су

аттарына байланысты «Шілмембет шешен», «Мақан батыр туралы», «Жақсыдан қалған өсиет», «Ағалақ» деп аталатын әңгімелер.

Қолтаңбасы. «Мақан батыр туралы» әңгіме Табризов Сүлейменнің қолтаңбасымен жазылған. Қалған әңгімелер машинкада терілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Ақауы. Орысша машинкамен терілгендіктен, әріп қателері көбірек.

Папкасы. 152 (ТҒЗИ)

281

Ш. 153 (ТҒЗИ)

Б. 74; Ж. 2080
21x17; 19x9

Аталуы. «Мұңлық-Зарлық» қиссасы.

Жинаушы. Керімбеков Кенжебек, Түркістан қаласы.

Айтушы. Жүсіпбекқожа Шайхысламұлы.

Аннотациясы. Он сан ноғай елінде Шаншархан атты әділ хан өткен екен. Ол бір перзентке зар екен. 60 әйел алса да перзенті болмапты. Мен өлсем орнымды басатын кім болар екен деп қатты қайғырған Шаншархан дүниені тәрк етіп, әулие аралап елінен шығып кетеді. Әбден шаршаған хан жығылып қалғанша жүре беріп, бір жерлерге келгенде құлап түседі. Осы жерде құдай тілегін беріп, түс көреді. Түсінде Қызыр пайғамбар аян береді. «Үйіңе қайт, қалаған бір сұлу қызыңды ал, ол саған бір ұл, бір қыз туып береді» дейді. Шаншархан мұны естіп, орнынан тұра сала үйіне қайтады. Барын уәзір патшаның тапсырмасымен жар салады. Сол елде Жаудыр деген жасы 60-қа келген балықшы шал бар екен. Соның Қаншайым атты қызын патшаға қосады. Ай-күні жеткен Қаншайым бір ұл, бір қыз табады. Ол кезде патша үйде жоқ болады. Ұлдың алтын, қыздың күміс айдары бар екен. Күндестері бір кемпірге алтын беріп, екі баланың орнына екі күшікті жатқызады да, балаларды кемпірге беріп жібереді. Кемпір балаларды Қазар деген дарияға тастайды. Оларды Ғайып ерен қырық шілтен суға түсірмей қағып алады да адам баспаған таудың арасына пана жасап береді. Екеуіне бір киікті ана қылып береді.

Ал Қаншайым есін жиғанда қасындағы екі күшікті көреді. Патша аңнан қайтқанда да мыстан оған осы хабарды айтады. Патша Қаншайымды өлтіруге бұйрық береді. дарға асқан кезде Ғайып ерен қырық шілтен үш рет дардың жібін үзіп жібереді. Уәзірлер мұны патшаға айтқанда ешкім бармайтын аралға апарып тастауды бұйырады...

Қиссаның соңында көп қиыншылықтардан кейін Шаншархан әйелі Қаншайым мен мен ұл-қыздары Мұңлық, Зарлықпен аман-есен қауышады. Өздеріне қиянат жасаған 60 қатынын және мыстан кемпірді дарға асады. Тағын ұлы Зарлыққа беріп, орнына патша сайлайды.

Басқы сөзі. Әуелі сөз бастайын,
Ісімді құдай оңласа.
Шешеннен сөз табылар,
Жауар бұлттай торласа...

Соңғы сөзі....Өзімен кетті ілесіп,
Падишалық сәулеті
Сөзі қалды біздерге
Оқыған ерлер алсын бізді еске.

Қолтаңбасы. Рахметов Ташкенбай.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жол көзді дәптерге көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1971 ж. февраль айы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке бір бағанмен орналастырылған.

Ақауы. Соңғы беттерінің сиясы су тигендіктен жайылған.

Папкасы. 153 (ТҒЗИ)

Нұсқасы. Жүсіпбекқожа Шайхысламұлы жырлаған толық нұсқа.

282

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.216; Б.216;
26 x 16;

Аталуы. Сары ақын туралы дерек. Пікір.

Жинаушысы. Болат Әлмаханов.

Экспедициясы. Доктор, профессор Қ.Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».

Аннотациясы. Дүйсенбаев Сары (1902-1962) ақынның өмірі және шығармашылығы туралы деректер. Және Дүйсенбаев Сары өлеңдерінің араб әліпбиінде жазылған қолжазбасына филос.ғ.д., профессор, жазушы Ақжан Машановтың жазған пікірінің көшірмесі.

Басқы сөзі. Сары ақын 1909 – 1962 жылдардың аралығында өмір сүрген...

Соңғы сөзі. ... Мұндай нәрсені жарыққа шығарудың зор мәні бар.

Қолтаңбасы. Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз. Қантағының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы, қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 18 апрель 1979 жыл.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 1-4-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 154. (ТҒЗИ).

283

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.11; Б.11; Ж.317;
26x15;

Аталуы. Азаттық алған тоты.

Жинаушысы. Болат Әлмаханов.

Авторы. Дүйсенбаев Сары.

Экспедициясы. Доктор, профессор Қ.Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».

Аннотациясы. Бұл аңыз-әңгіме “Мың бір түн” сарынында жазылған тәрбиелік маңызы зор өлеңмен жазылған көркем шығарма.

Басқы сөзі. Бұл-дағы бір мысал сөз еткен бұрын,
Жазайын сол мысалдың қысқа түрін...

Соңғы сөзі. ...Кір басқан көкіректі жібер шайып.

Ұлымын Дүйсенбайдың атым Сары,

Қолтаңбасы. Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз. Қантағының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы көк сиямен, қазіргі кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Иркутск қаласы 11 июнь 1952 жыл.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 6-16-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.154. (ТҒЗИ)

284

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.32; Б.32; Ж.1208;
26 x 15;

Аталуы. Ашылған сыр.

Жинаушысы. Болат Әлмаханов.

Айтушысы. Дүйсенбаев Сары.

Экспедициясы. Доктор, профессор Қ.Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».

Аннотациясы. Дүйсенбаев Сарының түрмеде жатып жазған шығармасы.

Басқы сөзі. Болмайды адамзаттың бірдей бәрі

Бірі ақ, бірі қара, бірі сары...

Соңғы сөзі. ...Жетейік бәріміз де тек мұратқа,
Мінеки тамам болды аяқ жағы.,

Қолтаңбасы. Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз. Қантағының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Иркутск қаласы 1952 жыл 25 май.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 17-48-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы.154 (ТҒЗИ).

285

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.55; Б.55; Ж.1540;
26 x 15

Аталуы. Айныған ашық.

Жинаушысы. Болат Әлмаханов.

Жырлаушысы. Сары Дүйсенбаев.

Экспедициясы. Доктор, профессор Қ.Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».

Аннотациясы. Автордың айтуынша, бұл оқиға ертеде Шам шаһарында болған Кейіпкері кедейдің баласы Кәмілдің басынан өткен оқиғаға арналған. Кедей болғандықтан оқи алмай қалған Кәміл Сәлім атты оқушымен дос болады. Сәлім күнде мұғалімнен үйренген сабағын Кәмілге үйретіп тұратын болып уәделеседі. Достықтарының белгісі ретінде қалтасындағы шаппасын береді. Кәмілдің күнде мектептің жанында жүргенін көрген мұғалім Сәлімнен ол туралы сұрап біліп алады. Сөйтіп оқушының оқуға деген айрықша ықыласын білген мұғалім оқу ақысын өзі төлейтін болып оқуға қабылдайды. Одан арғы оқиға оқушы қыз Балғын арқылы өрбиді. Достардың арасына сызат түседі... Соңында Балғын мен Сәлім жазасын алып, дарға тартылады.

Басқы сөзі. Қолыма қалам алып қылдым ермек,
Болсын деп есіткенге бұл бір өрнек...

Соңғы сөзі. ... Есіткен ел еңбекке рахмет айтса,
Жақсы-жаман дәр-кері аз бағасынан.

Қолтаңбасы. Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз. Қантағының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1952 жыл 25 июль Иркутск қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 49-102-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.154 (ТҒЗИ).

286

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.55; 6.55; Ж.1548

26 x 15

Аталуы. Жазылған хаттар.

Жинаушысы. Болат Әлмаханов.

Авторы. Дүйсенбаев Сары.

Экспедициясы. Доктор, профессор Қ.Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».

Аннотациясы. Бірнеше өлеңмен жазылған хаттар берілген. Олар төмендегіше.

1. Ұлтуардан Сарыға.
2. Сарыдан Ұлтуарға.
3. Қазақстанның Жоғарғы Советіне Дүйсенбаевтың жазған арызы.
4. Заданға.
5. Орынкүл, Құрманбектен.
6. Орынкүл, Құрманбек.
7. Бақтыбай мен Өскенбайға.
8. Сарыға Орынкүлден.
9. Орынкүлге Сарыдан сәлем.
10. Күлтайға.
11. Зәйтке.
12. Арманым ана және ауыл.
13. Апам мен Ұлтуарға.

Қолтаңбасы. Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз. Қантағының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1952 жыл 18 ноябрь. Иркутск қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген 102-157-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.154 (ТҒЗИ).

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.6; Б.6; Ж.169;

16 x 15

Аталуы. Мінәжат және мұндар.**Жинаушысы.** Болат Әлмаханов.**Авторы.** Дүйсенбаев Сары.**Экспедициясы.** Доктор, профессор Қ.Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».**Аннотациясы.** Діни өлең. Дүйсенбаев Сарының құдайға мінәжат етіп айтқаны.**Басқы сөзі.** Жаратқанекі аламды я біравар,
Қай түрлі жұмыс қылсаң құдіретің бар...**Соңғы сөзі.** ... Туғандай қайта анамнан болар едім,
...Саяңа көп кешікпей барсам сенің.**Қолтаңбасы.** Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз. Қантағының тұрғыны.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазы, қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1952 жыл. 20 март. Иркутск қаласы.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген. 158-163-беттер.**Мәтіннің орналастырылуы.** Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Папкасы.154** (ТҒЗИ).

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.5; Б.5; Ж.134;

26 x 15

Аталуы. Асханбай мен Есбергенге.**Жинаушысы.** Болат Әлмаханов.**Айтушысы.** Дүйсенбаев Сары.**Экспедициясы.** Доктор, профессор Қ.Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».**Аннотациясы.** Дүйсенбаев Сарының түрмеде жатып, елде қалған туыстары Асханбай мен Есберген өлеңмен жазған хаты.**Басқы сөзі.** Ал сәлем Асханбай мен Есбергенге,
Жібердім сәлемімді шет жерден де...**Соңғы сөзі.** ...Колхозда шаруашылық жақсы екен деп,
Шат болып қуанайын көңлім толып.**Қолтаңбасы.** Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз. Қантағының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1952 жыл 1 апрель. Иркутск қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 164-168-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.154 (ТҒЗИ).

289

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.12; Б.12; Ж.336;
26 x 15

Аталуы. Бет ашар.

Жинаушысы. Болат Әлмаханов.

Айтушысы. Сары Дүйсенбаев.

Экспедициясы. Доктор, профессор Қ.Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».

Аннотациясы. Салт-дәстүрге байланысты айтылатын беташар өлеңі. Жаңа түскен жас келінге айтылған өсиет, ақыл.

Басқы сөзі. Келінеелге келіп тұр,

Келіп үйге еніп тұр...

Соңғы сөзі. ...Өз бойыңнан қашық ет,

Әдепсіз мұндай жұмысты.

Қолтаңбасы. Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз. Қантағының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 169-180-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы.154 (ТҒЗИ).

290

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.29; Б.29; Ж.870;
26 x 15;

Аталуы. Сары мен Жәнібектің айтысы.

Жинаушысы. Болат Әлмаханов.

Айтушысы. Сары Дүйсенбаев.

Экспедициясы. Доктор, профессор Қ. Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».

Аннотациясы. Сары Дүйсенбаевтың түрмеде жатқан кезінде ауылдасы Жәнібекпен хат арқылы айтысқаны.

Басқы сөзі. Ардақты сәлем жолдаймын,
Шалқар мен Сарыға...

Соңғы сөзі. ...Шын сөзім шымбайыңа батып кетіп,
Жәнеке жазып жүрме ұрсып-боқтап.

Қолтаңбасы. Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз.Қантағының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1943–1946 жылдар.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 181-209-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы.154 (ТҒЗИ).

291

Ш. 154 (ТҒЗИ)

П.7; Б.7; Ж. 181;
26x15

Аталуы. Жәнібекке.

Жинаушысы. Болат Әлмаханов.

Авторы. Сары Дүйсенбаев.

Экспедициясы. Доктор, профессор Қ.Саттаров ұйымдастырған «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».

Аннотациясы. Дүйсенбаев Сары ақынның түрмеде жатып елде қалған ағасы Жәнібекке өлең мен жазған хаты.

Басқы сөзі. Ардақты аға Жәнібек,
Жүрмісің сау-саламат...

Соңғы сөзі. ...Көппен көрген ұлы той,
Тарықпа көңілім тарықпа?!

Қолтаңбасы. Сынықшы Балабайдың қызы Аққыз. Қантағының тұрғыны.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1953 жыл, 20 январь. Иркут қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген. 210-216-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.154 (ТҒЗИ).

Ш. 155. (ТҒЗИ)

П.4; Б.4; Ж.55;
25,5 x 15,5**Аталуы.** Сыңсу.**Жинаушысы.** Әлиев Інаят.**Аннотациясы.** Тұрмыс-салт жырларының түрі. Қыз ұзатыларда айтылатын өлең.**Басқы сөзі.** Әу-жар болсын сұрасаң былай болар, жар-жар.

Қой кешкенде тынық су, лай болар жар-жар...

Соңғы сөзі. ...Айналайын атыңның тұяғынан жар-жар-ау.

Қош аман бол, көргенше бауырларым, жар-жар-ау.

Қолтаңбасы. Әлиев Інаят.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Көрсетілмеген.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналастырылуы.** Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Папкасы.155** (ТҒЗИ).

Ш. 155 (ТҒЗИ)

П.2; Б.2; Ж.28;
20 x 7;**Аталуы.** Жұмбақтар.**Жинаушысы.** Әлиев Інаят.**Аннотациясы.** Фольклор жанрының бір түрі – ел арасынан жиналған жұмбақтар.**Басқы сөзі.** Бір дегенім-білек

Екі дегенім-елек...

Соңғы сөзі. ...Салбыратып салдым,

Былжыратып алдым.

Қолтаңбасы. Әлиев Інаят**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен, көк сиямен жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Көрсетілмеген.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген. 2-3-беттер.**Мәтіннің орналастырылуы.** Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Өңдеуден өтпеген.**Папкасы.155** (ТҒЗИ).

294

Ш. 155 (ТҒЗИ)

П.1; Б.1;

Аталуы. Жұмбақ әңгімелер.

Жинаушысы. Әлиев Інаят.

Аннотациясы. Қойшы жігіттің түсі туралы аңыз-әңгіме.

Басқы сөзі. Ертеде бір қойшы қой бағып жүріп ұйықтап қалады...

Соңғы сөзі. ...Қойшы қой бағып жүріп ұйықтағаны үшін.

Қолтаңбасы. Әлиев Інаят.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген 3-4-беттер.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өтпеген.

Папкасы.155 (ТҒЗИ).

295

Ш. 156 (ТҒЗИ)

П.6; Б.6; Ж.185;

26,5 x 16;

Аталуы. Әл-Әзірет саллахауі Әлейі Уәссаллам.

Жинаушысы. Саттаров Сейтомар.

Жырлаушы. Майлықожа Сұлтанқожаұлы.

Аннотациясы. Діни өлең. Әл-Әзірет саллахауі Әлейі Уәссалламның дүниеден өтуі туралы жазылған өлең.

Басқы сөзі. Өтер дүние баянсыз түбі әсре

Намаз бәмдат өткен соң бір күн Әзірет...

Соңғы сөзі. ...Әзіреттің сөйлесер уақты жоқ деп,

Айша ана келмесін деп зарлай берді.

Қолтаңбасы. Машинкада терілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жазу қағазы қазіргі кирилл жазуымен.

Жазылған жылы, жері. 1976 ж. сентябрь, октябрь.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген 1-7-беттер.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы.156 (ТҒЗИ).

296

Ш. 156 (ТҒЗИ)

П.11; Б.11; Ж.297;

22,5 x 7;

Аталуы. Жоқтау.

Жинаушысы. Сейтомар Саттаров.

Авторы. Майлықожа Сұлтанқожаұлы.

Аннотациясы. Майлықожаның Шанышқылы руының белді адамы Нарбекке жазған жоқтауы.

Басқы сөзі. Әуелі сөзім біссімілла

